А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі – олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін *аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бернелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, мезгеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру* сияқты әдебиеттану терминдері мен *демеу, жалғау, үстеу, шылау* тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады.

Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, *ауыстыру, теңеу* т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, *лептеу, ойламалдау* т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне - *у* жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында



бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін *суықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама* деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» (Нұрғалиев Р. *Алып бәйтерек*//А. Байтұрсынов. *Ақ жол. – Алматы, 1991. 13-б.*), - дейді.

Жалпы алғанда, ғалым термин шығармашылығында морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді көбірек пайдаланған. Мұны кездейсоқ нәрсе деуге болмайды. Ғалым ұғымдар жүйесінің ерекшелігін терең түсіне отырып, әр ұғымның көлемі мен мазмұнын дәл қамтитын атау жасауды көздеген. Яғни, әр ұғымның өз таңбалаушысы болуына мән бергендігі байқалады. Сондықтан да ол аталған тәсілдерді пайдалану арқылы көптеген жаңа терминдер жасаған. А.Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Бұл пікіріміздің негізсіз емес екендігіне А.Байтұрсынұлынан кейін әртүрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері дәлел бола алады. Оны мына кесте арқылы көрсетуге болады.

<b>А.Байтұрсынұлы.</b> <b>«Тіл құрал».</b> <b>Орынбор,</b> <b>1914, 1915...</b>	<b>С.Қожанұлы.</b> <b>«Есеп тану</b> <b>құралы».</b> <b>Ташкент, 1924.</b>	<b>Ж.Күдерин.</b> <b>«Өсімдіктану».</b> <b>Москва, 1927.</b>	<b>Е.Омарұлы.</b> <b>«Пішіндеме»</b> <b>(геометрия).</b> <b>Кызылорда,</b> <b>1928.</b>
Сызықша, есімше, көсемше	Жақша	Сабақша, тұқымша, қайықша, тостағанша т.б.	Текше, тікше, қиықша
Сұраулық, етістік, жалғаулық, есімдік	Құралғыштық, барабарлық, бөлінгіштік	Тұқымдық, аналық, аталық құрылымдастық, ұқсастық	Өлшемдік, құрлымдастық, ұқсастық

Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш т. б.	Өлшеуіш	Қаптауыш	Өлшеуіш
Оралым	Айырым, алым, бөлім	Бітім	

Бұл кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық. Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады. Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем* терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы *тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін* терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми принциптерін жасаушы.

1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің I съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың принциптері бекітілгені мәлім. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің I-ші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы принциптерді таныстыра отырып және өзге түркілердің де ғылыми терминологияны қалыптастыруда оларды басшылыққа алса дұрыс болатындығын айта келіп, өз ойын былай түйіндейді: *«Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям»* (Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы. 1992, 425-б.).

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ принциптер ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара ғылыми және

рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздеген түркітанушы екендігін көруге болады.

XX ғасыр басында басшылыққа алынған бұл принциптерді ескірді деуге ешқандай негіз жоқ. Кезінде солақай саясаттың салдарынан олардың орынсыз шеттетілгені белгілі. Уақыт талабына сәйкес кейбір толықтырулардың болу мүмкіндігіне қарамастан 20-жылдары жасалған сол принциптер ғылыми құндылығын жойған жоқ.

*«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді»* ([1] Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. 141-б.), - деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты - «орыс ғылыми терминологиясының атасы» (Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология//Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. –М., 1986. С.182.) - дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті ірі ағартушы, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

*Шапағат Жалмаханов,  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры,  
филология ғылымының докторы, профессор*

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҚАЗАҚ ЛИНГВИСТИКАСЫ ПӘН АТАУЛАРЫНЫҢ (ТЕРМИНДЕРІНІҢ) НЕГІЗІН САЛУШЫ**

Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағартушылық ісі қазақ әдеби тілінің көркем әдебиет, публицистикалық және ғылыми-педагогикалық стильдерінде жазылып, 3 бағытта жүргізілді: 1) «Айқап», «Шора» журналдары мен «Қазақ» газетінде жер, ұлт, тіл, мемлекеттік құрылыс және тәуелсіздік, яғни қазақтың тәуелсіз мемлекеті жөнінде жазған мақалалары; 2) шығармашылық ағарту жолы, олар: 1909 жылы Петербургте шыққан «Қырық мысал» деген аударма жинақ, 1911 жылы Орынборда шыққан «Маса» мысалдар жинағы, 1923 жылы жазылып, жоғалып кеткен «Мәдениет тарихы» зерттеуі, 1926 жылы Мәскеуде басылған «23 жоқтау» жинағы, осы жылы Мәскеуде жарық көрген «жыршылардың айтуынан алып өңдеп өткерген» «Ер Сайын» жыры; 3) сауат ашуға арналған әліппелері, бейімдендіруге арналған оқулықтары және дағдыландыруға арналған әдістемелік баяншылары. Әліппе, оқулық және баяншылардың 1912 жылдан 1928 жылдың аралығында 48 рет қайталап, толықтырылып 6 қалада (Орынбор, Семей, Ташкент, Қазан, Уфа, Қызылорда) басылуы – Ахмет Байтұрсынұлын қазақ халқын сауаттандыру мен білімдендіруде – ағартуда қандай қызмет еткендігінің сандық ғана емес, сапалық, мазмұндық көрсеткіші.

Ол еңбектері «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Баяншы», «Әліппе» «Сауат ашқыш», «Әліп-би» және «Тіл жұмсар» деп аталады. Олар Орынбор, Семей, Ташкент, Қазан, Уфа, Қызылорда қалаларында жарық көрген. «Оқу құралы» атты оқулықтары балаларды дыбыс әдісі (усул сотие) негізінде сауаттандыруға арналып, 1926 жылдан бастап Т.Шонановпен бірге 3-4 жылдық мектептерде оқытылатын кітап болып шыға бастаған. 1912-1927 жылдар аралығында қайталанып, толықтырылып 10 рет басылған. «Сауат ашқыш» ересектерді сауаттандыруға арналған, 2-ақ рет (1924, 1926) басылған. «Әліппе астары» – «Оқу құралдарын» үйретуге арналған баяншы, қазіргі тілмен айтқанда әдістемелік

нұсқау. 1920 жылы Қазанда бір-ақ рет басылған «Баяншыда» реформаланған араб әліппесін мұғалімдер оқушыларға қалай үйретуі керек екені баяндалады. 1928, 1929 жылдары ғана жарық көрген «Тіл жұмсарлар» – сөйлеу, оқу және жазу тілін тәжірибе жүзінде іске асыруға үйрететін, қазіргі тілмен айтқанда, практикалық сабақтарға арналған жаттығулар жинағы. «Әліп-би» – «Оқу құралы», «Сауат ашқыштардың» жалғасы іспетті. Бірақ «Әліп-бидің» өзіндік өзгешелігі бар. Ол – дыбыс негізді әдіс (усул сотие) «төте оқу» және әріп негізді әдіс (усул медие) «тұтас оқу» деген принциптерін жақындатып, араластырып оқыту мақсатындағы еңбек, қосымша «Жаңа құрал» деп аталуының себебі де осы.

«Тіл – құрал» оқулықтарының жарық көруі 1914 жылдан басталады. Бұл оқулықтардың бірінші жылдық, екінші жылдық, үшінші жылдық болып бөлінуі, қазіргіше фонетикаға, морфологияға, синтаксиске арналғандығын айғақтайды. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне арналған оқулығы (1914 ж.) – Ахаңның араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ретке келтіріп қалыптастыруының нәтижесі. Олар 10 рет қайта басылған. А.Байтұрсынұлының фонетика жайындағы 1928 жылы «**Жаңа мектеп**» журналында жарияланған «Дыбыстарды жіктеу туралы» атты шағын мақаласында қазақ тіліндегі дыбыстарды айтылуына, жасалуына («мүшелердің қатысуы») қарай жіктеуі бұған дейінгі еңбектерінен өзгеше жаңалық болды. Дегенмен А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктеу критерийлерінде зерттеп зерделеуді қажет ететін тұстар жеткілікті... Морфологияға арналған «Тіл – құрал» кітаптары 1915 жылдан 1927 жылға дейін 9 рет басылыпты. Синтаксиске арналған «Тіл – құрал» кітаптары 1923 жылдан 1928 жылға дейін 6 рет жарық көріпті. Тұжырымдай келгенде, оқулықтардың 16 жыл ішінде (1912-1928) қайта басылғандарының жартысы (25 рет) қазақ лингвистикасының жоғарыда аталған салаларында А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» оқулықтарының қалыпты грамматикасының мән-маңызын айқындайды. Кейіннен жазылған ғылыми грамматикалардың негізі болғандығын дәлелдей түседі.

Алашорданың 1917 жылғы желтоқсанда болған жалпы қазақтық съезінде М.Дулатовтың қазақта медресе мен мектептің, молда мен мұғалімнің тапшылығын, оқулықтың жоқтығын көтерген баяндамасы бойынша бастауыш және орта қазақ мектептері үшін оқулықтар жазу жөнінде комиссия құрылды. Ал 1905 жылғы революцияға дейін патша-

лық Ресей отар елдер тілінде баспасөздің болуын шектеген, тыйым салған. А.Байтұрсынұлы 1929 жылы өз қолымен жазған «Өмірбаянында»: «Қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен (Орынборда – Ш.Ж.) айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты» дейді. Бұл мақсаты кейіннен қазақ лингвистикасы мен әдебиеттануына арналған еңбектерінде заңды жалғасын тапты.

Сауат ашу, бастауыш, орта, арнаулы орта және жоғары мектептерге арнайы оқулық жазу мен басып шығарудың белгілі бір мақсатты бағдарламамен іске асырылуы негізінен Ахмет Байтұрсынұлының 1920-21 жылдары оқу-ағарту комиссары, 1921-1922 жылдары Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы болуынан басталып, 1923 жылы Ташкенттегі «Талап» қауымының мақсаттарында жалғасын тауып, 1925-1927 жылдар аралығында Смағұл Сәдуақасұлының Халық ағарту комиссары қызметін атқаруымен тығыз байланысты. Ал Алашорданың халық ағарту бағдарламасындағы: 1) жалпы халыққа бірдей міндетті түрде бастауыш білім беру; 2) балалар алғашқы екі жылды ана тілінде оқуы керек; оқулықтар және қазақ тіліндегі басқа да шығармалар «Қазақ» газетінде қабылданған жазу ережесін ұстануы керек деген пунктерді оқығанда, қазақ тілінде оқулықтар құрастыру жөніндегі идея мен оны іске асырудың түп тамырының қайда жатқандығын пайымдау қиын емес. Оған дәлел төмендегі «әрқайсысы Академияның бір-бір институтына тұрарлық көксерек топ» (Асқар Сүлейменов) – Алаш арыстарының 20-дан астам ғылым саласына арналған 1912-1929 жылдар аралығындағы алуан сипатты, түрлі көлемдегі еңбектері.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл – құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925) 310 лингвистикалық термин қолданған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек:

- фонетикаға қатысты 108 термин (35,4%);
- лексикологияға қатысты 11 термин (3,6%);
- морфологияға қатысты 109 термин (34,9%);
- синтаксиске қатысты 64 термин (21,3%);
- жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин (4,8%) [1].

Пәндік атаулардың (терминдердің) семантикалық, морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы жасалғандығын, бірді-екілі араб сөздерін (қазақ тілінің сарфы, нахуы, харіф) қолданғаны болмаса, негізінен тілімізде бұрыннан бар сөздердің мән-мағынасын жаңартып (жұрнақ, ноқат, шырай, одағай), тілімізде бұрыннан бар сөзге жұрнақ жалғау арқылы (көсем+ше, ата+у, сызық+ша, тыңдау+шы), төл сөздерімізді тіркестіріп (қос ноқат, қымқырулы толық дауысты, мендік жақ, дыбыстың таңбасы) қолданғандығын көреміз. Оларда қазіргі кезде терминге қойылатын қысқалық, дәлдік, жүйелік, бір мағыналылық деген талаптарға толық жауап бермегенмен (оларды талап етудің тарихи да, ғылыми да тұрғыдан жөні жоқ), ол пәндік атаулардың шет ел тілдерінен ада болуы, калькалаудың жоқтығы – тіл тазалығын сақтаудың, тілді көшірмешілдіктен сақтандырудың айғағы. Латын тілінен калькалаудың салдарынан орыс тілінде родительный, винительный падеждердің дұрыс қойылмағандығы белгілі [2, 22].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілін ғылыми тұрғыда жүйелеп жазғанға дейін басқа жүйедегі тілдерде жаза және сөйлей білумен қатар, олардың ілімімен де қаруланғанға ұқсайды. Мысалы, әлемдегі тілдерді түбіршік тіл, жалғамалы тіл, қопармалы тіл болып үшке бөлінетінін сөз етуінен оның тілдерді классификациялаудың типологиялық (морфологиялық) принципі тұрғысынан келіп отырғандығын бағамдаймыз. Сөздерді сөз таптарына топтаудағы (басқа да жіктеулеріндегі) бір ерекшелік – грамматикалық формаға лексикалық-грамматикалық мағынасына қатысты атау беруі.

Тіл атаулының мазмұндық және формалық жағы болатыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде, тіл жүйесіне формалық (материалдық) жағын ескере отырып, келген секілді. Өйткені ол тіл жүйесін дыбыстар жүйесі, сөздер жүйесі, сөйлемдер жүйесі деп бөледі, яғни лексикологияны лингвистиканың саласы ретінде қарастырмады деген сөз. Оның себебі: 1) тілдің қалыпты грамматикасын жасау үшін тілдік нақты формаларды негізге алу керек болды, 2) XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында әлемдік лингвистикада тілдік қабаттарды формалық фактілер (фонема, морфема, синтагма) негізінде структуралық әдістің, кейіннен мектептердің (Прага, Копенгаген, АҚШ, Лондон, Ленинград, Мәскеу), қалыптасып дамыған лингвистиканың әсері болды. Ал «Әдебиет танытқышта» сөзді көркем әдебиеттің көркемдегіш құралы сипатында қарастыруы – әдеби шығарманың стильдік жағынан сөз еткендігі.

Әдебиеттанудағы стиль мен тілтанудағы стилистика мәселелері төркіндес болғанмен, еншілес емес.

Әділдік үшін ескерте кетер жайттар: 1) зат есім (нәрселердің аттары), сын есім (зат-мақұлықтың қасиетінің аттары), сан есім (есеп аттары), үстеу мен демеу (ақыры өзгермейтін сөздер), көптелу, сөз табы (сөздің бөлімі), осы уақыт, өткен уақыт, болашақ уақыт, бұйрық рай (бұйрық мағынадағы сөз) деген пәндік атауларды Ы.Алтынсарин өзінің «Начальное руководство к обучению казахов русскому языку» (1879) атты еңбегінде енгізгендігін естен шығармаған жөн; 2) араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстың жүйесіне ықшамдап түгел өзгерткен Ахмет Байтұрсынұлы деген жаңсақ пікір бар. «Тіл тағлымы» атты жинағында қазақ тіліндегі 17 дауыссыздың 13-і ғана араб тілі дауыссызымен сәйкес келетіндігін, 4 дауыссыз (п, ш, г, н) сәйкес келмегендіктен, өзіне дейін өзгертілгендігін ескертеді. Қазақ тіліндегі 5 дауысты (а, о, у, ы(й), е) араб тілі дауыстыларымен сәйкеспейді. Сондықтан «араб әріптерінің негіз тұлғасын бұзбай, шет пұшпағын ғана өзгертіп дауысты дыбыстарға да харіф арнау тиіс болғанын» ескертеді [3, 170-171]; 3) баспа бетінде проф. Т.Кәкішевтің Ғ.Мүсірепов айтты деген, А.Байтұрсынұлының «Тіл теориясы» атты қолжазба күйіндегі кітабы болған деген дерегі беріліп жүр. Қолжазба күйінде қалғандықтан: а) бұл кітап А.Байтұрсынұлының өмірбаяндық деректерінде кездеспейді, ә) Қ.Жұбановтың 1933 жылғы "Политехникалы мектеп» журналында жарияланған «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты еңбегінде: «Беріде қазақтың өз ішінен шығып, қазақ тілін зерттегендер қазақтың ұлтшыл оқығандары, алашордашылдары болды» дей келіп, «бұл уақытқа шейінгі қазақ тілін зерттеудің бәрі де... терең қарамаған... көрініп тұрған мүйістерін ғана қалпыған нәрселер. Грамматикалардың бәрі де мектеп грамматикалары ғана. Олай болса, қазақ тілін зерттеу жұмысы ...ғылым жолына салынбаған, ғылым сатысына көтерілмеген» [4; 118-119] деуі А.Байтұрсынұлын «ұлтшыл оқығандар», «алашордашылдар» қатарына қосқанмен, ұсталып кеткенмен, әлі де көзі тірі кезінде айтылған сөзде де қазақ тілінің ғылыми грамматикасының қолға алынбағанын әділ ескертіп отыр.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілтану терминдерін қалыптастыру мен дамытуды оқулықтарында ғана емес, көсемсөздерінде де одан әрі белсенді түрде үнемі іске асырып отырды. Ғылыми пәндер туралы пікірлері ғасырлар тоғысындағы қазақ тілінің тағдыры



жайындағы толғаныстарды «Айқап» журналы, «Қазақ» газетіндегі мақалалардың, Алаш партиясы, Алашорда документтерінің Алаш көсемі А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардың еңбектерінің тарихи шешуші мұраттар атқарғаны аян болып отыр. Ал арнайы жинақ болып басылған еңбектегі [5] Клапрот, А.Құрманбаев, Д.Сұлтанғазиндердің мақалаларынан үстіміздегі ғасырдың нәтижелері байқалады. Ендеше, А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары тіл тазалығын сақтау, әдеби тілді қалыптастыру және ұлттық тілдің көркемдік деңгейін, қоғамдық өмірдегі рөлін көтеру жолында жанашыр ғана емес, жасаушысы да болды деуге толық негіз бар.

А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырғанға дейін «Айқап», «Шора» журналдарында жарияланған еңбектерінде Ы.Гаспринскийдің 1884 жылы ұсынған «Усул жадидін» қолданғанымен, оның көзсіз еліктеушісі болмай, араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуы қазақ тілінің төл дыбыстық жүйесіне сүйенетіндігін, тіліміздегі арабизм, парсизм, татаризмдерге қарсы шықты [3, 387-395, 432-434; 6, 223-326]. С.Мұқанов күрделі кезең, 1932 жылдың өзінде «Қазақ» газеті «Айқап» шала пісірген нәрселерді дұрыс пісірді, көмескі пікірлерді айқындап, сонымен қатар «Қазақпен» қазақтың тілі туды, таза қазақ тілінде шыққан баспасөз «Қазақ» газеті ғана болды... көпшіліктің пікір көші «Айқаптан» «Қазаққа» ауды» [7, 52] деуінен газеттің қазақ тілі мәселелерін сөз етіп қана қоймай, өзі үлгі бола білгендігін бағамдаймыз. А.Байтұрсынұлы 1912-1926 жылдар аралығында қазақ тілінің келелі мақсат-міндеттер жайында «Жазу тәртібі», «Шаһзаман мырзаға» (1912), «Жазу мәселесі», «Қазақша сөз жазушыларға», «Қазақша оқу жайынан», «Оқыту жайынан» (1913), «Бастауыш мектеп» (1914), «Шекіспей, бекіспейді» (1916) атты тарихи мақалалары жарияланды.

Араб әліппесін қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне қарап түзу мәселесін 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» атты мақаласында [3, 380-385] алғаш көтеріп, тұңғыш қадам жасады. Қазақ тілінің 43 дыбысын 28 таңбадан тұратын араб әліппесі негізіндегі қазақ жазуын ұсынды. Ахаң жасаған әліппенің Енисей, Орхон, Талас (бұдан былай – ЕОТ) жазулары мен М.Қашқаридың еңбектерімен бірнеше үндес сабақтастықта, салаластықта бағамдауға болады. Мәселен: 1) ЕОТ жазуларында дара дыбыстар саны – 12 [8, 5;16] (А мен Е, Ы мен І, Ө мен Ү әріптері 4-ақ таңбамен белгіленген), ал М.Қашқари ұйғырлар туралы айта келіп, «олар 24 дыбыстан тұратын түркі жазуын пайдаланады»

[9, 13] дейді. Әріптердің ЕОТ жазуында 22, М.Қашқари заманында 24, А.Байтұрсыновта 28 болуы – Y-YIII, XI және XIX ғасыр соңы – XX ғасыр басында түбі бір түркі тілдерінің дыбыстық құрамының өзгергенімен, көп алшақтай қоймағандығы, түркі тілдік артикуляциялық базаның берік болғандығының айғағы; 2) ЕОТ жазуы негізінен силлабикалық (буындық) және фонетикалық (дыбыстық) жазу түрлеріне негізделгендіктен, сөздердің дыбыстық құрамының жуан не жіңішке екендігі қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан не жіңішкелігіне қарай ажыратылады, себебі сөз мағыналарын ажыратуда дауыссыз дыбыстар шешуші роль атқарған [8, 20]. Байтұрсынұлының әліппелік реформасында керісінше: *«Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы»* [3, 381], себебі Ахаң тек қана фонетикалық жазуды басшылыққа алған. ЕОТ жазуы, М.Қашқари пайымдауы мен А.Байтұрсыновтың қазақ әліппесін негіздеуіндегі ең басты ортақтық – сингорманизм, ассимиляция заңдылықтары түркі тілдерінің айнымас ережесі болғандығын дәлелдеулері: 3) М.Қашқари араб әліппесі түркі тілдерінің дыбыстық құрамын толық қамтамасыз ете алмайтындығын XI ғасырда-ақ атап көрсетсе [9, 15], А.Байтұрсынұлы осы мәселенің шешімін қазақ тілінің негізінде канондық қасиетте деп саналып келген араб әліппесіне 938 жылдан соң өзгеріс енгізуі – ерлікке пара-пар іс.

«Шаһзаман мырзаға», «Жазу мәселесі» атты «Айқап» журналында жарияланған мақалалары – Ш. Жияшев пен Ғ. Мусилердің қазақ әліппесіне қатысты қарсы да қияпастау пиғылдағы жарияланымдарына жазған жауаптары. Ш. Жияшев өз мақаласында Ахаңның араб әліппесіне қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келмейтін дыбыстарына графикалық өзгеріс енгізу арқылы жаңа әліппе түзуін «бірге қозғалмаудың», бұра тартудың белгісі деп түсінеді. «Белгілі бір тілге әліппе құрастыру жеке адамдардың еркі емес, «тіл болса, оның заңы боларға керек. Менің ... жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер» [3, 391-392] деп, тілдік фактілерден пайымдалған теориялық тұжырымдар екенін баяндайды. «Сізден білімі кем емес» Ә. Бөкейхан й және у дыбыстарына «Англия тілінде» де өз алдына әріптер алынбайтынын, себебі олар дауысты дыбыстардан кейін келгенде жарты дауысты болатынын [3, 393] сіз секілді күлкіге көтермей кеңес

етіп айтты деп салиқалы пікір алысу мен әдептен озбауға шақырады. Екінші мақалада [3, 385-387] Ғ. Мусиге **у, о, ы, е** дыбыстарын жазуда графикалық таңбаларды белгілеуде қазақ тілінің табиғатын ескергенін түсіндірді. 1926 жылы «Жаңа мектеп» журналында жарияланған мақаласында Ахаңның өзі де профессор Яковлевтің жақсы әліппе 2 талапқа: 1) тіл дыбысына әріптер түгел жетуі керек, 2) әріп белгісі аз болуы керек. Бұл қасиеттер қазақ әліппесінде бар екендігін айтқанын баяндайды [3, 413]. А.Байтұрсынұлы жасаған әліппе ғылыми және практикалық жағынан негізделген іс екендігін өз заманында, кейінгі кезеңдерде небір білімпаздар ерекше бағалап жүр. Оған дәлел: А.В.Луначарскийдің жауапты редакторлығымен 1929-1931 жылдары шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» I және II томдарында «Казахский алфавит» деген кесте беріліп, «Байтұрсыновский алфавит» деп көрсетеді. Орыс лингвисті Н.Ф.Яковлев 1928 жылы «Математическая формула построения алфавита (Опыт практического применения лингвистической теории)» атты мақаласында Ахаң еңбегін «лингвистикалық тапқыр жаңалық» («лингвистическое изобретение») деп, Е.Д.Поливанов: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская графика в 1924 году я во всяком случае считаю уже не нуждающейся, в поправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которым с полным могут гордиться киргизские деятели просвещение – создатели реформы, как крупным культурным завоеванием» [10, 36] деп бағалаған. Байтұрсынұлы әліппесін А.А.Реформатский, А.М.Барулин [11, 7], А.Н.Кононовтар [12, 115] және Германия, АҚШ ғалымдары жоғары бағалап, оның өміршеңдігі сондай Қытай, Түркия, Монғолия, Иран қазақтары әлі күнге дейін қолданады. А.А.Реформатский Байтұрсынұлының сингармоорфография принципінің орыс және АҚШ лингвисті, әдебиеттанушысы Р.О.Якобсонның дыбысты графика арқылы беру әдісінен бұрын жасалғандығын ескертеді. Өзбекстандағы қазақ профессор Махамбет Жүсіпов Ахаң жайындағы тұңғыш монография жазып, А.Байтұрсынов әлемдік лингвистика тарихында алғашқы соны жаңалық – сингармоалфавит пен сингармоорфографияның негізін қалап, сингармониялық тілдердің әліппелерін әуелде латын, содан кейін кириллица негізінде құрауға түпқазық болды [11, 5] деген батыл да байсалды пікір айтады.

«Шора» журналындағы (1913 ж.) «Қазақша сөз жазушыларға»

атты мақаласының мазмұны түркі тілдеріндегі емле де түрік-татар тілдерінің жөнімен жүруі керек деген ойға жауап іспетті. Онда «емле – жазу үшін шығарған нәрсе. Олай болса, тілді ... емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [3, 395], «егерде Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек» [3, 399] дейді. «Қазақша оқу жайынан» деген мақаласында мұғалімдердің «көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды» [3, 434] деп дыбыс пен әріпті, оның ішінде араб және қазақ тілдерінің дыбыстық жүйесін айыра білмегендерді сынға алады. Екінші кемшілігі ретінде оқуды, сауаттандыруды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтындығын айтып, «Оқыту жайынан» деген мақаласында **у с у л – ж а д и т** (төте оқу) жүйесімен сауаттандырудың 2 түрлі әдіске: **у с у л м ә д и е** - әріпті таныту арқылы сауаттандыру, **у с у л с о т и е** – дыбысты таныту арқылы сауаттандыру болып бөлінетінін, оның ішінде графикалық әдіспен (**у сул мәдие**) емес, фонологиялық әдіспен (**у сул сотие**) үйретудің тиімді екенін ескертеді [13, 77]. Ал Ахаңның 1912 жылдан бастап бірнеше рет қайта басылған оқу құралдары **у сул сотие** әдісімен жазылғаны белгілі. «Бастауыш мектеп» атты мақаласында (1919) [3, 435-438] патша үкіметінің бодан елдер мен отар халықтардың ана тілдеріне деген қитұрқы саясатын сынап, бастауыш мектептің оқу тілінің қандай болуы керек екенін мәселе етіп қояды. Мәселен, Ресейдегі орыстан басқа елдерде бастапқы білім, алғашқы екі жыл ана тілінде болуға тиіс деген ереже мен жарлықтың екі рет (1906 жыл 31 наурыз; 1913 жыл 14 маусым) шыққанына қарамастан, оқу министрінің «бірден орыс тілімен оқытуды ұнатуы», «хүкіметке керегі – мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда» болғанын да ұнату саясатын жүргізіп отырғандығына, ал «әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу» деген мұратты қарсы қояды. «Араб әрпі дінімен бірге келіп қазаққа арналған. Дінмен байланысқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазаққа газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газет, журналы шығып, кітаптары басылып... жатқанда, қазақ тілі жоғалмас» дейді. Сонда алдымен араб әліппесінен, содан соң дінінен айыру Кеңес өкіметінің отаршыл патшалық Ресейден алған авантюристік шовинизм мұрасы болғандай. Дінмен байланысқан жазу жоғалғандықтан, дін жоғалды, екеуі жоғалғандықтан, тіл жоғалуға бет

алды... 11 жылдың ішінде (1929-1940 жылдар аралығында) бір халықты 3 рет сауатсыздандыру, яғни 3,5 жылда 1 рет әліппе ауыстыру, халық зердесін жадыбастандырудың «жетілген» түрі болды. Осы тұста «Ұлы Октябрь революциясына дейін қазақтың 2%-і ғана сауатты болды» деген жала фактіні Ахаңның 1914 жылы жазған мақаласындағы «қазақша хат білушілердің проценті мұжықтардан жоғары» [3, 435] деген пікірімен салыстырсақ, арабша хат танығандар сауатсыздарға жатқызылған ба деген ой туындайды. А.Байтұрсынұлы мақаласын түйіндей келіп: «бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуы үшін бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға тиіс. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек» дейді. Қазақ тілінде үйретілетін пәндер оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы деген нақты ұсыныстар жасайды. Осы кезеңдегі (1914-1916 жж.) тілге қатысты түйткілдердің бірі – татар зиялыларының 1914 жылы Петербургтегі мұсылмандар съезінде «рухани мекеме қағазы» (баспасөз ісі – Ш.Ж.) татар тілінде болсын деп ұсыныс жасап, ақыры «татар-түрік тілімен» жазылатын болып қабылдануы. Бұл жөнінде Ә. Бөкейханов 1914 жылы «Қазақ» газетінің бірнеше санында жазып [13, 156-157], жақтасы Жаһанша Досмұхамедов, қарсыласы Бақытжан Қаратаев болғандығына налып жазды. Келесі бір «мүйіздеудің» сорақысы тағы да осы татарлардан 1916 жылы шықты. Қазақ тіліндегі «рухани мекеме қағаздарының» татар баспаханаларына кіріптарлығын пайдаланып, басына түскісі келіп, олар мұсылмандар съезінің шешімін қазақ тіліндегі баспа өнімдерінен талап етті. Алаштың ардақтыларының бірі, орыстарға қазақ тілін үйретудің негізін салушы Телжан Шонановтың 1923 жылы жазғанындай: «Ол кезде мәдени жағынан жоғары тұрмыз деп есептеген татар интелегенциясы өзге түркі халықтарын татарландыру, ішінде қазақ та бар, басқа да ұсақ түркі тайпаларын да ешқандай себеп-салдарсыз татар тектес жұртшылықта татар тілін қабылдасын дегеннен басталған еді. Кезек қазақ тіліне де таянған еді» [4, 126]. Мұндай пиғылдардың «сыбағасын» А.Байтұрсынұлы өзінің «Шекіспей, бекіспейді» атты мақаласында [13, 157-158] берді. Байтұрсынұлы 1926 жылы Түркологтардың I съезінде 1905 жылғы революцияға дейін қазақ тілінде баспасөздің болуына рұқсат етілмегендігін өкінішпен еске алады [3, 422]. Қазақ баспасөзінің кенжелеп қалып-

тасуы, Ахаңның алғашқы оқу құралының 1912 жылдан бастап қана жарық көруі – осы зұлмат фактінің кесапаты.

Тарихқа ой көзімен қарасақ, ұлттық мемлекеттің нығаюы, ұлттық мәдениеттің өркендеуі және ұлттық тілдің қалыптасуы (тілді сақтау, тілдің тазалығы, әдеби тіл қалыптастыру), оның ғылыми грамматикасының жазылуы, мәселен ХІҮ-ХҮІІ ғасырлардағы Қайта өрлеу дәуірінде, феодализмнің күйреп, діни мәдениеттің әлсіреуімен, рухани мәдениет философиямен, жаратылыстану ғылымдарымен тығыз байланысқа көшкен жағдайда іске асады... Тілдің жалпы мәселелері тілдің әлеуметтік-қызметтік (функционалдық) рөлін айқындаудан, яғни тіл мен оның иесі болып табылатын халықтың қарым-қатынасы мен қоғамдық өмірдегі қызметтерін айқындаудан басталады. Осы тұрғыдан алғанда, А.Байтұрсынов бас болып бағдарламалы түрде қолға алған қазақ тілінің мәселелерін оның ұлттық әдеби тіл болуын, әдеби тіл болудың басты шарттарының бірі жазбаша түрде дамуын, жазу мәдениеті даму үшін жетілген әліппенің болуы керек екенін; ұлттық әдеби тіл қалыптасып даму үшін қоғам өміріне белсене қызмет етуі қажет екенін, ұлттық мемлекетке қызмет ету үшін көркем әдебиет, ғылыми-педагогикалық еңбектер (мектептен бастап жоғары оқу орындарының оқулығына дейін және ғылыми-көпшілік кітаптардың жазылуы) мемлекеттік құрылымның іс қағаздарының тіліне айналуы керек екенін, демек тілдің қоғамдық-әлеуметтік және тарихи функциясын жете түсініп, жетілдіре түсуге бүкіл ғұмырын сарп еткендігіне жоғарыда баян еткен еңбектерінің мазмұнынан-ақ зерделеуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлын лингвистикалық және басқа мұраларының тарихи тағлымы мен орнын зерделеу үшін: 1) Ахмет Байтұрсынұлына дейінгі, яғни 1908 жылға дейінгі қазақ тілі туралы ілімнің жағдайын; 2) ол еңбек еткен кезеңдегі, 1908-1930 жылдардағы ахуалды; 3) ол мерт болғаннан кейінгі кезеңдегі қазақ лингвистикасының даму дәрежесін салғастыру қажет. Ахмет Байтұрсынұлының түркітанудың бірнеше саласының пионері екендігін зерттеу керек.

Қорыта келгенде, ағартушы-демократтар Ахмет Байтұрсынұлына дейін де болған. Олар: Абай, Ыбырай, Шоқан. Бірақ әрқайсысының өзіндік тарихи орны бөлек. Олардың бір-бірінен ерекшеліктері: 1) Абай ағартушылықты көркем әдебиет, яғни өлең-поэмалары, қара сөздері және қоғамдық қызметтері арқылы; 2) Ыбырай ағартушылықты көркем әдебиет, яғни өлеңдері, әңгімелері, оқулықтары және педагогтық қызметі

арқылы; 3) Шоқан ағартушылықты ғылым, тарих ғылымы негізінде; 4) Ахмет ағартушылықты көркем әдебиет, ғылыми, қоғамдық және педагогтық қызметтері, оқулықтары негізінде жүзеге асырды.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жалмаханов Ш.Ш. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: Болашақ-баспа, 1997. – 68 б.
2. Лоя Я.В. История лингвистических учений. – Москва: Высшая школа, 1968. – 238 с.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 455 б.
4. Жубанов Х. Исследование по казахскому языку. – Алматы: Наука, 1966. – С.118-119.
5. Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1993. – 232 б.
6. Дулатов М., Омаров Е. А.Байтұрсынов (библиографический очерк) // Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – Б. 295-302.
7. Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1932. – 180 б.
8. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 182 б.
9. Кононов А.Н. М.Кашгарский и его «Дивани луғат ит-турк» // Советская тюркология, 1972.– №1. – С. 3-17.
10. Поливанов Е.Д. Новая казак-киргизская (Байтұрсыновская) орфография. Бюллетень Средеазиатский гос. университет. Вып. VIII. –Ташкент, 1924.
11. Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингармонизма. – Ташкент: 1995. – 280 с.
12. Биобиблиографический словарь отечественных тюркологов (До октябрьский период). Подготовил Кононов А.Н. – Москва: Наука, 1974. –300 с.
13. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.

**Сәрсенбай Құлманов,**  
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Терминологиялық орталығының жетекшісі,  
филология ғылымының кандидаты, доцент

## **ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН СТАНДАРТ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ КӨРІНІСІ**

Қазіргі кездегі жаһандану процестерінің, ғылым мен техниканың дамуы әсерінен тілімізге шет тілдерінен терминдер күн санап еніп жатқаны белгілі. Осы орайда терминдерді біріздендіру мәселесі аса өзекті болып отыр. Терминологияны біріздендіру барысында атқарылатын терминологиялық жұмыстарға ғалымдар мыналарды жатқызады: *сала ұғымдарын түгендеу, іріктеу, іштей жіктеу немесе топтастыру (классификация), анықтама беру, жүйелеу, нормалау, қалыптау, стандарттау, үйлестіру* [1, 29].

Аталған жұмыстардың алғашқыларын (*сала ұғымдарын түгендеу, іріктеу, іштей жіктеу немесе топтастыру (классификация), анықтама беру, жүйелеу, нормалау, қалыптау*) орындау сала мамандары мен терминологтарға жүктелсе, терминдерді *стандарттау* мен *үйлестіруді* қандай да бір құзыретті орган жүзеге асыруға тиіс. Осы ретте лингвистикалық сараптамадан өткен терминдерді бекітумен («мақұлдау» деп айтылып жүр) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы (бұдан әрі – Терминком) айналысады. Дегенмен Терминком бекіткен (мақұлдаған) терминдердің өзі ұсынымдық сипатта екендігі белгілі.

Біз бұл мақаламызда Қазақстан Республикасында терминологиялық жұмыстарды жүргізуде негізге алынатын бірден-бір құжат – «Терминологиядағы стандарттау. Негізгі принциптер мен әдістер» ҚР СТ 1.27-2013 (*ISO 704:2009 Terminology work. Principles and methods, MOD*) стандартын (бұдан әрі – Стандарт) қарастырамыз [2].

Стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті



төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы № 548-од бұйрығымен бекітіліп, қолданысқа енгізілген.

Стандарт ағылшын тіліндегі ISO 704:2009 Terminology work. Principles and methods стандартынан аударылып, түрлендірілген.

Ең алдымен мақаланы жазу барысында Стандарттың орыс тіліндегі мәтінін қазақ тіліне аударып отырып қарастыруға тура келгендігін айта кеткіміз келеді. Оның себебі – қазақ тіліндегі мәтіннің түсініксіздігі (бұл туралы төменде баяндалады).

Стандартта «термин» ұғымына анықтама беріліп, терминнің түрлеріне сипаттама жасалады: «Термин – жалпы ұғымды арнайы пәндік салада арнайы тілде білдіретін бір немесе одан да көп сөздерден тұратын белгі. Қарапайым термин бір түбірден тұрады (түбір сөз), екі немесе одан да көп негізден тұратын термин күрделі термин деп аталады. Ұғымға сілтеме жасау үшін шыққан жаңа (жақында пайда болған) термин неологизмнің бір түрі болып табылады және неотерм деп аталады. Неотермдердің көпшілігі жаңа ұғымдарды білдірсе де, кейбіреулері қалыптасқан ұғымдарды білдіреді» [2, 34].

Сонымен қатар *моносемия, омонимия, синонимия, қабылданбаған терминдер* ұғымдарына сипаттама беріледі. Осы орайда Стандартта «Стандартты терминологияның маңызды қызметі – дұрыс, рұқсат етілген және қабылданбаған терминдерді көрсету. Техникалық комитет ұсынған термин артықшылығы бар термин ретінде қарастырылуы керек, ал рұқсат етілген термин артықшылығы бар термин үшін қолайлы синоним болуы керек. Қабылданбаған терминдер – жарамсыз терминдер» [2, 35] деп көрсетіледі.

Стандартта терминдерді бір алфавиттік (немесе алфавиттік емес) жазу жүйесінен екіншісіне ауыстыру кезінде транслитерациялауға (латын графикасында таңбалауға) арналған халықаралық стандарттарды (ИСО 9, ИСО 233, ИСО 259, ИСО 843, ИСО 3602, ИСО 7098, ИСО/МЭК 10646 және уникод 5.0 нұсқасы), фонетикалық транскрипциялау үшін халықаралық фонетикалық ұйымның халықаралық фонетикалық әліпбиінің соңғы нұсқасын (International Phonetic Alphabet = IPA) пайдалану қажеттігі айтылады [2, 35]

Стандартта терминдерге қойылатын талаптар былайша көрсетілген:

- ашықтық қағидаты;
- принципі дәйектілігі;
- жеткіліктілік принципі;

- лингвистикалық экономика принципі;
- шығару және артикуляция принципі;
- лингвистикалық дұрыстық қағидасы;
- ана тілін таңдау принципі [2, 37-38]. Әрі қарай *ашықтық, жүйелілік, жеткіліктілік, лингвистикалық үнемдеу, лингвистикалық дұрыстық, ана тілінің артықшылығы* ұғымдарына сипаттама жасалады. Мысалы, «Термин мүмкіндігінше қысқа болуы керек», «Термин барынша бейтарап болуы керек», «Жаңа терминдер мен атаулар қарастырылып отырған тілдің морфологиялық, морфосинтактикалық және фонологиялық нормаларына сәйкес келуі керек» және т.б. [2, 38-40].

Стандартта терминдерді аудару мәселесіне мынадай талап қойылады: «Техникалық тұрғыдан атаулар бір тілден екінші тілге аударылмайды, олар бастапқы тілде қалады. Сонымен бірге жеке ұғымдардың әртүрлі тілдерде атаулары болуы мүмкін. Жеке ұғымның басқа тілдердегі атауларының болуы төмендегі себептерге байланысты:

- елдің тіл саясатынан;
- халықаралық ауқымда қаншалықты белгілі болуына байланысты;
- қарастырылып отырған субъектінің көптілділік дәрежесінен;
- халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық қатынастар үшін ұғымның қажеттілігі» [2, 40].

Стандартта терминдерді қолдануға (қабылдауға) байланысты мынадай талаптар қойылады:

- жаңа терминді жасау;
- қолданыстағы терминдерді пайдалану;
- шет тілдерінен алу [2, 52].

Стандарттың қосымшасында терминдердің қолданылуы тәртібі төмендегіше түсіндіріледі:

*«Стандартта белгіленген терминдер осы білім саласындағы ұғымдардың жүйесін көрсететін жүйелі тәртіпте орналасқан.*

*Әрбір ұғым үшін бір стандартты термин белгіленген.*

*Қолдануға рұқсат етілмеген термин-синонимдер стандартты терминнен кейін дөңгелек жақшаларда келтірілген және "Ндп" белгісімен белгіленген.*

*Келтірілген анықтамаларды, қажет болған жағдайда, оларға кез келген белгілерді енгізіп, оларда пайдаланатын терминдерді ашып, белгілі ұғымға жататын объектілерді көрсетіп өзгертуге болады.*

Өзгерістер осы стандартта анықталған ұғымдардың көлемін және мазмұнын бұзбауға тиіс.

Терминдерде ұғымдардың барлық қажетті және жеткілікті белгілері болған жағдайларда, анықтамалар келтірілмейді және орнына сызық қойылады.

Стандартта неміс (de), ағылшын (en) және француз (fr) тілдерінде стандартталған терминдердің баламалары келтірілген.

Стандартта мемлекеттік және орыс тілдерінде терминдердің әліпбилік көрсеткіші, сондай-ақ неміс, ағылшын және француз тілдерінде шет тілдік баламалардың әліпбилік көрсеткіштері келтірілген.

Стандарт мәтінін ұғым үшін жалпы техникалық ұғымдардың терминдері және анықтамалары Қосымшада келтірілген.

Стандартталған терминдер жартылай майлы қаріппен, олардың қысқа түрлері – ашық, ал рұқсат етілмейтін терминдер-синонимдер – көлбеу қаріппен терілген» [2, 61].

Стандарттың қазақ тіліндегі мәтінінің лингвистикалық нормаларға сәйкестігін зерделеу барысында төмендегі жайттарды анықтадық.

### **1. Терминдердің қолданысындағы кемшіліктер:**

а) терминдердің бекітілген баламаларының қолданылмауы: принцип (бекітілгені – қиғадат), тышқан (бекітілгені – тінтуір), агентство (бекітілгені – агенттік), эквивалент (дұрысы – эквивалент) (бекітілгені – балама), контекст (бекітілгені – мәнмәтін) және т.б.

ә) кейбір терминдердің аудармалары қайта қарауды қажет етеді: сіңілілік ұғым – сестринское понятие; родовая иерархия – рулық иерархия және т.б.

б) терминдерге қосымшалардың дұрыс жалғанбауы: морфосинтаксикалық (дұрысы – морфосинтаксистік); терминологизациялау (дұрысы – терминдену) және т.б.

**2. Орфографиялық және техникалық қателер:** теримн (дұрысы – термин), иерархияында (дұрысы – иерархиясында), мысалыны (дұрысы – мысалын немесе мысалды), ішінле (дұрысы – ішінде), атуалармен (дұрысы – атаулармен), франсуз (дұрысы – француз), байндалуы (дұрысы – баяндалуы), ұғымдарыне (дұрысы – ұғымдарына), толассыз (дұрысы – толассыз), иллюстрирленген (дұрысы – иллюстрацияланған), ұғымге (дұрысы – ұғымға), соңны (дұрысы – соңғы), процесстер (дұрысы – процесстер), ұхыз (?) және т.б.

### **3. Аудармадағы қателіктер:**

а) *лексикалық бірліктердің қате аударылуы:* Компьютерлік тышқан (пішін және өлшемнен пайда болатын атау) – ол, бетінде орналасқан, батырма бойынша *сілті* жолымен қызметті орындау үшін және монитор экранында деректерді көрсету үшін әдетте пайдаланатын компьютерлік жабдық элементі [2, 30] – Компьютерная мышь (имя происходит от формы и размеров) — это элемент компьютерного оборудования, обычно используемого для указания данных на экране монитора и для выполнения функций путем *щелчка* по клавише, расположенной на ее поверхности;

ә) *мәтінде орыс тіліндегі сөздердің аударылмай берілуі:* Ұғымды білдіру үшін құралған жаңа (жақын пайда болған) термин, неологизмнің өзге түрі болып табылады және *и называється* неотерм деп аталады [2, 34]; *Для* фонетикалық транскрипция үшін халықаралық фонетикалық ұйымы, халықаралық фонетикалық әліпбидің соңғы нұсқасын пайдалану керек (International Phonetic Alphabet = IPA) Халықаралық фонетикалық ұйымы [2, 35]. Бұл жерде айта кететін бір нәрсе Стандарт ағылшын тілінен аударылды деп көрсетілгенімен, аталған мысалдардан Стандарт мәтінінің орыс тілінен аударылғаны байқалады;

#### *б) стильдік жағынан түсініксіз сөйлемдер:*

- Кемшіліксіз жағдайда, арнайы тілде дәл байланысты бекіту талап етіледі, әсіресе ғылым және технология саласында терминдер ұғымдарын беру әділдігі осы заттық сала шеңберінде осы термин бір ұғымға (моносемия) жазылған және осы ұғым бір болжамды терминмен артықшылық ұсынылады. Осы шарт екі мәнділігін (белгісіздік) төмендетеді, омонимия және синонимия оған келтіреді [2, 34];

- Моносемия — ол қатынас бір белгі бір ұғымға жататын кезде белгілер мен ұғымдар арасындағы ара қатынас. Осы қатынаста белгілер моносемами деп аталады [2, 34];

- Нақты тілдегі белгілерде сәйкес, фонетикалық немесе орфографиялық пішіндер бар болуы керек, бірақ түрлі және өзімен байланысы жоқ ұғымдарды білдіреді. Омонимия екі немесе одан көп ұғымдарда сәйкес белгілер бар болса, пайда болады. Осындай жағдайда белгілер *омонимамдар* деп аталады [2, 34];

- Бірдей аталатын терминдер, бірақ әртүрлі жазылып, *омофонам-*

**дар** деп аталады, бірақ бірдей жазылып, әр түрлі айтылып, болса, омографтар деп аталады. Омонимдер жазылып, бірдей айтылады [2, 34];

- *Омонимика және синонимика* пайдалануы стандарттау процесінің бөлігі болып табылатын үйлестіру термині пайдалану қажеттілігімен әдетте байланысты. Түрлі заттық салаларда терминологияны стандарттау, бірнеше заттық салалар үшін және бірнеше тілдер үшін бөлек заттық салалар ішінде ұғымдарды (терминдерді) үйлестіруді білдіреді. Қосарланушылық деңгейін және терминологияны әзірлеу құндылығын төмендету үшін аздаған айрықшалар жағдайда үйлестіруді жету қажет [2, 34];

- *Терминология* стандарттың терминологиясы дәл, анық болуы керек [2, 35];

- *Техникалық комитетпен ұсынылған термин, артықшылық болып қаралады, рауалы термин артықшылық термин үшін қолайлы синонимді ұсыну керек. Қабылданбаған термин* — ол ақаулы терминдер [2, 35];

- *Терминдер* ақаулы немесе себептер бойынша қабылданбайды. Мысалы, *артықшылық терминнің синонимі болуы мүмкін, онда бір мағынасынан қабылданбайды* [2, 35];

- Стандарттық терминологияны тарату кезінде терминді бір әліпби (әліпби емес) **хан (?)** жүйеден басқаға аударуға қажет (жазба пішінде берілген) болуы мүмкін [2, 35];

- Жалпы жағдайда өзіңнің есімің жеке маңызын, жеке атың, тақырыптама, жердің атауы, ғимарат, ұйым атауы және т.б. білдіреді. Сонымен бірге терминологияны әзірлеу кезінде заттық салаға қатысты жеке атауы мен меншікті атауы арасындағы айырмашылығы жүргізіледі. Соңғысы атауы болып табылады. *Келешекте жеке ұғым белгісі болатын атауы, сондай-ақ меншікті есімің болып табылады, бірақ барлық жеке есімдер атау болып табылмайды.* Мери Робинсон немесе Барак Обама сияқты жеке атауы, жеке болып табылады, бірақ атауы немесе тақырыптама атау ретінде қаралатын заттық салада жеке мәнін білдіретін болғандықтан атаулар емес [2, 35];

- *Атауында* уақытша аспект бар, оларды басқа атуалармен ауыстыруға болады [2, 37];

- Стандарттық терминологияда термин тек бір ұғымға қатысуы қалаулы. Жаңа терминді әзірлеу алдында қаралатын ұғым үшін жоғына көз жету керек. Егер термин қолданысқа енген болса, онда оны қабылдау керек. Бекітілген және кең пайдаланған белгілер,

егер де олар **бейбақ (?)** ресімделген немесе нашар негізделген болса, күрделі себепсіз өзгерілмеу мүмкін. Егер бір ұғым үшін бірнеше белгілер бар болса, онда болжамды белгілер ретінде төменде берілген принциптердің санына қанағат болуды таңдау керек [2, 37];

- Төменде берілген принциптер, егер олар кез келген термин немесе атауға барлығы емес қолданымды болса, жаңа термин/атауыды әзірлеу кезінде немесе тиісті терминологияны жүйелеу процесінде пайдалы болуы мүмкін [2, 37];

- Ұсынылатын терминдер мен атаулар тіл қоғамының ішінде құралған таныс белгіленген маңызды шаблондарды сақтау керек. Жаңа терминдерді құру кезінде шатасу мүмкін емес [2, 38];

- Жанама болмашы мәндері бар, әсіресе жағымсыз терминдерден шеттеу керек [2, 38];

- Қысқалық талаптары дәлдік және айқындылық талаптарына қарсыласқа жиі кіреді. Терминге барынша сипаттамалар қосылса, дәлдігі мен айқындылығы жоғары болады. Сонымен қатар терминмен көрсетілген сипаттамалардың мөлшерін көбейту, пайдалану үшін оны тым ұзын әрі қолайсыз жасайды. Іскерлік басқаның алдында терминнің бір әдісін құру артықшылығы туралы шешімді қабылдау үшін негізгі шарты болуы керек. Сонымен, қысқартылған пішінге ұзын және дәл терминнің пайдалануы қолайсыз болған жағдайда артықшылығын беру керек (мысалы, кәсіпорында тілдесу кезінде). Және кері, бірнеше сөздерден құралатын жинақтаушы терминдерге ғылыми жарияланымда артықшылығын береді [2, 39];

- Көптеген *контексттерде* толық пішіні мен пішіннің қысқартылуы бар. Қысқартылған пішінде пайдалануы, толық пішінді пайдалану кезінде пайда болмайтын синонимдер мен антонимдердің пайда болуына келтіреді. Ол терминологияны әзірлеу мақсаттарының бірі — осы түрінің күрделі қиыншылықтарға көңіл аудару керек. Қысқартылған пішіндердің пайдаланушылары қабылдау қиыншылықтарында есеп беру керек. Термин мәтінде алғаш рет пайда болған жағдайда құжаттарда толық пішінін (оның қысқартылған пішінін көрсетіп) пайдалану керек. Бұдан ары барлық мәтіні бойынша қысқартылған пішінін пайдалануға болады [2, 39];

- Тиісті пішіндер терминологизациялау, семантикалық ауыспа және транстәртiптiк шеттен алу сияқты процесстер көмегімен жаңа терминдерді құру үшін қолданылады. Бар пішіндерді қолдану омонимді

алуға (7.2.3 қараңыз), сондай-ақ шатастыруға және екі мәнділікке ұштылыққа келтіретініне көңіл бөлуге тиіс [2, 54]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Алайда мақаланың көлеміне орай біз тек іріктелген сөйлемдерді алумен шектелдік.

Стандарттың орыс және қазақ тілдеріндегі мәтінін қарастыра келе, мынадай тұжырым жасаймыз:

- Стандарттың орыс тіліндегі мәтінін (өзіміз қазақ тіліне аудару арқылы) жалпы мазмұнын негізге алуға болғанымен, онда берілген лингвистикалық ұғымдардың анықтамасын, терминдерге және терминдерді аударуға қойылатын талаптарды қайта қарау қажет деп санаймыз;

- Стандарттың қазақ тіліндегі мәтінінің лингвистикалық нормаларға сәйкес келмейтіндігі анықталды: 1) *терминдердің қолданысындағы кемшіліктер: а) терминдердің бекітілген баламаларының қолданылмауы, ә) кейбір терминдердің аудармалары қайта қарауды қажет етеді, б) терминдерге қосымшалардың дұрыс жалғанбауы; 2) орфографиялық және техникалық қателер; 3) аудармадағы қателіктер: а) лексикалық бірліктердің қате аударылуы, ә) мәтінде орыс тіліндегі сөздердің аударылмай кетуі; б) стильдік жағынан түсініксіз сөйлемдер.*

- Стандарттың қазақ тіліндегі мәтіні лингвистикалық нормаларға сәйкес келмейтіндіктен, ағылшын немесе орыс тіліндегі нұсқасынан қайта аударып, қайта бекіту керек деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құрманбайұлы Ш. Терминологияны біріздендірудің ғылыми-әдістемелік негіздері. *Ғылыми-әдістемелік құрал.* – 88 бет. ISBN 978-601-7822-49-1.

2. «Терминологиядағы стандарттау. Негізгі принциптер мен әдістер» ҚР СТ 1.27-2013 (*ISO 704:2009 Terminology work. Principles and methods, MOD*).

**Бекжан Әбдуәлиұлы,**  
*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің*  
*профессоры, филология ғылымының докторы*

## **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ**

Халықтық географиялық терминдер өз ішінде жер бедерінің ерекшеліктеріне қарай оронимиялық (орографиялық) және су нысандарының түрлері бойынша гидрографиялық болып бөлінеді. Орографиялық – жер бедерінің, гидрографиялық – су нысандарының жиынтық термині. Бұлардың даму бағыттары бір-біріне ұқсас келеді.

«Жер бедері атаулары» өзінің аясына біршама ономастикалық маңызға ие халықтық географиялық термин түрлерін топтастырады. Ал тікелей топонимикаға қатысатын осы дәстүрлі халықтық терминдерді ономаст ғалымдар арасында түрліше атау бар. Бұл жөнінде Ұ.Ержанова «Географиялық терминдер топоним жасауда актив қызмет атқарып, түрлі позицияларда келе береді. Топоним жасаудағы осындай жан-жақты қызметіне орай ол терминдер топонимикада әртүрлі атауларға ие болып жүр. Оларды *ұлттық географиялық терминдер, детерминативтер, термин-индикаторлар, топонимикалық форманттар*, я болмаса күрделі сөздің компоненттері деп те атау дағдысы қалыптасқанын айтады, сонымен қатар оның себептеріне де тоқталады [1, 80]. Осыған ұқсас пікірге Б.Бияров та тоқталады: «Географиялық термин» ұғымы тіліміздегі жалпы есім, апеллятив, номен, номенклатура, топонимикалық термин ұғымдарымен барабар қолданыла береді» [2, 56]. Ғалымдар арасында ортақ шешім болмағандықтан, терминдерді түрліше қолдану кездеседі. Мысалы, Қ.Сапаров «Жер беті жамылғысын сипаттайтын орографиялық терминдерге: батпақ, боз, дала, жазық жер, қақ, қайраң құм, мойнақ, саз, сор т.б.», – жатқызады және көріп отырғанымыздай, оларды «орографиялық термин» деген атаумен атайды [3, 58]. Топонимикадағы терминдердің қызметі мен түрлері, олардың өзара қатысы мен ерекшеліктері өз алдына күрделі мәселе. Алғашқы ғалымдар жалпы терминдерге лингвистикалық тұрғыдан пікір айтса, Қ.Сапаров жер беті жамылғысына географиялық сипаты бойынша назар аударған.



Сөз болғалы отырған жер бедері атауларына қатысты терминді де осы бір тұста анықтап көрелік. Ономастикалық терминдер жүйесін терең зерттеген ғалым Н.В. Подольская өз сөздігінде Э.М.Мурзаевтың пікірін негізге ала отырып, «оронимиялық термин» атауын ұсынады [4, 99-100]. *Оронимнің* түбірі грек тілінен алынған «*oros*» – тау, қырат, шың атаулары [5, 183], демек, терминдер табиғатына тән кеңею немесе тарылу секілді мағыналық құбылыстарды ескере отырып, *жер бедерінің атауы* ретінде қолданған. Ғалымдар пікірінен қолданыста бар байырғы жер бедері атаулары ғылымда термин ретінде танылатынын түсінеміз және «орографиялық» және «оронимиялық» деп екі түрлі қолданғанын байқаймыз. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда бұл екеуінің айырмашылығын айқындау қажеттілігі туындайды. Нақтылай түссек, «оронимиялық термин» ұғымы тікелей топонимикаға қатысты екені байқалады.

Жер бедеріне қатысты терминдердің қолданысы мен мағынасына қатысты мынандай мәселелер бар: *біріншісі* – терминдер мазмұнының филологиялық және географиялық ерекшеліктері. Бұлайша бөліну халықтық географиялық терминдердің қолданысы мен қызметіне байланысты. *Жота, тау, бел, қырат, ой, шұңқыр* т.б. жалпы есімдік мағынасында жұмсалғанда географиялық нысандардың түрлерін білдіріп, географиялық терминдер тізімін құрайды. Сонымен қатар олардың көпшілігі топонимдерге айналуына байланысты, яғни апеллятивтер топонимияның нысаны әрі топонимикалық терминдер ретінде өмір сүреді. *Екіншісі* – терминнің ішкі мәнін жан-жақты тануға байланысты. Дами келе терминдердің бастапқы мағынасы кеңейетін кездері аз емес. Мысалы, *оронимнің* шығу тарихы «тау» сөзіне қатысты болғанымен, *оронимиялық терминдер* ұғымы жалпы жер бедерінің барлық түрлерін қамтиды.

Ороним: *орос* (тау) және *оним* (атау) сөздерінің бірігуінен жасалған термин, яғни тау атаулары. Алайда қазіргі кезде оның құрамында таумен бірге *төбе, жота, ой-шұңқыр, тегістік* т.б. жер бедері атаулары, яғни халықтық географиялық терминдердің барлығы қамтылады. Қазақ тілінде табиғи және адам қолымен жасалған дәстүрлі географиялық терминдердің мынандай түрлері бар: *елдімекен, асу, батпақ, бөген, бұйрат, бұлақ, дала, ескі жұрт, елді мекен, жазық, жазықтық, жайлау, жота, жылға, жыра, кент, көктеу, көл, күзек, қала, қорған, қорым, құдық, құм, құмды алқап, құрғақ арна, қыр, қырат, қырқа, қыстау, мүйіс,*

*оба, орман, өзек, өзен, өткел, саз, сай, сор, тармақ, тас, тау, тоған, төбе, түбек, үңгір, үстірт, шоқы* т.б. Даламыздағы кездесу жиілігіне қарай бұл нысандардың әрқайсысына тән топонимдер қоры қалыптасқан. Бұл терминдер өзінің байырғы және қазіргі заманға бейім динамикасы арқылы ғылым тілінің қалыптасуы мен дамуына маңызды үлес қосып келеді. Ғылым-білімнің дамуы мен экономикалық қатынастардың жаңаруына байланысты олар дамудың жаңа сатысына көтеріліп, *халықтық географиялық термин, көркем-әдеби лексика* және *оним* ретінде үш түрлі қызметке ие болды. Енді осыларға жеке тоқталып көрелік. Терминдерді географиялық тұрғыдан тану мен филологиялық тұрғыдан танудың өзара байланысы мен ерекшеліктері бар. Мысалы, *қыр, қырат, белес, асу, шың, құз*, бел т.б. көркем шығармалар тілінде кейде көріктеуіш құрал қызметін атқарса, географияда географиялық нысан атаулары және оронимиялық термин дами топонимдерге де айналады. Қалыптасып отырған бұл жағдай тілдің даму үдерісіндегі үш түрлі бағытқа сілтейді: *бірінші* – көркем тіл элементі ретінде даму бағыты; *екінші* – орографиялық термин ретінде даму бағыты; *үшінші* – топонимиялық даму бағыты.

*Орографиялық терминдердің көркем тіл элементі ретінде даму бағыты.* Көркем әдебиеттерде географиялық нысан атауларының бейнелі мағынада қолданылуы жиі кездеседі. Олардың жаңаша бір ойларды жеткізу мүмкіндігінің ашылуы да осы еркіндігінде. Еркіндігінің бір көрінісі бірінің орнына бірінің қолданылуынан да байқалады. Лингвистикалық түсіндірме бойынша да оронимиялық терминдердің көпшілігі өзара синонимдес болып келеді, сонымен қатар Жетісу, Алтай т.б. секілді еліміздің таулы өңірлеріндегі тау мен далалы аймақтардағы осы атаумен аталатын нысандардың өлшемінде айырмашылықтар бар. Далалы аймақтарда биік жотаны немесе шоқыларды да тау деп атау кездеседі. Сол секілді қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де оронимнің бірін түсіндіруде екіншісі қолданылады. Мысалы, «**Жота** – биіктігі әртүрлі келген (үлкен, кіші, аласа) *қыр, қырат*. Құлағы әжесінде, екі көзі сонау алыс көк тау, қатпарлы қалың Шыңғыс *жотасын* қыдырады (М.Әуезов, Таңд.)», – делінсе, «**Жал** – ұзына бойы еңсіз келген көлбеу *қырат*, географиялық нысанның бір түрі, қырқа сілемі, *жон-жота*, адыр. Әдетте оқшаулана келіп, берік жыныстардың шықпаларында морфологиялық біртекті қыраттар тізбегін көрсете шоғырланады», дейтін түсінік беріледі (ҚӘТС). Осы түсіндірмеде *жота*,

қыр, қырат, жал сөздерінің өзара мағыналық нақты айырмашылығы байқалмайды. Географиялық нысан атаулары ауызекі қолданыста, көркем әдебиеттерде көріктеуіш құрал қызметін де атқарады. Мысалы, «Бас имей бұрқасынға, Өтсе де жылдар ағып. Туған жер қырқасында қап қойды бұл балалық» (М.Шаханов). «Алыста, Абайлардың жайлауында, Жайылып поэзия пырағы жүр» (М.Мақатаев). Көріктеуіш құралы ретіндегі қолданысында нысан мен атау арасындағы байланыс шарттылық мәнге ие болады да, сөздердің жаңаша дамуына жол ашылады, сондықтан олар осы еркіндігімен де маңызды. Көріктеуіш құрал қызметінде жұмсалғанда жалпылауыштық мағынаға ие болады да, жалпы есім қызметінде жұмсалады.

*Орографиялық терминдердің ғылыми қолданысқа сәйкес ішкі даму заңдылықтары*

Географиялық атаулар алып кеңістікте бағдар беру қызметін атқарады. Алыс жаққа бара жатқан жолаушылардың, керуендер мен көш жолының бағыты географиялық нысандардың түрлері бойынша анықталады. Егер осы аймақтағы жер атауларын білетін адамдар болса, оларға жалқы есім түрінде, білмейтін адамдарға жалпы есім нұсқасында бағдар беріледі. Мысалы, бұл аймақпен таныс емес адам Ақтөбе ауылын іздеп бара жатыр делік, оған мынандай ақпарат беріледі: «Осыдан тура түстік жер жүрсеңіз алдыңызда көлденең бел жатыр, белдің арғы бетінде сай бар, ағып жатқан өзеннен сол тұсындағы өткел арқылы өтіп, оң жақтағы дөңге қарай жүрсеңіз Ақтөбе (ауыл) соның арғы бетінде». Жол сілтеп тұрған адамның сөзінде бел, сай, өткел, дөң терминдері мен Ақтөбе топонимі бағыт айқындаушы нысан ретінде географиялық ақпарат беріп тұр. Күнделікті тұрмыспен тығыз қатынастағы жалпы және жалқы сипаттағы географиялық атаулар қолданыстағы белсенділігі мен маңызды ақпараттық қызметі арқылы сөздік қордан өзіндік орын иеленеді. Осы ақпараттар арқылы олардың лингвистикалық және географиялық ерекшеліктері анықталады.

Сөздердің терминдік қолданысында атау мен нысан арасындағы байланыс сақталады да, олар нақтылана түседі. Терминдерге тән тұрақтылықтың сақталуы үшін әр топтағы нысандар дербес мағынаға ие, бір-бірімен синонимдес болмауы тиіс, есесіне өздерінің ерекшеліктері бойынша жеке-жеке топтастырылады. Мысалы, көркем әдебиет тіліндегідей құз бен шың, жар мен жартас, бел мен белес, дөң мен төбе т.б. бірінің орнына бірі қолданылмайды, керісінше әрқайсысымен атала-

тын нысандардың түрлері мен белгілері анық болады. Салалық термин ретінде қалыптасудың келесі түрі – халықтық терминдер мен олардың ғылым тілінің элементтеріне айналу үдерісінің кейбір сатылары қазіргі тілдің даму заңдылықтарынан көрінеді. Мысалы, Қазығұрт – қазақ тілінде көнеден келе жатқан ороним. Оның этимологиясы туралы әртүрлі пікірлер бар, соның бірі «Нұқ пайғамдардың кемесі тоқтаған тау» деген аңызбен байланысты. Көне дәуірлерде бұл шындығында биіктігі тиісті талаптарға сәйкес тау болған болуы мүмкін, алайда қазіргі ғылыми-географиялық талаптар тұрғысынан тау терминіне қойылатын талаптар мен шарттарға сәйкес келмейтіндігі байқалады. Жалпы халық ұғымында бұндай географиялық нысандар тау ретінде қабылданғанмен, географиялық өлшем бойынша ол – жота, шоқы т.б. болуы мүмкін. Мысалы, ғылыми кейбір дереккөзде «Қазығұрт тауы – Талас Алатауының оңтүстік-батыс сілеміндегі аласа келген **жота**», – деп, ал «Аюлы тауы – Ақмола облысы Аршалы ауданындағы **шоқы**, табиғат ескерткіші», – деп көрсетіледі [85]. *Алтынөзен* (Алтын түстес өзен), *Бұрғансай* (бұрылған сай), *Асусай* (асудағы сай) топонимдерінің құрамындағы **өзен, сай** географиялық нысанының «су» және «сай» екенін білдіру үшін жалғанған халықтық терминдер, алайда қазіргі географиялық шарттарға сәйкес бұл үш топоним сөздіктерде **шатқал** ретінде көрсетіліп жүр. Осы мысалдардан, ғылыми-зерттеулер дамыған сайын жер бедерінің түрлері туралы халықтық таным мен қазіргі географиялық өлшемдердің арасы ашылып, ұғымдар айқындалып, терминдердің қолданысы да жаңаша бағыт алып бара жатқаны байқалады.

Екі салаға ортақ бұл сөздер көркем тіл құрамындағы дамуы барысында бейнелі сипатқа ие болып, өзінің шығу тегінен алшақтай берсе, география ғылымының терминологиялық жүйесіндегі белсенділігі артқан сайын бастапқы мағыналық ерекшелігіне жақындап, олардың түрлері мен сипаттарын жаңа талаптарға сай айқындауға өзіндік үлес қоспақ. Сондықтан, ғылым тілінің элементіне айналуы аса маңызды мәселе болып табылады. Қалалану үдерісі тереңдеген сайын даланың сипатына көшпелілер көзімен қараудың және қазақы таныммен танудың да шектеле беретіні белгілі. Мұндайда географиялық нысанның халықтың байырғы танымындағы бейнесі мен атауы географиялық терминдер арқылы ғылым тілінде сақталмақ.

Халқымыз географиялық нысандарды өзара ортақ, ұқсас белгілеріне қарай түрлі топтарға жіктеп, жалпы атаулардың аясына топ-

тастырды және жеке ерекшеліктері бойынша әрқайсысын жалқы атаулармен де атады. Қазіргі ономастика, соның ішінде топонимика ғылымында жалпылауыш атаулармен аталған топтағыларды – *оронимиялық терминдер*, жалқылауыш атаулармен аталғандарды – *топоним* тобына жатқызуға болады.

*Орографиялық терминдердің топонимиялық даму бағыты*

Нысан мен атау арасындағы байланыс тілдің табиғатына тән заңдылық. Белгілі бір сипаттауыш мағыналы сөздің келе-келе сол нысанның атауына айналуы тілде бар құбылыс. Тіліміздегі біршама топонимдердің әуелгі шығу тегі оронимиялық терминдерден басталады. Бұл орайда атаулар табиғатының жалпыдан жалқыға қарай даму үдерісін шамалаймыз. Әуелде нысан сипатына қарай аталса, кейіннен осы атаудың өзі жалқы есімге айналған. А.Гумбольдтың «Бұл өлкелердің әуелгі топонимдері тек тау, тас, су, бұлақ, қайнар, жар, бастау, көл, төбе деген сияқты жалпы есім тұлғаларында ғана болғанға ұқсайды», – дейтін пікіріне сүйене отырып, Е.Қойшыбаев осы ойды былай жалғастырады: «Осының өзі қазақ ономастикасының даму кезеңдерін ажыратуымызға, жүйеге келтіруге себін тигізді деуге болады. Қазіргі сақталған Бұлақ, Қайнар, Бел, Қара, Өзек, Өзен, Ор, Орпа т.б. атау тұлғалардың бәрі сол дәуірлердің елесін бергендей. Бұл тұлғалар бізге топонимдердің келе-келе күрделеніп, оларға жаңа функциялық мән үстемелейтін анықтауыш ақ, қара, көк, сары, қызыл, жасыл, шұбар, биік ... атрибуттар жалғасқанын байқатады», – деген қорытынды жасайды [7, 15]. Бұл ғалымдардың пікірлерінде де жалпы есімдердің жалқы есімге айналу үдерісі туралы айтылады. Б.Бияров өзінің еңбегінде осыған нақтырақ тоқталып өтеді, ол «Географиялық терминдердің топонимдерге өтуі тарихи құбылыс., өнімсіз болса да, топоним жасаудың бір жолы... Мұнда қойылатын жалғыз шарт – Бұлақ атауын алу үшін, ол сол маңдағы жалғыз бұлақ болуы тиіс...», – деген қорытынды жасайды [2, 64]. Жалпы есімдердің жалқы есімдерге айналуы ұзақ уақытты қамтитын топонимдік үдеріс. Бұл танымдық кеңістікпен тікелей байланысты мәселе [8, 16] Жер-суға атау берудегі осы дәстүр қазақ топонимдерінің біртұтас үлгілерінің қалыптасуына ықпал етті. Шекаралық аймақтардағы, яғни Қазақстан шекараларының сыртында да дәстүрлі үлгідегі қазақ атаулары көптеп кездеседі [9]. Бұл өз кезегінде топонимдерді ареалдық әдіс бойынша зерттеу қажеттілігін тудыратыны белгілі.

Географиялық нысан атауларының топонимиялық даму бағытында лингвистикалық бірнеше тәсілдерді көруге болады. Олар: *лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық* тәсілдер. Қазақ тіліндегі жер бедері атаулары негізінен топонимжасауға бейім, сондықтан табиғатында болып жататын лингвистикалық құбылыстар мен қызметі олардың дамуына өзіндік ықпал етеді. Географиялық терминдердің онимдену процесі бір жағдайларда лексика-семантикалық тәсіл арқылы жүзеге асады. Жалпы есім атаулар географиялық нысанның табиғатын сипаттау мағынасында берілген. Ілгеріде атап өткеніміздей, белгілі бір аймақтарда *жота, сай, қыр, төбе* т.б. секілді географиялық нысан біреу ғана болса, ол лексика-семантикалық жолмен жалқы есімге айналып отырған, яғни үнемі сипаттаушы атауымен сол нысанды ғана атай келе тілде жалқылық мағынасымен орныққан. Мысалы, *Дөң, Жота, Сай, Қырат, Төбе* т.б.

Ал екеу немесе одан көп болса, оған айқындаушы сөз қосып немесе басқаша атау беру арқылы, аналитикалық жолмен жалқы есім жасалған. Мысалы: елді мекеннің айналасындағы екі дөңді бір-бірінен ажырату үшін бірі – *Дөң*, екіншісі – ойпаң жерде дөң болып жеке тұрғандықтан – *Арал* деп аталады, сол секілді екі сайдың бірі – сағыз өсімдігінің өсуіне байланысты *Сағызсай*, екіншісі – терең болуы себепті *Тереңсай* атауына ие болған. *Ақжота, Ақсай, Бозқырат, Ақтөбе* т.б. атаулар да ілгерідегі дәстүрлі топонимжасам үлгісі бойынша жасалған.

Осылайша тілдегі сөздер қолданыс барысында мағынасы және қызметі жағынан дамып, жаңа бір сапаға көтеріліп отыр. Мақала көлемінде халықтық географиялық нысандардың көркем тілі элменеті, географиялық термин және топоним ретінде дамуы бойынша мысалдар беріліп талдаулар жасалды. Аталған үш сала бойынша да, басқа бағыттарда да халықтық ұғым-түсініктерді жаңғыртып, лексикалық бірліктердің белсенділігін арттырып, ұлттық тілдің ішкі мүмкіндігі сарқа пайдаланылғанда тіл табиғатында жаңару мен жасару өзгерістері көрініс береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ержанова Ұ. Ақжайық өңірінің топонимиясы. – Алматы, «Арыс», 2001. – 174 бет.
2. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері (монография). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет.

3. Сапаров Қ. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 бет.

4. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1988. – 192 с.

5. Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: «Атамұра», 2005 – 240 бет.

6. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазығұрт\\_тауы](https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазығұрт_тауы)

7. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: «Мектеп», 1985. – 256 бет.

8. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: «Дайк-Прес», 2007. – 524 бет.

9. Казахи Омского Прииртыша. Энциклопедия. – Омск: «Золотой тираж», 2015. – 488 с.; Очир-Гаряев В.Э. Монголызычная топонимия на территории Евразии // Вестник Бурятского государственного университета. №10, 2012. 75-81с.

Сарқыт Әлісжан,  
Назарбаев Университетінің профессоры,  
филология ғылымының докторы

## ТЕРМИН ЖАСАУДАҒЫ БІР ТӘСІЛ ЖАЙЫНДА (экономикалық терминдер негізінде)

Тәуелсіздік алғаннан бергі тұста қазақ терминологиясының барынша жанданғаны баршамызға мәлім. Әсіресе, қазақ сөздерінен әр сала бойынша термин жасау ісі неғұрлым жанданды, терминжасамның түрлі тәсілдері белсенді сипат алды. Тіпті «терминжасам» терминінің өзі осы кезеңде пайда болып, терминологияның өзіндік бір саласы ретінде жалпы сөзжасаммен қатар тіл білімінде орын алды.

Әрине, арнайы терминжасам жұрнақтары, қосымшалары деген жоқ. Жалпы тілдегі сөзжасамдық үлгі терминжасамға да ортақ. Алайда сөзжасам тәсілдерінің термин жасаудағы қызметі әртүрлі, бірі белсенді көзге түссе, енді біреулері өнімсіз жұмсалады. Тіл мамандары, сондай-ақ сала мамандары да әрбір тәсілдің қызметін саралай келіп, қосымшалардың термин қалыптастырудағы мағынасына үңіледі.

Бұл мақалада біз термин шығармашылдығында әлсін-әлсін өзін аңғартып жүрген, термин жасауда аса өнімді болмаса да, тілдік тәжірибеде қолданыста бар бір тәсіл жайында сөз қозғамақшымыз.

Мақсатымыз – осы тәсілдің сала мамандары мен лингвистерге жаңа немесе бұрынғы ұғымдарды қайта қалыптастыру үдерісінде ой салу, соған мұрындық болу. Аударма барысында да бұл тәсіл жақсы қызмет ете алатындығы сөзсіз.

Естеріңізде болса, белгілі қоғам қайраткері, көптеген сөздіктер түзген Нұртас Оңдасынов кезінде «өкімет», «үкімет» сөздерін мағыналық жағынан саралап қолдануды ұсынған: *өкімет* – «билік» мағынасында, ал *үкімет* «правительство» мәнінде. Бұрынғы кеңестік кезеңде бұл ұғымдарды осылай мағыналық жағынан ажыратып қолдану жақсы пайдаланылды.

Бір-біріне сыртқы пішіні ұқсас келетін, алайда аздаған мағыналық айырмашылықтары бар сөздерді термин ретінде саралап қалыптастыру кейінгі кезде де жалғасын тауып отырды. Айталық, құрылыс саласының мамандары осы ізбен мынадай ұғымдарды



түзеді: *ғимарат / имарат / үймерет*. Әрқайсысына орыс тіліндегі белгілі бір баламасын бекіткен: *ғимарат* – «здание»; *имарат* – «сооружение»; *үймерет* – «помещение».

Мұндай тәсілдің тілдегі сөздерді мағыналық тұрғыдан саралай отырып, сол сөздерді термин ретінде тұрақтандыруға қосар үлесі мол дегіміз келеді.

Қарап отырсақ, экономика саласында да осындай сөздер баршылық. Мамандар аударма үдерісінде соны пайдалануына болады.

Мысалы: *шығыс / шығын / шығым*. *Шығыс* – «расход»: *ресурстардың меншікті шығысы* («удельный расход ресурсов»), *шаруашылық шығыстар* т.т. *Шығын* – «затрата»: *құрылтайшылық шығындар* («учредительские затраты»); ал *шығым* – «издержки», соңғысын кейбір сөздіктер мен экономикалық әдебиеттерде «шығасы» деп те беру кездеседі.

Осы ізбен қалыптасқан экономикалық ұғымдар ретінде *салық пен салым* сөздерін атауымызға болады. *Салық-тың* мәні түсінікті, *салым* «вклад» («условный вклад» – *шартты салым; нысаналы салымдар, салымшы*) ретінде белсенді қолданылады. *Уәкіл* мен *өкіл* сөздері де терминдік лексикамызда бар, *уәкіл* жалпы қоғамдық салаларда қолданылса, *өкіл*-дің ішінара қаржы саласымен айналысатын кәсіп иесі мәніндегі қолданысы кездеседі: *сауда өкілі*.

Ал *айналым* мен *айналыс-тың* қолданысы жоғарыда келтірілген терминдер тәрізді деп айта алмаймыз. Дәстүрлі қалыптасқаны *айналым*, мысалы: *ақша айналымы, орнықты ақша айналымы, таза айналым шығыны* т.т. терминдік тіркестерде кездеседі. «Айналыс» сөзін экономикада қолдану ретін байқамадық, дегенмен перспективасы жоғары балама ретінде қарастыруға болады.

Осындай перспективасы бар сөздер қатарына «жалтару» (салықтан жалтару), «жұмсалуды», «жеткізуді», «белгілеуді», «көрсетуді», «әкелуді» т.б. көптеген мағынаны білдіретін сөздер тобын жатқызуға болады. Тіпті бұл көрсетілген мағынадағы кейбір сөздер экономика, қаржы саласында қолданылып та жүр. Мысалы: *жұмсалым* («удельные капитальные вложения» – *меншікті капитал жұмсалым, капитал жұмсалымдары, таза капитал жұмсалым, күрделі жұмсалымның тиімділігі*); *жеткізілім* (*жеткізілім / жеткізім бағасы* немесе *жеткізілім* «поставка» мәнінде); *әкелім* («условно-беспощинный ввоз» – *шартты-бажды әкелім*); «түзуді» мәніндегі *түзілім* сөзі: *нысаналы бағатүзілім, шығынды бағатүзілім, нарықтық бағатүзілім*

т.т. Келтірілген нұсқалардың екінші қатары *жұмсалыс, жеткізіліс, түзіліс* т.т. сала бойынша қолданылатын басқа да терминдік мәні бар ұғымдарды беруге әлеуетті балама ретінде мүмкіндігі бар.

Тағы бір-екі мысал келтірсек. *Өндіріс* сөзі тілімізде ежелден бар, оның қай мағынада қолданылатындығы түсінікті. Ал «өндірім» сөзі ше? Экономикалық сөздікте *өндіріс бағасы* терминімен қатар *сағаттық өндірім* («часовая выработка») деген тіркесті де ұшыратамыз. *Сұраныс* – «спрос», ал осы сөздің *сұраным* нұсқасын неге пайдаланбасқа?! Тура осы тәріздес *ұсыныс* пен *ұсыным*-ды алалық. Екеуі де тілдік қолданыста бар: «фактор предложения» – *ұсыныс факторы* (*ұсыным факторы* деген нұсқасы да бар), *ұсыныс бағасы*.

*Мұрсат* пен *пұрсат* сөздері осындай дублет қатарына жататын тәрізді: «торговые преференции» – *саудадағы пұрсаттылықтар* («преференция – лат. zraeferentia – ерекше ықылас, артық көру, жеңілдік. Бір мемлекет екінші бір мемлекетке өзара тиімділік негізінде немесе біржақты түрде беретін сауда-саяси режимдегі жеңілдіктер») деп алынып жүр.

Қаржы саласында баға ұғымына орай *үстелімді баға* (цена с надбавкой), *үстемелі баға* (цена с приплатой) деген терминдік қолданыстар бар, осыларды атау барысындағы *үстелімді* және *үстемелі* анықтауыштарының жасалу тұлғалары лингвистикалық жағынан қызығушылық тудырады.

Ежелден экономикалық мәні бар *төлеу, айырбастау* сөздерінің де «төлем», «айырбасталым» («айырбасталыс») нұсқаларын да кәдеге жаратуға әбден болады.

Тіпті экономикалық мәнге мүлде қатысы жоқ сөздер де тіркесіп келіп, экономикалық мән жамап алуы ықтимал: *қатаң/қатал* («цена твердая» – *қатаң баға*); *салғастырмалы баға/салыстырмалы баға* т.т.

Жалпы осындай терминденуші лексикалық көз ретіндегі дублет қатарларға тіл білімінде толық лингвистикалық сипаттама берілді деп айта алмаймыз. Тілдік материалдарға қарасақ, мұндай дублет (біз «дублет» деп шартты түрде алып отырмыз) нұсқалар табиғаты жағынан екіге бөлінеді: 1) байырғы сөздік құрамда бұрыннан келе жатқан табиғи сөздер (*шығыс, шығын, шығым* т.б.); 2) терминжасамдағы шарттылық қағидатына негізделе отырып өзгертілген жасанды сөздер (*имарат, үймерет, өндірім, жеткізілім* т.б.). Бұл топтардың терминжасамдық

қызметі немесе терминдену сипаты бірдей емес, түрліше болып келеді. Табиғи сөздер лексикалық тәсіл арқылы терминдік мағынаға ие болса, жасанды аталған сөздердің терминжасамдық әлеуеті морфологиялық тәсілге жақын келеді. Терминжасамның жалпы сөзжасамнан бір айырмашылығы оның саналы үдеріс екендігін ескерсек, мұндай тұлғадағы сөздердің де термин қалыптастыру үшін әлеуеті мол ішкі көз екендігін атап өтеміз.

Қалай болғанда да, екі топқа да енетін сөздер қазақ тіліндегі термин шығармашылықтың нақты мысалдарын таныта алады. Олар қазақ сөздерінің термин ретіндегі қолданысына жол ашады, терминологиялық лексиканың төл қабатын молайта түседі. Терминологиялық сөздік құрамдағы төл сөздеріміздің арасалмағын арттырады және бұл тақылеттес сөз тұлғаларын қай саладан болмасын ұшыратамыз.

Сөйтіп, ана тілінің ішкі мүмкіншілігінен жасалған терминдік лексиканың қатарын байытуға қызмет етеді. Мамандар мен филолог ғалымдар термин жасаудағы осы тәсілді де жатсынбай, қабылдағаны дұрыс дегіміз келеді.

Терминжасам жайында сөз қозғағаннан кейін, мына мәселені айта кетсек дейміз. Қазір жалпы мамандар арасындағы осыдан оншақты жыл бұрынғы белсенділік бәсеңдегені аңғарылады. Немесе мамандардың термин шығармашылдығы жеткілікті насихатталмады. Көп мамандар қазақша нұсқасынан гөрі кірме нұсқасын қабылдай салуға бейім келеді.

Бұл нені байқатады? Ең әуелі, ғылым саласындағы қазақ тілі қолданысының әлі төмендігін көрсетеді. Сонымен бірге әр сала мамандарының қазақша терминдерге деген сенімсіз көзқарасын айғақтайды.

Егер ахуал осылай жалғасып кете берсе, қазақ тілінің ғылыми қатынастағы тежелісі үдей түсетіні сөзсіз. Ал бұның тіл болашағына кері әсерін тигізетіні бәрімізге аян.

Осындай бұлыңғыр болашақты болдырмас үшін біз ең алдымен мамандардың терминдерге деген көзқарасын түбегейлі өзгерту керекпіз. Бұл міндетті орындау жоғары оқу орындарынан бастау алуы тиіс деп санаймыз.

Мамандар төл терминдердің терминологиялық лексика жүйесіндегі ара салмағын, тіл болашағы үшін артықшылық тұстарын терең сезіне білгені жөн. Термин шығармашылдық қазіргі күнмен емес, болашақпен санаса жүргізілу керек. А.Байтұрсынұлы бастаған алаштықтардың

еңбегінде осы идея болған. Сонда ғана ана тіліндегі ғылым дамиды, кейінгі ұрпақтың ғылыми санасы қазақша қалыптасады.

Сөзіміздің соңында айтарымыз, экономикалық терминдер халықаралық болып келеді дегенді желеу етіп, қол қусырып қарап отыруға болмайды. Байырғы сөздерді, кейде саналы түрде өзгертілген нұсқалардағы сөздерді пайдалана отырып, терминдік сөздік қорымызды төл қабатпен байытуға болады, бұл өз кезегінде төл сөздік құрамымыздың бойына қан жүгіртіп, интеллектуалдық қабілетін танытады, қолданысын кеңейтеді.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫ: ТӘЖІРИБЕСІ, БАҒДАРЫ, ӘЛЕУЕТІ

### ТЕРМИНОЛОГИЯ

Russian	Kazakh	English
угол	бұрыш	angle
треугольник	үшбұрыш	triangle
прямой угол	тік бұрыш	right angle
смежные углы	сыбайлас бұрыштар	adjacent angles
острый угол	сүйір бұрыш	acute angles
вертикальные углы	вертикаль бұрыштар	vertical angles

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитеті Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығымен бірлесе өткізген, «Терминологиялық база: тәжірибе және технология» атты республикалық әдістемелік семинарда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Нұрлан Шүленбаев қазақ терминологиялық қорын толықтырудың ғылыми негіздері қақында ой бөлісті.*

**Қазақ тілінің терминологиялық қорын жинақтау қандай деңгейде?**

Қазақ терминологиясының ғылыми іргетасының қалыптасуына қазіргі кезге дейін жарық көрген 15-тен астам монография мен зерттеу еңбектері, 10-нан астам оқулық пен оқу құралдары, 1000-нан астам ғылыми мақалалар, сондай-ақ қорғалған 4 докторлық, 40-тан астам кандидаттық диссертация тікелей негіз болды. Ал қазақ терминографиясындағы бүгінгі таңдағы әртүрлі терминологиялық сөздіктердің саны 250-ден асады [1, 149]. Бұл – осыдан жеті жыл бұрын келтірілген дерек. Бұдан кейінгі жылдары терминология саласындағы ғылыми зерттеулер жазылып, баламалы сөздіктер жарық көріп келе жатқандығын ескерсек, қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық негізі нығайып, қазақ тілінің терминологиялық

қоры жинақталды деуге болады. Терминологиялық сөздіктердің ішінде басшылыққа алынатыны – Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған мына сөздік топтамалары болып табылады:

- *1999-2000 жылдары* Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысымен жарық көрген 31 томдық *«Қазақша-орысша, орысша-қазақша салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер»* топтамасы.

- *2012-2014 жылдары* Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысымен «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында «Педагогикалық ғылымдар академиясы» дайындаған *30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік»* топтамасы.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған 30 томдық сөздік топтамасының ерекшеліктерін төмендегіше топтап көрсетуге болады:

**Сөздік топтамасын әзірлеудің ғылыми-теориялық және әдістемелік-практикалық негіздері.**

Сөздік топтамасының ғылыми-теориялық және әдістемелік-практикалық негізін жетілдіру мақсатында профессор А.Құсайыновтың (ғылыми жетекші), ҚазақҰТУ профессоры Н.Сейітовтің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары Қ.Ж.Айдарбек, Б.С.Жөнкешовтің авторлығымен *«Қазақша-орысша және орысша-қазақша (екі тілді) салалық ғылыми терминологиялық сөздіктер топтамасын әзірлеу принциптері (ұстанымдары)»* әзірленді [2].

Бұл сөздік топтамасы 1999-2000 әзірленген сөздік топтамасы негізінде дайындалып, осы уақытқа дейін жарық көрген басқа да салалық және жалпы терминологиялық сөздіктер, сондай-ақ терминологияға және тіл біліміне қатысты ғылыми еңбектер, оқулықтар мен әдістемелік құралдар кеңінен пайдаланылды.

**Сөздік топтамасын құрастырудағы басты критерийлер қандай?**

Сөздік топтамасын құрастыруда қойылатын талап жоғары. Топтаманы әзірлеуде 1999-2000 дайындалып, жарық көрген сөздік топ-

тамасын сараптамадан өткізіп өңдеу, әр томдағы терминдер санын 9 мыңға, тіпті 11-12 мыңға дейін жеткізіп, толықтыру, сонымен бірге халықаралық терминдерді жүйелеп, жарық көрген сөздіктерге енбей қалған және тілімізге жаңадан енген терминдерді барынша қамту мақсаты қойылды.

### **Сөздік топтамасын құрастырушылардың біліктілік деңгейі**

Сөздік топтамасын әзірлеуге 52 мекемеде – жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, академияларда, министрліктер мен Парламентте, салалық мекемелерде қызмет ететін 144 ғылым докторы, 120 ғылым кандидаты, жалпы 350-дей ғалым қатысты.

### **Сөздік топтамасын құрастыруға тілші мамандардың қатысуы**

Бұл сөздік топтамасын әзірлеуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары авторлық ұжым мүшелерімен бірлесе еңбек етті.

Салалық терминдер қалыптастыру алдымен сала мамандарының құзыреті болса, тілші ғалымдар терминжасам талаптарының, қазақ тілінің төл заңдылықтарының сақталуын басты назарда ұстады.

### **Сөздік топтамасында қамтылған терминдерді біріздендіру**

Авторлық ұжым мүшелері өз сөздіктерін әзірлегеннен кейін бір-біріне жақын салалар анықталып, топтастырылып, ортақ талқылау жұмыстары жүргізілді. Мұндай ортақ талқылауға бірнеше баламасы берілген терминдер, сондай-ақ авторлық ұжымдар бір шешімге келе алмаған терминдер де ұсынылып отырды. Мысалы, Физика және астрономия, Математика, Информатика және есептеуіш техника, Энергетика, Электроника, Радиотехника және байланыс сөздіктері, Химия, Биология, Медицина, Экология, Дене тәрбиесі және спорт сөздіктері, Тарих, Мәдениет және өнер, Философия және саясаттану, Педагогика және психология, Әдебиет және лингвистика сөздіктері бірге талқыланды.

Жалпы, осындай отырыстарда 20000-ға жуық термин талқыланды. Әр талқылауға 20-30, кейбір отырыстарға 35-40 адам қатысты. Осындай терминді талқылауға шамамен 1000-нан астам сағат, яғни 10-11 ай уақыт жұмсалды. Мұндай талқылауларда терминжасам мәселесінің ғылыми негіздері, сала терминдерін қалыптастыру жолдары, шетелдік терминдерді дұрыс аудару, көне сөздерді пайдалану тәсілдері, қазақ

тілі заңдылықтарының сақталуы және т.б. көптеген мәселелер қарастырылды.

**Сөздік топтамасында қамтылған терминдерді біріздендіру мақсатындағы көпшілікке арналған талқылаулар**

Бұл сөздік топтамасын халықтың талқысына кеңінен салу мақсатында Педагогикалық ғылымдар академиясының сайтына орналастырылды. Ол туралы «Егемен Қазақстан» және «Ана тілі» газеттеріне арнайы хабарлама берілді.

2012-2014 жылдары «Ана тілі» газетінде «Оқырманмен ойласу» атты айдармен «Терминжасам: Ұсыныс. Пікір» деген тақырыпта 2500-нан астам термин, сонымен бірге 1000-ға жуық термин Мәдениет және спорт министрлігінің ресми сайтындағы «Терминдер» айдарында жарияланды. Тілге жанашыр жандардың талқылауға ұсынылған терминдерге қатысты пікірлері ескерілді.

**Салалық терминдерді барынша біріздендіру және «ұлттандыру»**

Сөздік топтамасына қазақ ұлтына ғана тән, салт-дәстүрімізге, мәдениетімізге, тұрмыс-тіршілігімізге қатысты, өзге тілдерде ұшырыспайтын, ал аударма-нұсқалары қазақ тіліндегі түсінігін дәлме-дәл бере алмайтын терминдер енгізіліп, орыс тіліндегі нұсқасы кирилл қарпімен транслитерацияланып берілді. Мысалы, «бесті қымыз», «езген құрт», «жаппа нан», «майқуырдақ», «айналайын», «сүйінші», «бас табақ», «құда табақ», «жоралғы», «бәйге қамшы», «білеу қамшы», «қара шаңырақ», «түндік», «астау», «күбі», «ақсақал», «әмеңгер» және т.б.

**Сөздік топтамасын сараптамадан өткізу**

Сөздік топтамасының сапасын арттыруға Терминком мүшелері мол үлес қосып, мыңдаған терминдерге қатысты ұсыныс-пікірлерін білдірді. Барлық ұсыныс-пікірлер бойынша авторлар ұжымы тиянақты жұмыс жүргізді [3].

Қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың принциптеріне қатысты ғалымдардың пікірлерін төмендегіше жинақтап беруге болады:

- терминологиялық сөздіктердің бірінші бөлімінде атау сөздерге (реестрлерге) қазақ тіліндегі терминдер, ал екінші бөлімінде орысша терминдер алынады;

- терминологиялық сөздік нақтылы бір (кейде екі) ғылым саласы (немесе салалары) бойынша жасалынып, онда тек сол салаға (салаларға) қатысты терминдер мен терминдік тіркестер ғана қамтылады;



- термин емес сөздер немесе басқа ғылым саласына қатысты терминдер оған алынбауға тиіс;
- жеке сөзден жасалған терминдер де, сөз тіркестерінен жасалған терминдер де сөздікке жеке-жеке алынады және олар әліпбилік (алфавиттік) ретін сақтап орналастырылады;
- көпнұсқалы терминдердің барлығы да сөздікке алынуы мүмкін;
- сөздік түзуде қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігі ескеріледі, терминнің әдеби тілдегі нормасы алынады;
- орысша қолданылып келген терминдердің өз тілімізде бар қазақша баламаларын табу;
- орысша қолданылып келген терминдерді қазақшаға сөзбе-сөз (калька тәсілімен) аудару;
- терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылығы бойынша қазақша дыбыстау (айту) және солай жазу;
- жасалған сөздіктің екінші бетінде оның аңдатпасы (аннотациясы) мен авторлардың аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы және ұжым жетекшісі көрсетілгені жөн;
- сөздіктің алдында қысқаша жазылған «Кіріспесі» (немесе «Алғысөзі») болуы керек;
- сөздіктің соңында осы сөздікті жасау үстінде пайдаланылған әдебиеттердің (сөздіктердің, ғылыми-теориялық еңбектердің, әдістемелік құралдардың және т.б.) толық тізімі берілгені жөн.

**Қазақ тілінің терминологиялық қорын жетілдірудің бағдарын төмендегіше жинақтап көрсетіп отырмыз:**

**I. Ғылыми-теориялық негізі:**

- терминологиялық қорды жетілдіру мақсатында іргелі ғылыми зерттеу жүргізу үшін арнайы мақсатты бағдарлама әзірлеп, жүзеге асыру;
- терминдердің ғылыми түсінігін, диффинициясын ашу үшін және салалық терминдерге лингвистикалық талдау жасау үшін сала мамандарынан және тілшілерден тұратын ұйым құру және оның жұмысын нысаналы түрде жүргізуге жағдай жасау.

**II. Әдістемелік негізі:**

- термин қабылдау қағидаттарын қайта қарап, ғылыми түрде негізделген жаңа қағидаттарды бекіту;
- терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық жасау;
- терминологиялық оқыту (мектеп терминологиясын қалыптастыру

және дамыту; жоғары оқу орындарына терминология пәнін міндетті пән ретінде енгізу);

- терминологияны үндестіру және үйлестіру (әрбір жоғары оқу орнында салалық терминологиялық комиссиялар құру);
- оқытушы-профессорлар құрамының терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
- журналистердің терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру.

### **III. Практикалық негізі:**

- терминдерді түгендеу;
- сала мамандары мен лингвистердің құзыреттілігін айқындау;
- сала мамандары мен лингвистердің бірігіп сөздік жасау тәжірибесін, сөздік жасау мәдениетін, техникасын жетілдіру (семинарлар, конференциялар, басқосулар, онлайн конференциялар және т.б. ұйымдастыру);
- сала мамандарының тілтанымдық еңбектермен (түсіндірме, синонимдер, орфографиялық және т.б. сөздіктер) жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіру;
- қазақ терминдерінің корпусын жасау (қазақ тілінде мектеп терминологиясына, студенттер деңгейіндегі, академиялық дәрежедегі терминологиялық сөздіктерге арналған сайттар ашу).

### **IV. Сараптамадан өткізу:**

- баламалы немесе Терминком мақұлдаған сөздіктерге терең лингвистикалық талдау жасау, біріздендіру (тілішілік, тіларалық және терминологияны іштей біріздендіру);
- бекітуге ұсынылған терминдерді немесе талқылауға ұсынылатын сөздіктерді БАҚ («Терминологиялық хабаршы», әртүрлі газет-журналдар, телеарна) арқылы таратып, жұртшылықтың пікірін біліп отыру;
- лингвистикалық талдаудан өткен терминдерді міндетті түрде қолдану механизмін жасау.

### **V. Терминологиялық қорды ортақтандыру:**

- туыстас тілдерге ортақ терминологиялық қор құру;
- бір-біріне жақын салалардың ортақ терминологиялық сөздіктерін шығару (политехникалық, гуманитарлық және т.б.) [4].

Сонымен қатар қазақ тілі терминологиялық қорының негізі болып табылатын сөздіктерде кездесетін кемшіліктерді төмендегіше топтастырып көрсетуге болады:

- терминологиялық бірізділіктің сақталмауы;

- салаішілік әркелкілік (варианттылық, жарыспалылық, синонимия, омонимия, полисемия);
- салааралық әркелкілік (варианттылық, жарыспалылық, синонимия, омонимия, полисемия);
- «әсіре қазақшалауға» ұмтылу;
- қолдан тым жасанды сөз жасауға әуестік;
- жалғаулардың әркелкі жалғануы;
- әртүрлі сөз таптарынан термин жасау;
- бір терминнің жекеше және көпше түрде берілуі;
- бірнеше сөз тіркесінің термин ретінде берілуі;
- бір ғана терминнің түрліше тұлғада жазылуы;
- салаға қатысы жоқ атаулардың термин ретінде алынуы;
- сараптауды қажет ететін баламалар [4].

Сондай-ақ қазақ тілі терминологиялық қорының негізі болып табылатын терминологиялық сөздіктерде мынадай сәйкессіздіктердің кездесетінін атап өтуіміз керек: а) орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы; ә) қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы; б) орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы.

Мұндай сәйкессіздіктерге төмендегі факторлар себеп болады деп есептейміз:

- орыс тіліндегі бір терминнің екі немесе одан да көп нұсқадағы баламасының бекітілуіне қатысты жекелеген жайттардың орын алуына (ұсынылған, мақұлданған, тіпті қабылданған, бекітілген терминдерді қайта қарап, қайта бекітуге) бірқатар лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар;
- заңнамада қолданылатын терминдердің бекітілген терминдермен бір ізге түсірілмеуіне заңнамада қолданылған терминдерді өзгертуге болмайды деген уәждің алға тартылуы;
- салалық терминологиялық сөздіктерде қамтылған терминдердің бекітілген терминдер сөздігіндегі баламалармен қатаң түрде сәйкестендірілмеуі [5].

### **Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті**

Қай тілдің болсын терминологиялық қорының әлеуетін оның сандық және сапалық құрамы негізінде анықтауға болады.

*Біріншіден*, қазақ тілі терминологиялық қорының құрамын зерделеуді

сандық көрсеткіштерді статистикалық талдаудан бастау қажет деп санаймыз. Осы орайда 2014 жылы шыққан терминологиялық сөздік топтамасына жасалған талдаудың нәтижесінде төмендегідей статистикалық деректерге қол жеткіздік.

№	Атауы	Бір сөз	Екі сөз	Үш сөз	Үш сөзден көп	Барлығы
<b>Физика және астрономия (1-том)</b>						
1	қазақша-орысша	2324	5077	1145	176	8722
	орысша-қазақша	2113	5319	1131	222	8785
<b>Математика (2-том)</b>						
2	қазақша-орысша	1112	6475	2107	370	10064
	орысша-қазақша	1228	6678	1775	296	9977
<b>Информатика және есептеуіш техника (3-том)</b>						
3	қазақша-орысша	1188	6141	2197	534	10060
	орысша-қазақша	1236	6323	1807	612	9978
<b>Механика және машинатану (4-том)</b>						
4	қазақша-орысша	1620	5790	1434	199	9043
	орысша-қазақша	1678	6411	804	79	8972
<b>Энергетика (5-том)</b>						
5	қазақша-орысша	3872	3119	2825	1462	11278
	орысша-қазақша	2913	1825	3526	2947	11211
<b>Электроника, радиотехника және байланыс (6-том)</b>						
6	қазақша-орысша	2541	2780	2880	1566	9767
	орысша-қазақша	2120	2505	2335	2685	9645
<b>Машинажасау (7-том)</b>						
7	қазақша-орысша	2879	4407	1023	115	8424
	орысша-қазақша	2936	4504	653	152	8245
<b>Көлік және қатынас жолдары (8-том)</b>						
8	қазақша-орысша	2731	5570	1375	203	9879
	орысша-қазақша	2913	5918	969	56	9856
<b>Сәулет және құрылыс(9-том)</b>						
9	қазақша-орысша	2433	5824	1338	615	10210
	орысша-қазақша	4812	5148	622	68	10650

<b>Статистика, стандарттау және зияткерлік меншік (10-том)</b>						
10	қазақша-орысша	1358	5826	3387	2233	12804
	орысша-қазақша	1744	7225	3050	1541	13560
<b>Әскери іс (11-том)</b>						
11	қазақша-орысша	2578	4659	2749	1827	11813
	орысша-қазақша	2765	4040	3058	2420	12283
<b>Химия (12-том)</b>						
12	қазақша-орысша	1574	6138	2101	658	10471
	орысша-қазақша	1773	5623	1753	514	9663
<b>Биология (13-том)</b>						
13	қазақша-орысша	1902	4789	2687	763	10141
	орысша-қазақша	1895	6987	2123	789	11794
<b>Медицина (14-том)</b>						
14	қазақша-орысша	3598	6251	2239	544	12632
	орысша-қазақша	5333	5933	3035	148	14449
<b>Ауыл шаруашылығы (15-том)</b>						
15	қазақша-орысша	3945	5314	1537	284	11080
	орысша-қазақша	5209	5437	935	243	11824
<b>Су шаруашылығы (16-том)</b>						
16	қазақша-орысша	1729	5261	2369	914	10273
	орысша-қазақша	1963	6146	2177	744	11030
<b>Экология (17-том)</b>						
17	қазақша-орысша	10373	1199	243	47	11862
	орысша-қазақша	3560	6768	1185	360	11873
<b>Кен ісі және металлургия (18-том)</b>						
18	қазақша-орысша	2026	5569	2178	589	10362
	орысша-қазақша	1897	6315	2059	625	10896
<b>Геология, геодезия және география (19-том)</b>						
19	қазақша-орысша	1558	7670	1949	687	11864
	орысша-қазақша	1580	7770	1886	646	11882
<b>Жеңіл және тоқыма өнеркәсібі(20-том)</b>						
20	қазақша-орысша	3617	5023	1475	191	10306
	орысша-қазақша	3605	5517	1293	589	11004

<b>Тамақ өнеркәсібі және тұрмыстық қызмет (21-том)</b>						
21	қазақша-орысша	4472	5680	1365	968	12485
	орысша-қазақша	5978	6240	1342	450	14010
<b>Философия және саясаттану (22-том)</b>						
22	қазақша-орысша	8098	4472	712	146	13428
	орысша-қазақша	6836	3692	437	57	11022
<b>Тарих (23-том)</b>						
23	қазақша-орысша	6319	3945	697	126	11087
	орысша-қазақша	7103	3583	426	98	11210
<b>Педагогика және психология (24-том)</b>						
24	қазақша-орысша	2179	6787	2220	402	11588
	орысша-қазақша	2475	7104	1816	325	11720
<b>Мәдениет және өнер (25-том)</b>						
25	қазақша-орысша	1690	4915	2003	808	9416
	орысша-қазақша	1980	5935	2490	698	11103
<b>Әдебиет және лингвистика (26-том)</b>						
26	қазақша-орысша	3104	7210	2850	604	13768
	орысша-қазақша	3361	7932	2129	246	13668
<b>Экономика және қаржы (27-том)</b>						
27	қазақша-орысша	2865	2947	1878	1669	9359
	орысша-қазақша	2948	1375	3871	3304	11498
<b>Іс жүргізу және мұрағат ісі (28-том)</b>						
28	қазақша-орысша	3653	4646	1851	915	11065
	орысша-қазақша	4735	4585	1435	1435	12190
<b>Заңтану (29-том)</b>						
29	қазақша-орысша	3928	3011	2966	1351	11256
	орысша-қазақша	2792	1645	3423	3037	10897
<b>Дене тәрбиесі және спорт (30-том)</b>						
30	қазақша-орысша	1642	4891	2417	864	9814
	орысша-қазақша	1874	6849	2319	658	11700
<b>БАРЛЫҒЫ</b>						
	қазақша-орысша	92908	151386	58197	21830	324321
	орысша-қазақша	93355	161332	55864	26044	336595

Қазақ тілі терминологиялық қорының негізін құрайтын 2014 жылы шыққан терминологиялық сөздік топтамасына статистикалық талдау жасай келе, салалық сөздіктердің қазақша-орысша және орысша-қазақша нұсқасында қамтылған терминдердің сандық көрсеткіші дәлме-дәл емес екендігі анықталды және мұндай сәйкессіздіктерге төмендегідей жағдайлар әсер етіп отыр деп ойлаймыз:

- орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде жарыса қолданылуы;
- қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы;
- орыс тіліндегі бір түбірлі терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы;
- кейбір терминдердің екіден көп баламасы алынып, олардың әліпби ретімен әр әріптің қатарында берілуі.

*Екіншіден*, қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуетін оның сапалық көрсеткіші тұрғысынан анықтауымыз керек. Шынын айтқанда, қазіргі қолданыстағы терминдердің қаншасы өзіміздің төл сөзіміз, қаншасы шет тілдерінен орыс тілі арқылы қабылданған бірліктер, қаншасы қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп алынған терминдер деген мәселе әліге дейін толыққанды қарастырылған емес. Осы тұрғыдан филология ғылымдарының кандидаты Б.Жөнкешов «Жас қазақ» газетіне берген сұхбатында мынадай деректер келтіреді: «Қазақ терминологиялық қорында 333 000-ға жуық термин бар екен. Оның 33 479-ы орыс тілі арқылы енген шет тілі терминдерінің санын құрайды. Бұлар орыс тілінде қалай жазылып, айтылса, қазақ тілінде де дәл солай таңбаланып, дыбысталады. Олардың қазақ тілінде баламалары табылып, қолданысқа енгендерінің саны – 6317 бірлік. Ал енді осы жерден ойланайық, қазір жиі айтылып жүрген, «шеттен енген терминдерді жаппай, жөнсіз аударып жүр» деген қағида қаншалықты шындыққа жанасады?! Шеттен енген (орыс тілінен) 33 479 терминнің 2 пайызын ғана игердік емес пе? Бұл көрсеткіш өз заңдылығы, өз тарихы, өз тұтынушысы бар тәуелсіз тілге көптік ете ме?! Жауабын халықтың өзі берер» [6].

Біз 2014 жылы шыққан сәулет және құрылыс саласына арналған терминологиялық сөздікке талдау жасай келе мынадай деректерді анықтадық: *қазақша-орысша нұсқасында* – 10210; оның ішінде: бір сөзден тұратын терминдер – 2433; екі сөзден тұратын тіркес терминдер – 5824; үш сөзден тұратын тіркес терминдер – 1338; үш сөзден көп тіркес

терминдер – 615; *орысша-қазақша нұсқасында* – 10650; оның ішінде: бір сөзден тұратын терминдер – 4812; екі сөзден тұратын тіркес терминдер – 5148; үш сөзден тұратын тіркес терминдер – 622; үш сөзден көп тіркес терминдер – 68.

Сонымен қатар осы сөздікте төл терминдердің саны былай болды: қазақша-орысша нұсқасында – 1369; орысша-қазақша нұсқасында – 1453 [7]. Бұл жерде ескерте кететін бір жайт: мұнда төл терминдердің жалпы саны, яғни қайталанатын сөздер де есептелді. Осы жағдайды ескерсек, төл терминдердің саны көрсетілгеннен кемітіні белгілі. Яғни құрылыс саласына арналған терминологиялық сөздіктегі төл терминдер саны 10% шамасында болатыны байқалады.

Терминология саласындағы зерттеулерге сүйене отырып, қазақ тілі терминологиялық қорының сапалық құрамын төмендегіше көрсетуге болады:

- 1) орыс тілі арқылы енген шеттілдік терминдер;
- 2) орыс тілінен қазақ тіліне сол күйінде алынған терминдер (мысалы, **МАЯК** – құрылыс термині);
- 3) орыс тілінен қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп алынған терминдер (мысалы, **ПЕШ – ПЕЧЬ** – құрылыс термині);
- 4) орыс және басқа да шет тілдерінен енген терминдерді калькалау тәсілімен аудару арқылы жасалған терминдер;
- 5) орыс және басқа да шет тілдерінен енген терминдерге қазақ тілінің сөзжасам жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған терминдер;
- 6) ішінара түркі тілдерінен алынған терминдер (**УЧАК – ҰШАҚ; ХАВАЛАН – ӘУЕЖАЙ**).

**Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуетін нақты білу және оны әрі қарай дамыту үшін мынадай ұсыныстар айтқымыз келеді:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекітілген терминдерге түгендеу (инвентаризация), мониторинг жүргізетін жұмыс тобын құру және оның қызметі қаржыландырылуға тиіс;

- аталған жұмыс тобы 2014 жылы шыққан терминологиялық сөздік топтамасындағы терминдердің сапалық көрсеткішіне нақты талдау жасауы керек (төл сөздер, шет тілдерінен орыс тілі арқылы енген терминдер, қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп алынған



терминдер, орыс тілінен қазақ тіліне сол күйінде алынған терминдер, орыс және басқа да шет тілдерінен енген терминдерді калькалау тәсілімен аудару арқылы жасалған терминдер; орыс және басқа да шет тілдерінен енген терминдерге қазақ тілінің сөзжасам жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған терминдер; ішінара түркі тілдерінен алынған терминдер және т.б.).

*Айнұр Баекеева,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
философия ғылымының PhD докторы*

## **DIGITAL LIBRARY БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ БАЗА ҚҰРАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ**

Отандық тіл білімінде терминология мәселелерімен тек терминологтар ғана айналысу қажет деген дәстүрлі пікір қалыптасып келгені рас. Алайда тек қана тіл мамандары ғана емес, әртүрлі пән салалары мамандары, аудармашылар, мемлекеттік қызметкерлер, т.б. мамандар да өз қызметтерінде күн сайын өз пән саласына қатысты терминдермен жұмыс жасауларына тура келеді.

Біраздан бері барлық ғалымдарды, пән салаларындағы тәжірибеші мамандарды толғандырып келе жатқан мәселелердің бірі – осы пән салалары терминдерін жүйелеу, оларды қазіргі таңдағы ақпараттық технологиялар жетістіктерін тиімді пайдалана отырып халықаралық стандарттарға сәйкес жасалған автоматтандырылған веб-платформаларға енгізу болып табылатыны сөзсіз.

Осы орайда, қазақ тілінің терминдер корпусын біріздендіріп жүйелеу мақсатында бастаған жобамыздың тәжірибесімен бөлісуді жөн көрдік.

РҒА Сібір бөлімі, Новосібір мемлекеттік университетінің Есептеу технологиялары институты (Федотов А.М.) мен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар кафедрасы (Тусупов Ж.А., Самбетбаева М.А.) бірігіп жасаған электрондық тезаурус жобасына, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Аударма теориясы мен практикасы кафедрасында (Тажибаева С.Ж., Баекеева А.Т.) тау-кен терминдерінің көптілді басқарылмалы тезаурусын құрастыру жобасын бастадық.

### **Digital Library басқару жүйесі негізіндегі тезаурус құрастыру**

Бұл Новосібір мемлекеттік университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің біріккен жобасы аясындағы үлкен жұмыстың бас әзірлеушісі физико математика ғылымдарының докторы, профессор А.М.Федотов, Ж.А.Тусупов және осы кісілерден тәлім алған шәкірті Ақпараттық технология мамандығының PhD докторы М.А. Самбетбаева.

Осы тезаурус ISO 25964-1:2011 (бірінші бөлім) және ISO 25964-1:2013 (екінші бөлім) соңғы халықаралық стандарттары негізінде құрастырылды. Аталған стандарттар негізінде құрастырылған тезаурус басқа да халықаралық тезаурустармен өзара әрекеттесу мүмкіндігін береді, яғни бұл дегеніміз, машиналық немесе автоматтандырылған аударманы арнайы пән саласы үшін орындау кезінде осы тезаурусқа енгізілген қазақ, ағылшын, орыс тілдеріндегі контент арқылы аудармаға арналған компьютерлік жасақтамалар тезаурус мазмұнын көре алып, релевантты ақпаратты іздеу процесіне қатыса алады.

Мұндай халықаралық стандарттарға сай жасалған тезаурустарға мыналарды жатқызамыз: *AGROVOC тезаурусы, AGCOM тезаурусы, EuroVOC тезаурусы, SNOMED тезаурусы, WordNet тезаурусы, ЮНЕСКО тезаурусы.*

Сонымен, біздің ұсынып отырған тезаурусымыз белгілі бір пән саласына арналған сөздіктердің толық базасы болып табылады.

*Тезаурус* өз ішіне терминдердің түрлері, байланыстары, топтарымен қоса, түрлі сөздіктерді енгізе алады:

- анықтамалық сөздік;
- көптілді сөздік;
- синонимдер сөздігі;
- антонимдер сөздігі;
- омонимдер сөздігі;
- түсіндірме сөздік т.т.

*Тезауруста* терминдер семантикалық және функционалдық жағынан нақты анықталып, олардың лингвистикалық баламалары бекітіліп, иерархиялық түрде жіктеліп беріледі.

Әдетте тілдік корпустар бірнеше ондаған жылдар бойы жинақталған түбегейлі еңбекті талап ететін жоба. Өкінішке қарай, Қазақстанда бір ғана «Қазақ тілінің Алматы корпусы» қызмет етеді. Қазақ тілінің Алматы корпусының тек қана көркем әдебиет пен периодикалық және публицистикалық шығармалар негізінде жасалғандығында. Аталған корпуста пән салаларының терминдері қарастырылмаған. Бұл термин саласындағы тілші, аудармашы мамандардың алдына үлкен мақсат пен міндеттерді артады. Сондықтан терминологияны пәнаралық бағытта, компьютерлік лингвистика, пән салалары, салалық терминология мен салалық аударма тоғысында зерттеп, осы

салаларда ғасырлар бойы атқарылып келген ақпараттарды жүйелеп, біріздендіріп, электрондық басқарылмалы платформаларға жүктеу жұмыстарын атқару қажет екендігін білдіреді.

Бұл *тезаурус* жүйеленген терминдер арасындағы семантикалық байланыстар мен сөздік мақалаларды көрсете алады. Бұл дегеніміз, аталған тезаурусты қажетінше сөздік мақалалармен, мысалдармен, мәтіндермен толықтыру арқылы қазақ тілінің ғылыми тіл ретіндегі корпусын құрастырудың алғышарттарын да жасауға болады.

Бұл тезаурусымызға енгізетін терминдерге Терминком бекіткен «Кен ісі және металлургия» саласының терминологиялық базасы арқау болды.

Digital Library басқару жүйесі негізінде құрастырылған көптілді терминологиялық базаның бетін мына суреттен көре аласыздар (сурет 1).



Сурет 1 – Digital Library басқару жүйесі негізінде құрастырылған көптілді терминологиялық базаның беті

Аталған *тезауруста* салалық терминдердің сипаттамасы (description), лингвистикалық эквиваленттері (LE – linguistic equivalents), синонимдері (абсолюттік синонимдері), антонимдері (бар болған жағдайда), ассоциативтік терминдері, терминдердің бір бірімен иерархиялық байланысы, яғни терминдердің жоғарғы (broader term) және төменгі (narrower term) ұғымдары беріледі. Терминдердің жоғарғы және төменгі ұғымдарын келесі суреттен көре аласыздар (сурет 2).



*Тау кен* терминдері – Айнұр Баекеева (қазақ, ағылшын, орыс)

*Салық* терминдері – Акбар Бакраев (қазақ, ағылшын, орыс)

*Зергерлік бұйымдар* атаулары – Гүлсара Кожаметова (қазақ, ағылшын, орыс)

*Құрылыс* терминдері – Зухра Темирова (қазақ, ағылшын, орыс)

*Дипломатия* терминдері – Берік Байгужин (қазақ, ағылшын, орыс, араб)

Көптілді салалық терминологиялық базаны басқарылмалы тезаурусқа енгізудің қадамдық алгоритмін әзірледік. Тау-кен терминдерінің терминологиялық базасының негізінде иерархиялық алгоритм тілші, аудармашы мамандарға бейімделіп жасалды. Бұл алгоритм басқа да ғылыми пән салалары терминдерінің тезаурусын құрастырудың үлгісі болып табылады.

Мұндай көптілді терминологиялық базаға сала терминдерін енгізу жұмысы сала терминдерін жақсы түсінетін, бірнеше тіл арасында аударма жасап жүрген тәжірибеші салалық аудармашылар мен тіл мамандарына өте қажетті. Себебі мұндай ғылым мен техниканың пән саласындағы тезаурусты толтыруға құзыретті маман болуы шарт. Осы орайда біз аталған қадамдық алгоритмді Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Аударма теорисы мен практикасы кафедрасының докторанттары мен магистранттарына, ұлттық және трансұлттық компаниялардағы тәжірибеші аудармашыларға, мемлекеттік органдардағы тіл мамандарына ұсындық (кесте 1). Мамандардың аударма ісіндегі еңбек өтілі мен іс-тәжірибесі 10 жылдан жоғары.

<b>Аудармашының жұмыс тілдері</b>	<b>Лауазымы</b>	<b>Саны</b>
Қазақ, орыс, ағылшын	Аудармашы, докторант	8
Қазақ, орыс, ағылшын	Аудармашы, магистрант	17
Қазақ, орыс, ағылшын	Аудармашы, ф.ғ.к., PhD	5
Қазақ, орыс	Аудармашы, мемлекеттік органдар мамандары	3
Қазақ, орыс және шетел тілі (француз, неміс, араб, қытай, корей, т.б.)	Аудармашы, магистр	6

Кесте 1 – Тезаурус толтырудың қадамдық алгоритміне баға берген салалық аудармашылар

Ұсынылған 39 маман Digital Library Платформасында, Zthes деректер схемасында әзірленген салалық терминдердің көптілді басқарылмалы тезаурусын құрастырудың қадамдық алгоритмін, ақпараттық технология мамандарының жетістіктерін аудармашыларға түсінікті тілмен түсіндірілгенін растады.

Бұл тезаурустың басты ерекшелігі көптеген электрондық сөздіктерде термин іздеу барысында кездесетін көп варианттылық мәселесін шеше алады, яғни бұл Digital Library басқару жүйесі негізінде жасалған тезаурустың сала мамандарына беретін басты артықшылығы – ол термин іздеу барысындағы таргеттік немесе релеванттық іздеу, яғни салалық терминнің нақты бір саладағы семантикалық және функционалдық жағы нақты анықталады, олардың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі лингвистикалық баламалары бекітіліп, нақты сол терминге қатысты барлық ақпарат тізбегіне қол жеткізе алу мүмкіндігі бар.

Сонымен, тіліміздегі терминдерді біріздендіру мен жүйелеудің бірден бір жолы – Digital Library платформасы арқылы электрондық тезаурус құрастыру деп пайымдаймыз. Мұндай пікірдің дәлелі ретінде салалық аударма үшін құрастырылып жатқан тезаурустағы таргеттік немесе релеванттық іздеуді басты себеп деп есептейміз. Осыдан 5-6 жыл бұрынғы әзірленген электрондық сөздіктердің өзі қолданыстан тыс қалып жатыр және осы аталған мәселелерді шешу жолында салалық терминологияға тың шешімдер қажет. Мұндай шешім жасауға қазақ тілінің терминологиялық қорында жинақталған 10 мыңнан аса тау-кен терминдері, қостілді және көптілді электрондық лексикографиялық дереккөздерден алынған терминдердің талдауы дәлел бола алады.

*Орынай Жұбаева,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымының докторы*

*Қарлығаш Айдарбек,  
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті  
Қазақ және орыс тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры,  
филология ғылымының докторы*

*Бауыржан Жөнкешов,  
«ТС ғылыми-техникалық компаниясы» ЖШС директоры,  
филология ғылымының кандидаты*

## **ТЕРМИНДЕРДІ ТІЛ ЖҮЙЕСІНЕ БАҒЫНДЫРУ КЕРЕК**

Үнді мен қатаңнан басқа дыбыс тіркесі (қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң т.с.с.) қазақ тіліне жат. Сондықтан шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керек. Екі қатаң дауыссызға біткен сөздерді таңбалаудың өзіндік ұстанымдары бар:

А) **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт** дыбыстарына біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек: турист емес, турис, фантаст емес, фантас, грамм емес, грам т.с.с. А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалғап тексеру әдісі қолданылған. Ол әдісті қазіргі кезде де пайдалануға болады. **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт** дыбыстарына біткен есім сөздерге қосымша жалғанғанда да соңғы әріптері түсіп қалады: кросс – кросқа, кросы, класс – класқа, кластар, класы, металл – металды, металы, грамм – грамға, грамдық, грамы, киловатт – киловатта, грипп – грипі, съезд – съезге, съезі, ведомость – ведомосқа, фармацевт – фармацевке, сондай-ақ трест – треске, тресі; турист – туриске, турисі; утопист – утописке, утописі; фантаст – фантасқа, фантасы; фонетист – фонетиске, фонетисі; форпост – форпосқа, форпосы; футурист – футуриске, футурисі; чекист – чекиске, чекисі; экономист – экономиске, экономисі; юрист – юриске, юрисі, т.с.с. Соған байланысты бұл сөздердің түбірін жалғыз дауыссызбен беруге болады. Яғни съезд,



подъезд, разъезд, т.с.с. сөздердегі д әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде поезд сөзі пойыз түрінде жазылып жүр (XX ғасырдың басында да солай жазылған). Сол себепті ереженің 42-параграфындағы «**ст, сть, зд** дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да оларға қосымшалар жалғанғанда түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады. Мысалы: трест – трес-тің, трес-іне; ведомость – ведомос-қа, ведомос-ы; съезд – съез-ге, съез-і-нің; социалист – социалиске, социалистік» түріндегі қағида қазақ тілінің жүйесіне сәйкес келмейді. Бұл ереже сөздердің орыс тіліндегі тұрпаты негізге алынып, тілдегі заңдылықтарды ескермеуден туғандығы байқалады.

Орфографиялық сөздікте **ст** дыбыстарына біткен есім сөздерге қосымша екі түрлі жалғанған:

А) сөздің соңындағы **т** дыбысы түсірілген (активист, активиске, активисі, активистер; анапест, анапеске, анапесі, анапестер; анархист, анархиске, анархисі, анархистер; асбест, асбеске, асбесі, асбестер; астронавт, астронавқа, астронавы, астронавтар; авантюрист, авантюриске; авантюрисі, авантюристер; автотурист, автотуриске, автотурисі, автотуристер; активист, активиске, активисі, активистер; альпинист, алышниске, альпинисі, альпинистер; аметист, аметиске, аметисі, аметистер; аминокласт, аминокластқа, аминокласты, аминокластар, т.т.); енді бірде екі дауыссыздың арасына **ы** дыбысы дәнекер ретінде қыстырылған (пост, постыға, постысы; форпост (әск.), форпостыға, форпостысы). Алайда бір ғана пост сөзі үшін бөлек ереже шығарудың қажеті жоқ. Ахмет Байтұрсынұлы «керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық», – деп сөз басына ереже жасаушыларды сынап, сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын айтқан еді (Емле туралы // Еңбекші қазақ. 1929, 27 наурыз). Ғалымның бұл ұстанымын басшылыққа алуымыз қажет.

Шеттен енген сөздің ішінде бір дауыссыз қайталанып келген жағдайда да олардың бірін қысқартуға болады. Ондай сөздер де орфографиялық сөздікте көп: габбро (геол.), габбро-амфиболит, габбро-диабаз (геол.), габброидтену, габбролық, габбро-пегматит (геол.), габбро-порфирит (геол.), андеррайтер (экон.), артиллерия, артиллериялық, апперцепция (пед.), аппликата (мат.), аппликация, асимметрия, ватт-метр, ватт-сағат, атолл (географ.), менингококк, плеврококк, полиметалл, стрептококк, ватт, ватт-метр, ватт-сағат, ватт-секунд, гектоватт, гектоватт-сағат, кило-

ватт, киловатт-сағат, киловольт, кинобюллетень, хетт, хлорофилл (бот.), грамм, грамматика (лингв.), грамм-атом, граммема (лингв.), грамм-моль (хим.), граммофон, грамм-эквивалент (хим.), гроссмейстер (спорт.), дециграмм, параллелепипед, параллелограмм, параллель, параллельдік, параллелизм, т.т.

Ә) **ск, кт, фт** дыбыстарына біткен сөздердің соңына **ы, і** дәнекер дыбыстарын қосылып жазылуы керек. Себебі ол сөздерге қосымша **ы, і** дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, моллюск+і+ге, пакт+і+ні, такт+і+ні, тракт+і+ге, факт+і+сі, перфект+і+ні, интеллект+і+ге, инстинкт+і+ні, рецепт+і+ге, эвкалипт+і+нің, т.с.с. Орфографиялық сөздікте акцепт, акцептіге, акцептісі; манускрипт, манускриптіге, манускриптісі; рецепт, рецептіге, рецептісі; субъект, субъектіге, субъектісі; такт, тактіге, тактісі; тракт, трактіге, трактісі; факт, фактіге, фактісі; абстракт, абстрактіге, абстрактісі; акт, актіге, актісі; антракт, антрактіге, антрактісі; бейнедиск (бейнетабақ), бейнедискіге, бейнедискісі; ландшафт, ландшафтыға, ландшафтысы; лифт, лифтіге, лифтісі, т.с.с. түрде берілген сөздердің түбір қалпын **ы, і** дәнекер дыбыстарымен бірге жазу керек (акцепті, манускрипті, рецепті, субъекті, факті, абстракті, әкті, антракті, ландшафты, лифті, т.с.с.).

Б) **кс, пс, тр, вр, гл, гль** дыбыстарына біткен сөздерді таңбалауда соңғы қатаң дауыссыздардың арасына дәнекер дыбыс кірігуі керек. Орфографиялық сөздікте *бокс, аппендикс, аффикс, антиапекс* (астр.), *археоптерикс* (зоол.), *бифштекс, индекс, кальцекс, кекс, кодекс, кокс, ортодокс, парадокс, рефлекс, суффикс, гипс, вахмистр* (тар., әск.), *кегель, вахмистр, гектолитр, гектометр, децилитр, дециметр, гектолитр, гектометр, гелиометр* (тех.), *динозавр, бакалавр, ихтиозавр, кентавр, манёвр, палеозавр, алебастр, амфитеатр, анемометр, арбитр, арифмометр, аэромагнитометр, барометр, бу-электр, вице-министр, вольтметр, канистр, кинотеатр, магистр, метр, оркестр, параметр, педиатр, ротмистр, сантиметр, семестр, спектр, театр, титр, фильтр, штаб-ротмистр*, т.т. түрде беріліп жүрген сөздер сол заңдылыққа бағындырылуы тиіс.

Қазақ тілінде үнді мен қатаң тіркескенмен, керісінше, қатаң мен үнді қатар келе алмайды. Сондықтан шеттен енген сөздердегі **тр**-ға біткен

сөздерде **т** мен **р** арасына **ы**, **і** дыбыстарын кіргізу керек: *тыйатыр, метір* т.б. XX ғасырдың басындағы сөздіктерде тіліміздің осы ерекшелігі қатаң сақталған: *метр – метір; электр – електір; миллиметр – меліметір; министр – міністір; оркестр — әркестр; спектрометр — іспектір метір; термометр — термеметір; амперметр – әмпірметір* (електір ағынының күшін көрсететін аспап), т.с.с.

Орфографиялық сөздікте электр сөзімен тіркескен сөздер көбінесе біріккен сөз ретінде берілген. Сонда сөздің ортасында 3-4 дауыссыз қатар келген боп шығады. Бұл да қазақ тіліндегі жүйеге қайшы. Мысалы: *электрара, электраспап, электрбұрғы, электрдәнекерлеу, электрдиализ, электрдиірмен, электреттер, электржөндеуші, электресептеуіш, электркорунд (хим.), электрқозғалтқыш, электрқыздырғы, электрқырықтық, электрөткізгіш, электрпеш, электрпойыз, электрсайман, электрстансы, электрстатика*, т.с.с. Дұрысында, мұндай қолданыстар анықтауыштық қатынастан ажырай қоймаған. Сондықтан бірге жазуға келмейді. Бұл орайда академик Р.Сыздықованың төмендегі тұжырымдарын басшылыққа алу керек: «*Екі зат есім қатар айтылып, бір ғана затты атап, алдыңғысы соңғысының тегін (неден жасалғанын), неге арналғанын, немен жұмыс істейтінін және өзгелерінен ажыратылатын белгілерін білдірсе, олар бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: ағаш шот (ағаштан жасалған шот), ат қора (атқа арналған қора), жел диірмен (желмен жұмыс істейтін диірмен), жол азық (жолда жеуге арналған азық), май шам (маймен жанатын шам), шай қасық (шай ішкенде жұмсалатын қасық), кір сабын (кір жууға арналған сабын), ат арба (ат жегілген арба), сары май (сары түсті май), бет орамал (бет сүртуге арналған орамал)*, т.б.».

Шет тілден енген, **енг**, **инг**, **онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы нг дыбысының орнына қазақ тіліндегі ң дыбысын таңбалауға болады: *автопаркинг, агрохолдинг, аутбридинг, аутсорсинг, банкинг, бизнес-рейтинг, бизнес-тренинг, боулинг, брифинг, викинг, демпинг, допинг, импритинг, инбридинг, инжиниринг, карлинг, картинг, кастинг, кикбоксинг, кинг, клиринг, консалтинг, контроллинг, лизинг, маркетинг, митинг, мониторинг, пейджинг, порцинг, рейтинг, роуминг, ринг, семинар-тренинг, серфинг, скрининг, смокинг, спарринг, стайлинг, стерлинг, тренинг, фандрейзинг, франчайзинг, холдинг, хостинг, лозунг, бумеранг, ранг, фланг, сленг, гонг, дифтонг, полидифтонг* т.с.с. Себебі түпнұсқада нг дыбыс тіркесі емес, ң дыбысы. Ол транскрипциядан да

анық көрінеді: сленг – slæŋ, дифтонг – 'dif.θvŋ, паркинг – 'pa:kiŋ, холдинг – 'həul.diŋ, банкинг – 'bæŋ.kiŋ, рейтинг – 'rei.tiŋ, тренинг – 'treiniŋ, боулинг – 'bəu.liŋ, брифинг – 'bri:fiŋ, маркетинг – 'ma:kiŋ т.с.с. Алайда орыс тілінде ң дыбысы болмағандықтан, ңг тіркесімен берілген. Бұл сөздерді делдал тілдегі өзгеріске түскен қалпында емес, түпнұсқадағы қалпына жақын етіп алуға болады.

Орфографиялық сөздіктің соңындағы ережеде (§35) сөздің соңы ңг дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге қосымшаның әрдайым жіңішке жалғанатыны туралы айтылған да соған сәйкес жазылған: акваланг, аквалангіге, аквалангісі; армреслинг, армреслингге, армреслингсі; брифинг, брифингіге, брифингісі; бумеранг, бумерангіге, бумерангісі; дифтонг, дифтонгіге, дифтонгісі; блюминг, блюмингіге, блюмингісі; браунинг, браунингіге, браунингісі; брифинг, брифингіге, брифингісі; демпинг, демпингіге, демпингісі; инжиниринг, инжинирингіге, инжинирингісі; картинг, картингіге, картингісі; лизинг, лизингіге, лизингісі; макро-маркетинг, макромаркетингіге, макромаркетингісі; микромаркетинг, микромаркетингіге, микромаркетингісі; митинг, митингіге, митингісі; мониторинг, мониторингіге, мониторингісі; мустанг, мустангіге, мустангісі, орангутанг, орангутангіге, орангутангісі; пеленг, пеленгіге, пеленгісі; прессинг, прессингіге, прессингісі; пудинг, пудингіге, пудингісі; ранг, рангіге, рангісі; рейтинг, рейтингге, рейтингсі; ринг, рингіге, рингісі; спиннинг, спиннингге, спиннингсі; стерлинг, стерлингге, стерлингсі; тренинг, тренингге, тренингсі; холдинг, холдингге, холдингсі, т.с.с. Бұл ережені жоққа шығарып, ңг дыбыс тіркесіне біткен сөздердің соңын ң әрпімен таңбалап, қосымшаны ешқандай дәнекер дыбыссыз, түбірдің жуан-жіңішкелігіне қарай өзгертіп (әрдайым жіңішке жалғамай) жазу қажет: аквалаңға, аквалаңы; бумераңға, бумераңы; мустаңға, мустаңы; пудиңге, пудиңі; т.с.с. <!-- [if !supportLists]-->Шет тілден енген сөздердің бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндікті бастапқы буындарға ауыстырып не мүлде жойып, езулікке айналдырып жазу керек: автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір т.б.

Сөздікте автоинспектор, редактор, администратор, экскаватор, аккумулятор, акселератор, аллигатор (зоол.), амортизатор, анализатор (биол.), архитектор, аудитор, бейнеадаптор (инф.), вектор, векторлық, генерал-губернатор, детектор, дефлектор, диктор, трактор, иллюминатор, император, императорлық, ингалятор, индикатор, инкассатор,

инквизитор, инкубатор, инспектор, инспекторлық, калькулятор, карбюратор, катализатор, катализаторлық, классификатор, коллектор, комментатор, компенсатор, композитор, композиторлық, конденсатор, консерватор, консерваторлық, конспиратор, корректор, локаатор, мәтіндік редактор (инф.), механизатор, механизаторлық, модератор, мультипликатор, оператор, ординатор (мед.), ординаторлық, осциллятор (физ.), перфоратор, прожектор (тех.), проректор, радиолокатор, радиопрожектор, регенератор (физ.), резонатор, ректор, рефлектор, рефлекторлық, рецепттор, риэлтор, риэлторлық, сенатор, тотализатор, транзистор, трансформатор, эксикатор (ыдыс), экскаватор (тех.), экскаваторшы, элеватор, эмульгатор түрінде берілген атауларды осы заңдылыққа бағындыруға болады.

Шеттен енген сөздердің соңындағы **а** дыбысы түсіріліп жазылуы керек: аптека – аптек, фабрика – пабірік, награда – награт, гитара – гитар, глюкоза – глюкоз, морфема – морфем, фонема – фонем, т.б.

Сөздіктің соңында берілген ережеде редактор: «...Орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер, әсіресе тұрмыс-салтқа қатысты зат, бұйым атаулары ерте кездерден дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады. Мысалы: жәшік, бәтеңке, сіріңке, божы, бөкебай, бөшке, қалаш, шөген, кір (гиря), келі (кило), сот, болыс, облыс, зауыт, тауар (бұл түркі тілдерінің өз сөзі). Соңғы дауысты дыбысын түсіріп қалыптасқан газет, минут, гранат, цифр, координат сияқты он шақты сөзден басқа кірме сөздерде соңғы **а** дыбысы түсірілмей қолданылады және солай жазылады: оптика, кантата, капсула, тирада», – деп жазған. Соған байланысты гитара, морфема (лингв.), морфонема, фонема, голограмма, глюкоза, гемангиома (мед.), гематома (мед.), гемограмма (мед.), гемолимфа (биол.), графема (лингв.), датаграмма (инф.), граммема (лингв.), вискоза, силитра, камфора, т.с.с. түрде жазылған. Дұрысында, бұл атауларды жоғарыдағы қағидаға сәйкес бейімдеуге әбден болады.

Екпін түспеген сөздің соңында қарқын азаятындықтан, ХХ ғасырдың басындағы сөздіктер мен оқулықтарда жер-су атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы**, **і** болып өзгертіліп жазылған: Европа – Жаурыпы, Африка – Әпрікі, Азия – Әзійе, т.б. Осыған сәйкес орфографиялық сөздікте бомба; бомбалану, бомбаланбау, бомбаланған; бомбалату, бомбалау, бомбалаушы, бомбалаушы авиация; бомбалы, бомбапана; доллар, доллар аймағы; долларлы; долларлық; долларшыл; касса; кассалық; т.с.с. түрде жазылып

жүрген сөздерді бомбы, кассы, доллыр түрінде соңғы буынды қысаң дауыстылармен беруге болады.

Сөздіктегі «§18. Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы, негізінен, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады. Мысалы: вагон, паровоз, гидрология, биология, комитет, агроном, агротехника, педагог, медицина, спорт, хирург, конституция, клуб, кино, радио, адвокат, планета, молекула, бюджет, банк, транш» деген қағидадан бас тартып, қазақ тілінің табиғатын, тілдегі жүйені ескеруіміз қажет. Қазақ тіліндегі дыбыс тіркесін, үндестік заңын сақтауға тырысу керек. Бұл орайда алаш зиялыларының еңбектеріндегі термин сөздердің игерілуі негізгі дереккөз бола алады: аттестат – атыстат (куәлік); ацетилен – әсетілен (көмірден алынатын түссіз ғаз); гарнец – гәрніс; гиря – кір (ауырлық өлшеуіш); гитара – гитар (күй-сауық құралы); магистраль – мағыстрал (ұлы сызық); спектрометр – іспектір метір; спектроскоп – іспектірескеп; термометр – термеметір; амперметр – әмпірметір (електр ағынының күшін көрсететін аспап); ампир – әмпір (сәулет үлгісі); ареометр – әреметр (сұйық нәрсенің салмағы, тығыздығын айыратын аспап); фасфор – поспыр; никель – некел; бактерия – бәктеріе; бром – бұром; бертолетовая соль – бертелет тұзы; эфир – епір; этилен – етілен; ацетилен – әсетілен; алюминий – әліүмін; сода – соды; фосфор – поспыр; парафин – парапын; мрамор – мәрмәр; марганец – марған; кокс – көкіс; калий – кәлій; газ – ғаз; гипс – гйіпіс; т.с.с.

Шеттен енген бейүндес сөздерді барынша қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіру қажет. Алаш зиялылары шеттен енген сөздерді қазақ тіліне бейімдегенде жаттығы сезілмейтіндей деңгейге жеткізу керектігін айтқан болатын. Алайда сөздік құрастырушылар қазақ тілінің негізгі заңы – дыбыс үндестігіне мән бермеген. Сол себепті қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдеуге оп-оңай көніп тұрған сөздер бірнеше нұсқада берілген. Мысалы, *жәдігәй; жәдігәйлену, жәдігәйленбеу, жәдігәйленген; жәдігәйлік, жәдігәйлігі* түрінде қазақ тілінің заңдылықтарына бейімдеуге келетін сөзді бейүндес нұсқада да берудің қаншалық қажеті болды? Қазақ тіліндегі үндесім заңына қайшы келетін *жадыгәй; жадыгәйлену, жадыгәйленбеу, жадыгәйленген; жадыгәйлік, жадыгәйлігі; жадыгәйсу, жадыгәйсі, жадыгәйсиді* нұсқасын сөзінің икемделген жіңішке дыбыстардан құралған нұсқасын қалдырып, бейүндес түрін қолданыстан шығару керек. Сол сияқты дыбыстардың тіркесім

заңына сәйкес қазақ тілінің заңдылығына толық ыңғайлана алатын әрі көпшілік қолданып жүрген әртіс сөзі тұрғанда оның түпнұсқаға жақын, тіліміздің заңдылығын бұзып тұрған (сөздің соңында екі қатаң дауыссыздың қатар келуі) артист, артиске, артисі нұсқасын сөзтізбеде арнайы берудің қажеті қанша?

Сөздік құрастырушылар қазақ тілінің заңдылықтарын белшеден басып, бір сөздің бойында үш дауысты и әрпін қатар қолданатын тұстары да бар: гагариит (хим.). Қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі бойынша, үш дауысты қатар келе алмайды. Сөздік құрастырушылар қазақ тілінің табиғатына, дыбыстық заңдылықтарына икемдеместен, бірнеше дауыссыз қатар келетін терминдерді енгізе берген: габбро (геол.); габбро-амфиболит, габбро-диабаз (геол.); габброидтену, габбролық, габбро-пегматит (геол.); габбро-порфирит (геол.); аффект, аффикс, аффикстік, аффинаж (тех.), аффинаждау (тех.), аффинаттау (тех.), аффинация (тех.), аффрикат, баббит, багги (спорт), вакуум, вакуумдау, вакуумдық, вакуумөлшеуіш, глоссарий, грамм, грамматика (лингв.), грамматикалық, грамм-атом, грамм-моль (хим.), граммофон, грамм-эквивалент (хим.), дифференциал, дифференциалдау, дифференциалды, дифференциалдық, дифференциация, диффузия, диффузиялық, диффузор (тех.), т.т.

Сөздік құрастырушылар басқа тілдерде қос сөз ретінде беріліп жүрген бірліктерді қазақ тілінде де тұлғасын өзгертпей берген. Бұл орайда тіліміздің өзіндік ерекшелігін ескергеніміз жөн. Осыған байланысты сөздікте веб-сайт (инф.); веб-құрамдас (инф.); веб-торап (инф.), веб-торабы; гамма-тәсілдер; гамма-глобулин, гамма-глобулинге, гамма-глобулині; гамма-қондырғы; гамма-сәуле; гамма-спектрометр, гамма-спектрометрге, гамма-спектрометрі; гамма-функция; дата-вексель (экон.); стоп-кран, стоп-кранға; т.с.с. сөздерді қазақ тілінің табиғатына сай жазып, баламасын табуға тырысуымыз қажет. Кезінде шет тілден енген біріккен сөздер бір сыңарын аударылып не екі сыңары да аударылмай да қолданылғанымен, қос сөздерде ол дұрыс бола бермейді. Мәселен, орыс тілінде член-корреспондент, стоп-кран, т.с.с. қос сөздердің қазақ тіліндегі баламасы корреспондент-мүше, тежегіш кран, т.с.с. болады. Яғни құрамындағы сөздердің орындары ауысып, тіркеске айналады.

Сөздік құрастырушылар орыс сөздеріне қосымша жалғанған кезде қалай өзгертетінін көрсетуде қандай норманы басшылыққа алғанын түсіну мүмкін емес. Себебі нақты бір ұстаным басшылыққа алынбаған. Сөзіміз дәлелді болуы үшін сөздіктен мысал келтірейік.

**-ог/-уг, -ок/-ук** буынына біткен сөздерге қосымшаның жалғануы:

агробиолог, агробиологке, агробиологі  
аллерголог, аллергологке, аллергологі  
альвеококк (мед.),альвеококқа, альвеокогы  
альпениток, альпенитокке, альпенитогі  
анестезиолог, анестезиологке, анестезиологі  
антрополог, антропологке, антропологі  
археолог, археологке, археологі  
астролог, астрологке, астрологі, астрологтер  
бактериолог, бактериологке, бактериологі  
биолог, биологке, биологі  
блок, блокқа, блогы  
бук (бот.),букқа, бугы  
бульдог, бульдогке, бульдогі  
венеролог, венерологке, венерологі  
вирусолог, вирусологке, вирусологі  
геолог, геологке, геологі  
герцог (тар.), герцогке, герцогі  
гистолог, гистологке, гистологі  
йог, йогқа, йогы  
каучук, каучукқа, каучугы  
кубок, кубокқа, кубогы  
бамбук, бамбукке, бамбугі  
ноутбук, ноутбукқа, ноутбугы  
пролог, прологке, прологі  
психолог, психологке, психологі  
сейсмолог, сейсмологке, сейсмологі  
станок, станокқа, станогы  
стоматолог, стоматологке, стоматологі  
текстолог, текстологке, текстологі  
филолог, филологке, филологі  
эмбриолог (биол.), эмбриологке, эмбриологі

Сөздікте педагог сөзіне қосымшаның қалай жалғанатыны берілмеген екен. Бұл – жиі қолданылатын сөздің бірі. Сондықтан не себепті берілмегені түсініксіз. Сөздіктің ұстанымы дұрыс болса, жазармандардың өзі норманы түсініп, сөз басына кітапқа қарай бермей, өздері нақты ұстанымға сәйкес жаза беруі керек. Алайда орфографиялық



сөздікке қарап, ондай ұстанымды, норманы анықтау мүмкін емес. Модель бір болғанмен, қосымша бірде жуан, бірде жіңішке берілген. Қай кезде жуан не жіңішке болатыны түсініксіз. Сол педагог сөзіне қосымшаның қалай жалғанатынын қарапайым оқушы қалай анықтауы керек? Орфографиялық сөздіктің соңындағы «Қазақ тілінің негізгі емле ережелеріне» сүйенсек: «§34. Қосымшалар сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың әуеніне қарай буын үндестігі бойынша *я* жуан, *я* жіңішке болып жазылады. Мысалы: жұмыс-шы-лар-дың, инсти-тут-тар, пле-нум-да, бюлле-тень-дер, мұға-лім-ге, по-ляк-тар», – делінген (Орфографиялық сөздік. 6-басылуы. Алматы: Дәуір, 2013. - 715-б.). Осы ережені басшылыққа алып әрі *-ог/-уг, -ок/-ук* буынына біткен *йог, блок, бук, каучук, бамбук, ноутбук*, т.с.с. сөздерінің жазылуын басшылыққа алып, педагогқа түрінде жазбақ болсаң, анестезиолог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, биолог, т.б. сөздерге қосымша жіңішке жалғанған. Байқап отырғанымыздай, *-ог/-уг, -ок/-ук* буынына біткен сөздердің көбіне қосымша жіңішке жалғанған. Ал айтылуда *прологке, психологке, сейсмологке, стоматологке, текстологке, филологке, эмбриологке*, т.с.с. түрінде айтылмайды ғой. Сонда сөздік құрастырушылар нені басшылыққа алған? Әр сөздің қалай жазылатынын сөздікке қарап отыруға барлық жазарманның шыдамы жете ме? Сөздіктен таба алмай қалған жағдайда қалай жазуы керек?

*Сәбира Исақова,  
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік  
университетінің профессоры, филология ғылымының докторы*

## **ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ БАЗА ЖАСАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ**

Электрондық сөздіктердің ішінде терминологиялық деректер базасының (ТБД) орны ерекше. Бұл терминологиялық картотекаларды қалыптастыру бойынша жұмыстармен және ғылыми, техникалық, экономикалық және басқа терминдер санының тез өсуімен, терминологиялық ақпараттың үлкен көлемін қолмен өңдей алмауымен байланысты пайда болған терминологиялық қызметтің жаңа бағыты.

ТДБ – бұл арнайы ғылым салаларына бөлінген және әртүрлі қызығушылықтары, білімі және дайындық деңгейі бар белгілі бір пайдаланушы топтарға бағытталған деректердің электрондық жиынтығы. Олар барлық пәндік салалардың терминологиялық деректерін электрондық формада жазуға және оларды үнемі жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта әлемде бірнеше ондаған ірі ТДБ бар, оның ішінде Ресейде (стандартталған терминдер Банкі, медициналық терминдер банкі және басқалары). Әлемдегі ең үлкендерінің бірі – сегіз тілде, оның ішінде орыс тілінде ұсынылған шамамен 2,5 миллион терминологиялық бірліктен тұратын "Siemens" неміс компаниясының ТДБ. ТДБ Француз стандарттау ұйымында, Канадада екі банк құрды. Германияда ТДБ стандарттау институтында және басқа басқару органдарында жұмыс істейді. Люксембургте Еуропалық Одақ комиссиясының терминологиялық бюросында бірнеше тілде автоматтандырылған терминологиялық сөздік түрінде ірі халықаралық ТДБ құрылды. Сондай-ақ, "Nokia Termbank" (телекоммуникация және компанияның өнімдері саласындағы терминологияны қамтитын деректер банкі); "Nordic Termbank-Nordterm" (скандинавиялық ғалымдардың бірлескен жобасы); "MultiTerm" (Trades неміс компаниясы әзірлеген деректер банкі) сияқты беделді ТДБ атап өткен жөн.

Ең беделді еуропалық ТДБ – TermPlus мысалында ақпаратты іздеудің құрылымы мен стратегиясын қарастырыңыз.

Бұл жүйе 1978 жылы Копенгагендегі экономика мектебінің негізінде

қалыптаса бастаған әлемге әйгілі DANTERM (the Danish Centre of Terminology) деректер базасынан бастау алады. TermPlus-бұл DANTERM-нің арнайы пайдаланушы топтарына бағытталған жаңартылған және толықтырылған кешені.

TermPlus деректер банкі логикалық және ұғымдық схемаға негізделген және жүйеге жаңа терминдер қосып қана қоймай, сонымен қатар мәліметтер базасында әлі көрсетілмеген әртүрлі тілдердегі барлық тақырыптық аймақтардың ақпаратын импорттауға мүмкіндік беретін етіп жасалған. ТДБ дереккөздері – белгілі зерттеушілердің жұмыстары, монографиялар, оқулықтар, арнайы сөздіктер және деректер банктері. TermPlus-тің басты мақсаты көптеген тілдерді қамту болғандықтан, ол экономика, медицина, машина жасау, ақпараттық технологиялар, химия, биология және т.б. сияқты ғылымдар ұғымдарын біріктіреді. ТДБ негізгі еуропалық тілдерде ұсынылған, бұл оларды бүкіл әлем бойынша көптеген пайдаланушыларға қол жетімді етеді. Терминнің **termplus**-тегі анықтамасын сарапшылар тексереді, ал сөздік мақалалардың өздері қысқа түрде беріледі, кез келген қолданушы қосымша сілтемелерге жүгініп, термин туралы толығырақ ақпарат ала алады.

Көп тілді жүйелер бола отырып, ТДБ деректермен жұмыс істеу кезінде сақталатын қажетті тілді және аударма тілін таңдауға мүмкіндік береді. ТДБ-ның бұл ерекшелігі оларды көптілді сөздіктерге жақындатады, алайда олардан айырмашылығы, деректер банктері кез келген уақытта берілген опцияларды өзгертуге мүмкіндік береді. Сонымен, *TermPlus* жеті тілге ие (ағылшын, неміс, француз, дат, испан, итальян және орыс). Орыс тілін қосу **TermPlus**-ті көптеген ТДБ-нан ерекшелендіреді және оны пайдаланушылар шеңберін арттырады.

Сөздік мақаланың соңында терминнің мәні, оның соңғы редакциялануы және сөздік мақаланы жасаушы туралы ақпарат бар. Бір қарағанда, деректер базасы – бұл стандартты түсіндірме анықтамалыққа тән қарапайым сөздік мақала, бірақ ТДБ сонымен бірге тәжірибелі және кәсіби пайдаланушылар тобына (терминологтар, аудармашылар, оқытушылар, ғалымдар, лингвистер және т.б.) қажет ұғымның егжей-тегжейлі сипаттамасын беретін бірқатар қосымша сілтемелерге ие.

Материалды ыңғайлы ұйымдастыру ішінара деректерді (жеке терминді де, ұғымдар жүйесін де) экранға шығаруға мүмкіндік береді: пайдаланушының сұраныстарына сәйкес келмейтін ақпарат берілмейді. Белгілі бір білім саласындағы терминдердің тізімін беру мүмкіндігі бар.

Ол үшін іздеу өрісіне (search) белгілі бір белгішені (\*) енгізіп, пайдаланушыны қызықтыратын санатты таңдаңыз.

Терминдердің тізімі және аударма тіліндегі баламасы алфавиттік ретпен беріледі және беттерге бөлінеді. Кіріс бірліктерінің саны (ТДБ-мен жұмыс істейтін зерттеушінің қалауы бойынша) бірден жүзге дейін өзгереді.

English	Russian
event marketing external marketing field research geographic segmentation growth stage image innovative marketing introduction stage launch advertising lifestyle	маркетинг отдельного события международный маркетинг отраслевое исследование сегментация по географическим признакам темп роста имидж новаторский маркетинг этап выведения на рынок пропаганда образ жизни
English	Danish
event marketing	Event markedsforing
English	German
event marketing	Event marketing

Ақпаратты іздеудің мұндай стратегиясы анықтама алу кезінде уақытты үнемдейді және ақпараттың құндылығын арттырады. Егер сіз іздеу шеңберін шектемесеңіз, ол қажетті терминге қатысты барлық ақпараттық санаттарда жүзеге асырылады.

Қажетті термин әртүрлі салаларға қатысты болуы мүмкін және пайда болған ақпаратты қарау (анықтама, контекст және т.б.) белгілі бір уақытты қажет ететіндіктен, қажетті санатпен шектеліп, іздеу шеңберін тарылту ұсынылады.

Екінші жағынан, басқа тапсырманы қою кезінде іздеу шеңберін кеңейтуге болады. Co-marketing (cooperative marketing) терминінің орыс тіліне қалай аударылатынын білу керек делік. Пәрмен жолында атау қойғаннан кейін пайдаланушы нәтиже алады: "co-marketing" орыс тіліне "өзара әрекеттесу маркетингі" деп аударылады.

Мұндай ақпарат жаңадан келген пайдаланушыларды қанағаттандыра алады, олар терминнің қажетті тілге аудармасын алуға жеткілікті болады. Алайда, кәсіби аудармашыларға егжей-тегжейлі ақпарат қажет, мысалы, пайдалану иллюстрациясы-контекст:

co-marketing	Word Class:	n	Source: LBED
Grammar:	U	Area: General	
Status:	T Scope		
Context:	For some years, LEGO was involved in co-marketing with McDonald's.		
Comment:			
Definition:	Marketing in which two or more producers work together to sell their products, for example by selling one of each of their products as part of a set.		
Alt. Terms:	co-operative marketing S		

Сөздік тармағы ықшамдалған, бірақ құрамында бірқатар сілтемелердің (grammar, word class, validity, source, area, comment, homographs, context, scoring etc.) арқылы терминнің анықтамасына, контекстік мағынасына, грамматикалық материалға, синонимдік серияға және басқа ақпараттық категорияларға қол жеткізуге болады.

Толығырақ ақпарат алу үшін "Term Information" пернесін басу қажет. Жүйе "Term", "Definition", "Alternative terms", "Status Info" және "Concept Info" пернелерін басу арқылы әр сілтемеге сәйкес мәліметтерді алуға болатын терезе береді.

TermPlus-тегі жазба тек ұғымға негізделген және берілген барлық ақпарат ұғымдық түрде жүйеленген.

Микроэкономика саласынан мысал келтірейік:

Resources	Free goods Factors of production Scarce Resources	Natural Resources Capital Labour Entrepreneurship
-----------	--	--

Анықтамалар әрдайым әр терминнің мақаласында кездеседі. ТДБ ақпарат көздеріне сілтемелерді ұсынады, бұл жүйеде қамтылған деректердің сенімділігі мен құндылығын көрсетеді.

Әр пәндік салаға код беріледі. Тақырыптық түрде біріктірілген

топтарда сандық сериядан тұратын жеке реттік нөмір бар. Сонымен қатар, бірінші Сан білім саласына, екіншісі – тақырыптық топқа, үшіншісі – тар кіші топқа және т. б. сәйкес келеді. Мысалы, реттік нөмірі 1 Берілген Microeconomics саласында "Scarce Resources and Choice" ұғымының 1 '2' нөмірі бар, "Unlimited Wants" ұғымында 1'2'1, "Scarcity" – 1'2'2, "Choice" – 1'2'3, "Utility-Maximization" – 1'2'4, "Resources" – 1'2'5, "Goods and Services" – 1'2'2'6, және "free goods" және "scarce resources" сияқты ұғымдар 1'2'5.1 және 1'2'5.2 және "Luxury және necessity" нөмірлерінің астында 1'2'6.1 және 1' 2 ' 6.2 және т.б. астында орналасқан, концептуалдық жүйені қалыптастырады.

Материалды мұндай ұғымдық тұрғыдан ұйымдастыру ТДБ аударма жүйелерімен (Translational Memory Systems) бірге пайдалануға және басқа да тақырыптар үшін ұқсас жүйелерді өз бетінше құруға мүмкіндік береді.

FranceTerme – бұл терминдерге арналған веб-сайт, француз тілін байыту бойынша жұмыс жасайтын комиссия ұсынған және Француз республикасының ресми хабаршысында жарияланған терминдер жинақталған. Бұл терминологиялық базада ғылым мен техниканың әртүрлі салаларын қамтитын француз терминдері бар.

FranceTerme:

- шет тілінен енген big data, pure player, хэштэг т.б. сияқты терминдерге француз тілінен балама табуға;
- терминнің анықтамасын қарауға, оның не ағылшын тілінің, не француз тілінің термині екенін анықтауға;
- белгілі бір ғылым саласында бекітілген терминдер тізімін қарауға;
- ресми журналда жарияланған жаңа терминдер туралы электронды поштаға ақпарат алып тұру үшін жазылуға;
- FranceTerme-нің ай сайын шығатын ақпараттық бюллетеніне жазылуға;
- әлі француз тілінде балама таппаған терминдерге ұсыныс жасауға, пікір жазуға;
- кітап дүкені айдарынан жаңа сөздіктер мен кітаптарды тегін жүктеуге мүмкіндік береді.

Француз тілі және Франциядағы тілдер бойынша бас делегация өкіметтегі тіл саясатына басшылық жасайды және оның даму бағытын айқындап отырады. Бұл ведомствоаралық қызмет тікелей мәдениет министріне бағынады, және 30 агенттен тұрады

және мемлекеттік және жеке серіктестерді де қажетінше жұмысқа жұмылдырып отырады.

DGLFLF қосымша ведомствоаралық желілерге сүйенеді, атап айтқанда:

- өз құзыреті шегінде француз тілін пайдалануға кепілдік беретін құқықтық шеңберлерді сақтауды қамтамасыз етуге жауапты лауазымды тұлғалар;

- ғылым мен техниканың әртүрлі пәндерінде біздің тілімізге жаңа терминдер беруге бағытталған негізгі министрлік Департаменттеріндегі терминологиялық колледждер;

- тиісті министрліктердің осы терминдердің қолданылуы туралы хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында терминологиямен және француз тілімен айналысатын аға лауазымды тұлғалар.

Ол экономикалық, әлеуметтік, кәсіби және ғылыми топтармен, сондай-ақ мемлекеттік саясаттағы тілдік мәселелерді кеңінен ескеруді жақтайтын көптеген қауымдастықтармен тығыз жұмыс істейді. Ол көпшілік арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін суретшілерге жиі жүгінеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық ұйымы тіл саясаты саласындағы диалог пен озық тәжірибемен алмасу тұрғысынан франкофон мен Еуропалық ынтымақтастық желілері шеңберінде өз қызметін жүзеге асырады.

Ол парламенттік өкілдікке әртүрлі формада есеп береді: тыңдаулар, жазбаша және ауызша сұрақтарға жауаптар және жыл сайын 15 қыркүйекке дейін Францияда және бүкіл әлемде француз тілін қолдануға шолу жасайтын баяндама ұсынады.

Жалпы делегация оның саясатының қоғамға әсерін күшейтуге ықпал ететін жобалардың жүзеге асырылуын қолдайды. Мұндай қолдау негізінен ынталандырушы рөл атқарады: ол қосымша қаржыландыруды жұмылдыруда жобаларды жүзеге асыратындарға қолдау көрсету тетігі ретінде қызмет етеді және тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсаты жоқ.

Француз терминдеріне қажеттілік...

Тірі қалу үшін тіл қазіргі әлемді оның барлық алуан түрлілігі мен күрделілігін де білдіре алуы керек.

Жыл сайын біздің әлемде, қазір техникада үстемдік ететін, түсінуге және атауға болатын сансыз жаңа шындықтар пайда болады.

Себебі, мамандар өз тілдерінде дәл сөйлесе алуы керек, аудармашылар техникалық мәтіндерді француз тіліне дұрыс аударуы керек, азаматтар бұл шындықты, көбінесе өте күрделі, өз тілдерінде білуі керек.

Әрине, француз тілі тірі және оның лексикасын Қазіргі әлемдегі өзгерістерге бейімдеу көбінесе тікелей зертханаларда, шеберханаларда немесе конструкторлық бюроларда жүзеге асырылады.

Алайда, кейбір салаларда мамандар шетелдік терминдерді жаппай қолдануға жүгінуге мәжбүр болмас үшін, бәріне бірдей түсінікті емес, бүгінгі шындыққа сілтеме жасау үшін Француз терминдерін құруды ынталандыру және жеңілдету керек: сондықтан француз тіліндегі терминологиялық өндіріс императив болып табылады.

Сондықтан елу жылға жуық уақыт ішінде Үкімет жаңа француз терминдерін құруға, таратуға және қолдануға шақырды.

1996 жылғы 3 шілдедегі жарлықпен енгізілген қазіргі жүйе (2015 жылғы 25 наурыздағы түзетулермен) біздің ғылыми-техникалық лексикамыздағы олқылықтарды толтыруға, атап айтқанда, шетелдік атаулармен пайда болатын жаңа ұғымдарды анықтауға, көбінесе ағылшын-американдық тілде, содан кейін француз тілінде балама терминдер жасауға арналған.

Оны француз тілі және француз тілдері жөніндегі бас делегация (DGLFLF) үйлестіреді және премьер-министрдің басшылығымен француз тілін байыту жөніндегі комиссия кіреді, оған ғылым мен техника саласындағы сарапшылар, сондай-ақ әкімшілік, Француз академиясы, Ғылым Академиясы және стандарттау органдарының (AFNOR) өкілдері, француз тілді елдердің тіл мекемелерінің тілшілері және тілге мамандандырылған ғалымдар қатысады. Әртүрлі министрліктерде орналасқан он тоғыз колледждің сарапшылары байыту комиссияларына қажетті терминдерді ұсынып, оларды анықтамамен сүйемелдеуі керек. Француз академиясы бекіткеннен кейін байыту жөніндегі комиссия қабылдаған шарттар Француз Республикасының ресми хабаршысында жарияланады; олар тек мемлекеттік мекемелерде міндетті болып табылады, бірақ аудармашылар мен техникалық редакторлар үшін Анықтама ретінде пайдаланылуы мүмкін, сонымен қатар мүмкіндігінше түсінуге мүдделі барлық адамдар үшін.

Француз тілінде сөз құру ережелеріне сәйкес қауіпсіз және дәйекті терминологияны жасауға, оның мамандарға қол жетімділігін қамтамасыз етуге және көпшілік үшін жаңа ғылыми және техникалық



тұжырымдамалардың қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған келісілген күш-жігер француз тілін байыту механизмінің мақсаттары болып табылады.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары, аудармашылар, әсіресе француз тілі ресми және жұмыс тілі болып табылатын халықаралық ұйымдарда мамандандырылған салаларда Француз терминдері қажет, ғылыми пәндерді оқытуды француз тілінде біздің тілімізде білім беру үшін жүргізуге болады: мәселе француз тілін сақтау және оны тарату үшін өте маңызды.

The image shows two screenshots of the FranceTerme website. The top screenshot shows the search interface with the search bar empty. The bottom screenshot shows the search results for the term "fontaine atomique".

**FranceTerme**

Qu'est-ce que la terminologie ? / Le dispositif d'enrichissement de la langue française / Domaines / Ressources terminologiques

Ce site est consacré aux termes publiés au *Journal officiel* de la République française par la Commission d'enrichissement de la langue française. Plus de 8 500 termes pour nommer en français les réalités nouvelles et les innovations scientifiques et techniques.

**RECHERCHER**

Tous les domaines

**DERNIERS TERMES PUBLIÉS**

micromobilité urbaine **vélo-école**  
gestion immobilière multifonctionnelle: **sas pour vélos** gyrovase **gyroplanche**  
**vélo-cargo** **électromobilité**  
gestion immobilière globale agriculture de conservation des sols agriculture naturelle **permaculture**

**EN VEDETTE**

arts  
jeu  
mentor  
spectacle solo  
education  
attendu  
évaluation sommative  
bibaccolleurkat  
restauration  
restauration rapide  
aire de restauration  
carnion de restauration

**RECOMMANDATIONS**  
DUSAGE

WEBINAR  
PODCAST(ING)  
FAKE NEWS  
Nègre (littéraire)  
LOW COST  
STREET  
voir toutes les recommandations

Toponymie  
Vous pouvez le dire en français

**INFOLETTRES**  
PARUES

Infolettre #14 - mai 2021  
Infolettre #13 - avril 2021  
Infolettre #12 - mars 2021  
Infolettre #11 - février 2021

---

**FranceTerme**

Qu'est-ce que la terminologie ? / Le dispositif d'enrichissement de la langue française / Domaines / Ressources terminologiques

**/ RECHERCHER**

Fontaine Tous les domaines

**horloge à fontaine atomique** *Journal officiel du 07/10/2012*

Domaine : PHYSIQUE

**Définition** : Horloge atomique dans laquelle la cavité électromagnétique servant au couplage du rayonnement des atomes et des vibrations d'un oscillateur à quartz est traversée dans les deux sens par des atomes froids.

**Note**

- La réussite de certaines missions spatiales de localisation, de navigation et de recherche fondamentale repose sur la stabilité et l'exactitude qu'offrent les horloges à **horloge** atomique.
- Le nom de « **horloge** » vient de la première réalisation de ce dispositif, dans laquelle on émettait vers le haut des atomes froids qui tombaient sous l'action de la pesanteur.

Voir aussi : **atome froid**  
Équivalent étranger : atomic fountain clock (en)

Télécharger la fiche au format RTF

**RECOMMANDATIONS**  
DUSAGE

WEBINAR  
PODCAST(ING)  
FAKE NEWS  
Nègre (littéraire)  
LOW COST  
STREET  
voir toutes les recommandations

Toponymie  
Vous pouvez le dire en français

**INFOLETTRES**  
PARUES

Infolettre #14 - mai 2021  
Infolettre #13 - avril 2021

*Сая Итеғұлова,  
Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері,  
филология ғылымының кандидаты*

## **ТІЛДЕГІ КІРМЕ ТЕРМИНДЕР: ИГЕРІЛУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАРЫ**

Тіл – сөйлеу әрекетінің арқауы ғана емес, тұтас халықтың дәстүрі мен ділінен хабар беретін өзіндік ерекшелігі. Тілдің ұлт тарихындағы орны туралы Ахмет Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» - деген ой-толғамынан асырып ешкім айта алмас. Еліміз Тәуелсіздігін алған күннен бастап қазақ тілі мемлекеттік тіл деп жарияланып, қоғам өмірінің сан саласына белсене араласқан болатын. Десек те, өткен ғасырдың басында-ақ Алаш зиялылары қарыштата дамытқан қазақ тілі күні бүгінге дейін ғылым тілі ретінде бар әлеуетін пайдалана алмай келеді. Бұл пікірімізге тілімізге еніп кеткен, әлі де пәрменді түрде еніп жатқан кірме терминдердің көптігін және «кірме терминдерді донор тілден ешбір өзгеріссіз қабылдай беру керек» деген көзқарастың басымдылығын дәлел ретінде тартпақпыз.

XX ғасырдың басында қазақ зиялылары кірме терминдерді бірде «жат сөздер», «бөгде сөздер», «кірме сөздер» деп қолданса, бірде «бұратана сөздер», «бұралқы сөздер», «қотыр сөздер» деп атаған. Сөздің эмоционалды-экспрессивті реңкінен-ақ бұл сөздердің тілімізге игерілмей енуіне деген теріс көзқарасты байқауға болады. Кірме сөздердің тілімізге көптеп кіруі, әсіресе қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктері мен тілдік заңдылықтарын ескермей енуі тілімізді шұбарлауға жасалған қадам екенін жіті аңғарған ғалымдар өз мақалаларында осы мәселелерді көтереді [1].

Ал 30-жылдардан бастап кірме сөздерге «интернационал терминдер», «халықаралық терминдер» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім сала-

сындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса көрсететін беталыс қалыптасады [2].

Кірме терминдерге осылайша «халықаралық терминдер» деген сипат беріп, оларды орыс тілінің заңдылықтарына сәйкес игерілген күйінде қабылдану қазақ тілінің ғылым тілі ретінде дамуын тежейтін басым факторлардың біріне айналды. Кірме терминдерді игеруде қазақ тілі реципиент тіл, яғни ақпаратты алушы, сіңіруші, пайдаланушы тіл деңгейінен аса алмай қалды.

Қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту қажеттілігі туындап отырған бүгінгі таңда кірме терминдерді қабылдау, оларды игеру мәселесіне байланысты ұлттық ұстанымдар қалыптасып, термин қабылдау қағидаттарында жаһандық үдеріске мән бере отырып жекелік, даралық, ұлттық сипаттарды сақтау мәселелері етек ала бастады. Еліміздегі жетекші терминолог ғалымдар өзге тілдерден терминдерді қабылдауда донор тілдің қызметін атқарып отырған орыс тілінің көмегінсіз тікелей түпнұсқа тілден алу және оны тіліміздің фономорфологиялық ерекшелігіне сәйкес реттеу мәселесін қазіргі терминжасам процесінде басшылыққа алынатын негізгі қағидаттардың қатарында ұсынып отыр.

А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы сияқты ғалым терминшілердің әр жылдары айтқан ой-толғамдары

- Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;
- Қазақтың өз тілінен табылмаған терминдерді басқа түркі халықтарынан іздеу;
- Еуропа халықтарының бәріне де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;
- Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау деген ортақ қағидаттарға саяды [3].

Бүгінгі таңда терминологияның өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық бағыттағы бірқатар шаралардың, атап айтқанда әдістемелік семинарлар, республикалық және халықаралық деңгейдегі

онлайн, офлайн конференциялардың ұйымдастырылып жүргені жұртшылыққа белгілі. Сондай-ақ қоғамда пікірталастар мен ой-талқы тудырып отырған салалық терминдерді біріздендіру, сәтті баламаларды кеңінен насихаттап, сәтсіз баламаларды авторлық қолданыстарда пайдалануға жол бермеу, ұлттық терминқорды жетілдіріп, толассыз еніп жатқан кірме терминдерді игеру бағытында жүргізілетін жұмыстар легі белгіленді.

Терминдерді біріздендіру, шеттілдік терминдерді қазақ тілінің тілдік заңдылықтарына қарай игеру мәселесімен тікелей Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия айналысады. Қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласында ұсыныстар әзірлейтін консультациялық-кеңесші орган ретінде ұйымдастырылған комиссияның тарапынан бекітілген терминдерді сала мамандары, жалпы жұртшылық басшылыққа алу керек. Десек те бекітілген терминдердің өзін қолданудағы әркелкілік әлі де болса кездесіп қалады. Әсіресе теледидардағы, әлеуметтік желілердегі, газет-журналдардағы, кей оқулықтар мен әдебиеттердегі авторлық қолданыстағы сөздер мен терминдерді жұртшылық дұрыс нұсқаға балап, шатасып жататыны ащы шындық.

Терминологиялық комиссия осындай кемшіліктерді жою немесе болдырмау үшін қоғамда кеңінен қолданылып жүрген, бірақ ресми бекітілмеген терминдерді іріктеп, оларға арнайы сараптамалар жасап, бекітіп отырады. Терминологиялық қорды осылайша реттеп отыру әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Кірме терминдердің халқымызда бұрыннан бар, жұртшылыққа таныс нұсқалары да жиі кездесіп жатады. Мұндай етене сіңіп кеткен баламалар көбіне жарыспалы атау ретінде қолданылып жүріп, кейіннен терминдік сипат алады. Мәселен информатика және есептеуіш техника саласында қолданылатын «мышка» термині ел ішінде «тышқан, тінтуір» түрінде қолданылып жүріп, соңғы «тінтуір» нұсқасы бекітілді.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Кеңестік тілдік саясат «халықаралық терминдер аударылмайды» деген ережені енгізіп, төлнұсқа тілдегі терминдердің орыс тілінің заңдылықтарына сәйкестендіре қабылданған нұсқасын Кеңес одағының құрамындағы елдерге мәжбүрлі түрде енгізгендігін білеміз. Бұл тіліміздің әуезділігінің бұзылуына әкелгені де уақыт шындығы. Ал қазір кірме терминдерді донор тілден

калька күйінде қабылдамай, қазақ тілінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіре қабылдаудың бірнеше тиімді жолдары белгілі болып отыр. Бұл мәселелер «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелерінде» жан-жақты зерделеніп, қазақ тіліндегі дыбыстардың үндесімі мен үйлесіміне сәйкес жазылатын кірме сөздер; қосымшалардың үндестік заңына бағынбай жалғанатын сәттері; жіңішкелік және айырым белгілері сияқты қазақ тілінің табиғатына жат тілдік құбылыстар кездесетін кірме сөздердің жазылу барысы; аван-, авто-, евро- сияқты префикстердің жазылу ерекшеліктері; негізінен ағылшын тілінен енген заманауи терминдердің басым көпшілігінде кездесетін «нг» сияқты әріп тіркесін төлнұсқа тілдің транскрипциясына сәйкес «ң» әрпімен қабылдаудың артықшылығы сияқты нақты талқылауды, зерделеу мен түсіндіруді қажет ететін тұстары арнайы параграфтарда көрсетіледі.

Осы тұста «тілімізге әбден сіңіп, етене жақын болып кеткен халықаралық терминдерді сол күйінде қалдыру керек» деген пікірлер мен ұстанымдардың бар екендігін айта кеткеніміз жөн. Шынтуайтына келгенде, терминжасам – өте күрделі де қиын үрдіс. Ол – сатылай жүзеге асатын тілдік құбылыс. Сондықтан кей халықаралық терминдерге жекелеген авторлар тарапынан балама берілгенімен, жалпы қолданысқа ене алмай жатады. Мұндай жағдайда терминком отырыстарында оларды әлемдік тәжірибеде қалыптасқан нұсқасына сәйкестендіру жұмыстары да жүргізіледі. Жалпы кірме терминдерді қазақ тілінде игеру барысында туыстас түрік, әзірбайжан, қырғыз, өзбек және жетекші ағылшын, испан, неміс, француз, орыс тілдердегі тәжірибе ескеріліп, бекітілетін терминдерге арнайы лингвистикалық сараптама жасалады.

Кірме терминдерді игеру барысында жүргізілетін жұмыстардың келесі легі терминологиялық жұмыстардың ашықтығын көрсетуге, қоғаммен тығыз байланыс орнатуға және салалық терминдердің сапасын арттырып, сөздік қорымыздың терминжасамдағы мүмкіндіктерін мейлінше пайдалануға бағытталады. Осы ретте «Қазақ терминологиясының мазмұны мен құрылымы» атты терминтану ғылымының бүгінгі ахуалы мен терминжасамның басты қағидалары бойынша көпшілікке ақпарат беруге арналған электрондық алаң туралы айта кеткеніміз дұрыс. Терминология саласының жетекші ғалымдары сарапшы ретінде тартылған, ұлттық терминологиялық

қорды толықтыруды көздейтін платформада 400 мыңға жуық термин енгізілген. Сондай-ақ сала мамандары мен жұртшылықтың арасындағы қарым-қатынасты қамтамасыз ететін сұрақ-жауап форматындағы офлайн конференциялар мен онлайн конференциялар және семинар-кеңестер ұйымдастырылады.

Терминологиялық алаңның кірме терминдерді бекіту барысында да айтарлықтай маңызы зор. Бекітілетін терминдер тізімі мен оларға жасалған лингвистикалық сараптаманың қорытындылары «Termincom.kz» сайтында жарияланып, көпшілікке таныстырылады. Кез келген қолданушы алаңның өзінде немесе әлеуметтік желілерінде терминдерді талқылап, пікірлерін білдіре алады. Жұртшылықтың уәжді пікірлері мен тұшымды ұсыныстары терминдерді бекіту барысында ескеріледі.

Қоғамдағы интеграциялық үдерістердің тілдік қабаттарға тигізетін ықпалын ескере отырып, кірме сөздер мен тіркесімдердің қазақ тілін шұбарлауына жол бермеу – бүгінгі басты мақсаттардың бірі. Терминдерді дайын күйінде қабылдау тілдің ғылыми, қоғамдық, коммуникативтік қызметін әлсірететінін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Демек, шеттілдік терминдерді меңгеру барысында тіліміздің өзіндік заңдылықтарына нұқсан келмеу жағына баса назар аударып, терминдерді қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үдерісін ілгері жылжытатын құрал ретінде қабылдағанмыз дұрыс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910–1930 жылдар). – Алматы: Ел-шежіре, 2008.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004.
3. Айдарбек Қ. Қазақ терминжасамының ортақ қағидаты бар. // <https://www.mtdi.kz/main/audarma/q/1/id/978>



сым болған кезеңдерге Орхон түрік<sup>1</sup>, ұйғыр<sup>2</sup> және қараханлыларды<sup>3</sup> жатқызуға болады.

Исламды қабылдағаннан кейінгі кезеңдерде, кейбір аудармалар мен авторлықтуындыларды және белгілі кезеңдерді қоспағанда, жаңа ұғымдар үшін арнайы сөздік жасалмады, терминдер және т.б. сөз жетіспеушілікті қанағаттандыру үшін араб, кейбір жағдайда парсы тілі қолданылды.

Қазіргі кезеңдерде өнеркәсіп пен технологияның және өзара қарым-қатынастың дамуы әр әртүрлі сала атауларының тікелей немесе *calque* (*калька*) жолымен бір тілден екінші тілге ену үрдісін жеңілдетті. Алайда бұл ғылым, өнеркәсіп, технология және т.б. салалардағы тілдік және терминологиялық тәуелділікке әкеле отырып, шет елдерден алынған ғылым, өнеркәсіп және технология өнімдерімен бірге олардың терминологиясы енді. Шынында да, батыс тілдерінен Османлы түрік тілі мен қазіргі түрік тіліне енген кірме сөздердің басым бөлігі терминдер болып табылады. Демек, термин анықтамасының шекарасын белгілеу өзекті мәселе болып табылады. Кез келген бір сөздің қай жағдайда жай сөз, қай жағдайда номенклатура екенін анықтау айқын емес және қиын. Осы және т.б. себептерге байланысты ұлттық және халықаралық деңгейдегі әскери, саяси және экономикалық қатынастардағы қиындықтар аралас ғылым саласын, терминологияны қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Түрік терминологиясы тарихының негізгі компоненттері – түрік, араб және француз тілдерінен, екінші деңгейдегі терминологиялық компоненттері – итальян және грек тілдерінен Османлы түрік тіліне, кейін қазіргі түрік тіліне енген терминдер болып табылады. Батыс тілдерінен енген кірме сөздердің негізі француз тілі болғанымен, француз тілін біртіндеп ағылшын тілі басуда. Алайда, екі ғасырлық тарихы бар француз тілінен тікелей жолмен енген кірме терминдердің санының

---

<sup>1</sup>Жазулардағы *señün, sü, şad, şadapit* және т.б. жазу тарихымыздағы алғашқы кірме терминдері: әскери әкімшілік терминдер болып табылады.

<sup>2</sup>Ұйғыр тілінің *baqsı, burhan, ksanti, nom, taluy, tsañ, uştmañ, üjik* және т.б. көптеген діни терминдер шет тілдерінен енген кірме терминдер болып табылады. Калька арқылы кірме сөздерді қабылдау Ұйғыр аудармашыларының ең жақсы білетін саласы. Мысалы, буддисттік ілімде көздің бес сыныбы деп аталатын *санскритше Nāmsacaksus, divyacaksus, dharmacaksus, prajñacaksus, buddhacaksus терминдері ät köz, nomlug köz, bilgä biliglig köz, burxanlıg köz* (Erdal 1991: 141) болып және т.б. мысалдардан да белгілі діни терминдер ұйғыр тіліне негізінен калька жолымен көшірілді. Ұйғыр түрікшесіндегі бұл түркілік дәстүр Қарахан дәуірінде де өз жалғасын табады.

<sup>3</sup> Құтты Білік және қасиетті Құран жоларасы аудармалары: қасиетті Құран терминдерінің басым бөлігінің түрік тіліне тән балама сөздерімен аударылуы түрік тілінің Ислам дініне қатысты терминология саласында белгілі бір дәрежеде дамығанын, бір жүйеге келгенін көрсетеді. *Tapug* ~ *taat, törütigli* ~ *halik, yükün* ~ *namaz kıl*-, *Keçirgen* = Ар. *Ğafür, Ğaffär* 'өте кешірімді; *Ugan* = Ар. *Ğädір, Ğadір* 'құдіреттілігі бар, тілек орындаушы'; *Törütülmіş* = Ар. *Mañlük* және т.б. (Eker 2006).



алуандылығы мен екі тіл арасындағы байланыс негізінде француз тілінен енген кірме сөздердің белгілі бір уақытқа дейін өз маңыздылығы мен тілдегі орнын сақтайды деп айтуға болады.

## 2. Түрік терминологиясы тарихындағы негізгі кезеңдер

Түрік терминологиясының тарихына көз шалсақ мынандай негізгі кезеңдерді атап өтуге болады:

- Османлы-исламдық дәстүрлі терминология кезеңі
- Османлы-Батыс ықпалындағы терминология кезеңі
- Республикалық кезеңдегі түрік терминологиясы

### 2.1. Османлы-исламдық дәстүрлі терминология кезеңі

Ерте жазба тарихи кезеңдердегі Түркілік дәстүр «Ақиқат сыйы» (Atabetü'l-Накауік) еңбегінен кейін біртіндеп әлсіреді. Ескі Анадолы түрікшесі деп аталған кезең түркілік дәстүрдің соңғы кезеңі болды, оның орнын Батыс Түрік тілінің жазба дәстүрі басты.

Османлы хандығының империяға айналуы, халифаттың түріктердің қарамағына өтуі және т.б. себептерге байланысты Османлылар Шығыс ислам әлемінің бір бөлігі ретінде дәстүрлі Шығыс ғылымы мен өнерінің терминологиясын араб (кейде парсы) дереккөздерінен алды. Алайда түрік терминдері де, әсіресе дәстүрлі медицинада түрік терминдерінен де біразы пайдаланылды. Бұл кезеңдердегі авторлық сөздіктер де Ислам әлемінің тілдері болып табылатын араб және/немесе парсы тілдеріне арналды. Түрікше немесе Түрік тілі мен басқа тілдер арасындағы Османлы сөздігі жоқ деп айтарлықтай өте аз болған еді.

Түрік тіліндегі алғашқы Батыс тілді кірме сөздер соғыс, сауда және т.б. жолдары арқылы енді. Әдетте бұл сөздер Балқан және Еуропа тілдерінен: славян, грек, латын, венгр, итальян, неміс тілдерінен енген еді. Олардың көпшілігі бүгінде тарихи терминге айналды: *ban, çete, despot, filori, kapudan, kral, palanka, voynuk, voyvoda* және т.б. мәртебе және дәреже терминдері (Salim 2019).

Оғыз түріктерінің Анадолыға қоныстанғаннан бері жергілікті тілдермен, әсіресе Рум грек тілі<sup>4</sup> және армян<sup>5</sup> тілдерімен, итальян (генуез, венециан, т.б.)<sup>6</sup> сияқты сауда тілдерімен байланыстары түрік тілінің лексикалық қорында да көрінді. Диалектілердегі жат элементтердің

<sup>4</sup> Рум гректері: Түркия мен Кипрде өмір сүретін гректерге Рум дейді; Tietze, Lehnwörter I: Tietze A., Griechische Lehnwörter im anatolischen Türkisch, Oriens, 1955, pp. 204-257.

<sup>5</sup> Robert Dankoff, *Armenian Loanwords in Turkish*, Otto Harrassowitz Verlag, 1995.

<sup>6</sup> Итальян түбірлі кейбір қаржы және теңіз терминдері: *acenta, borsa, bilanço, ciro, deposito, fatura, firma, iskonta, kasa, kasko, konkordato, lira, sigorta; aborda, abluka, aganta, alabanda, alarga, borina, firtina, filika* vb. (TDK, Türkçe Sözlük)

болуы Анадолы түріктері мен Анадолы армяндары және Рум гректері арасындағы мың жылға жуық ортақ мәдени өмірге байланысты. Рум грек тілінен қабылданған лексика жазбаша және ауызекі тілде кеңінен қолданылған болса, армян тілінен енген кірме сөздері жазба тілде емес, диалектілерде шоғырланды.

Рум грек және көне грек сөздердің бір бөлігі Осман империясының мәдени географиясының әсерінен енді, басқа бір бөлігі француз, ағылшын тілдері арқылы көне грек (немесе латын) тілінен енген немесе грек тілінің морфемалары арқылы жасалған сөздер болып табылады<sup>7</sup>. Рум грек тілінен енген сөздер әдетте күнделікті лексикада қолданылды, ал Yunanca/Grekçe сөздердің маңызды бөлігі термин ретінде қабылданды<sup>8</sup>.

Көне заманнан бері Осман империясының Еуропаның маңызды сауда орталықтарымен теңіз және құрлық арқылы байланыста болуы осман түрікшесіне көптеген терминдердің енуіне әсер етті, әсіресе итальян тілінен теңіз, экономика, сақтандыру, музыка, қаржы және т.б. салаларға байланысты терминдер көптеп енді. Теңіз саласы және теңіз өнімдеріне қатысты терминдердің едәуір бөлігі Осман империясының қол астында болған гректер әсерінен, яғни грек тілі арқылы енгені белгілі. Стамбул – Батыс тілдерінен (гректер мен левантиндер және т.б. арқылы) енген кірме сөздерді қабылдау орталығы болып саналады.

### **2.2. Османлы-Батыс ықпалындағы терминология кезеңі**

Құлдырау кезеңінде Батыс әскерлеріне қарсы бірінен соң бірі болған әскери жеңіліс Осман империясының өнеркәсіптік және технологиялық жағынан артта қалғанын және әлсіз екенін айқын көрсетті. Атап айтқанда, Ресей патшалығының заманауи батыстық технологиялар мен оқыту әдістерін қолдана отырып дамытқан флотының 1770 жылы Чешмадағы Османлы флотын жоюы түрік терминологиясының тарихында да бетбұрыс болды.

Османдықтар да орыстар сияқты әскери-теңіз күштері мен құрлық армиясының офицерлерін заманауи әдістермен оқыту және жабдықтау үшін батыс стиліндегі *Mühendishane-i Bahr-ı Hümayun*, *Mühendishane-i Berr-i Hümayun*, *Mekteb-i Tibbiye* және т.б. әскери оқу орындарын құрды<sup>9</sup>. Бұл оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісін ең алдымен аудармашылар арқылы

<sup>7</sup>Көне грек тілі мен өлі тілдердің қатарына жататын латын тілі Батыста әлі күнге дейін ғылым, өнер, технология және т.б. салаларда кем дегенде термин жасауда пайдаланылатын қайнар көз сипатын сақтауда. Бір қызығы, бұл терминдер қазіргі грек тіліне шетелдік терминдер ретінде енген.

<sup>8</sup>*anahar, demet, domates, efendi, fasulye, fiç, ihlamur, ızgara, kavanoz, kiraz, kiremit, masa, patates, roka, temel, sınır, tuğla* және т.б. көне грек-грек-Рум грек сөздерінің түрік тіліне ену жолдарын қараңыз (Arrigoni 1974)

<sup>9</sup>bk. <https://islamansiklopedisi.org.tr/mekteb-i-tibbiye>

жүзеге асырды, одан нәтиже болмаған соң француз терминдерін сол қалпында түпнұсқада қабылдау мен білім беру тілі ретінде француз тілін таңдау немесе араб-парсы лексикасы арқылы француз терминдеріне балама беру удерісі басталды. Бұл Республикалық кезеңге дейін жалғасты.

Батыс елдерімен қарым-қатынастар, батыстық үлгідегі модернизация мен институттандыру талпыныстары нәтижесінде, әсіресе Османлы империясында «Gülhane Natt-ı Hümayun» (Гүлхане Хатт-ы Хумаюну) жарияланғаннан кейін, француз тіліндегі терминдерді Османлы тіліне аудару қажеттілігі туындады.

Танзиматтан кейін Еуропамен интеллектуалдық байланыстың артуы, аудармалардың көбеюі, газет-журнал айдарында әлеуметтік мәселелердің орын алуы, шетел сөздері мен терминдері халық санасына көптеген жаңа ұғымдардың енуіне себеп болды. Осы орайда *opinion publique* терминіне балама *efkar-ı umumiyye, crise'e* балама *buhran buhran-ı mali, kavanin-i içtimaiyye, hukuk-ı beşer, hâkimiyet-i milliyye, münasebat-ı beynelmilel, devlet-i meşruta* және т.б. 'ана тілде' баламалар жасала басталды (Levend 1960). 1870 жылы Венада Барон Оттокар вон Шлехта-Вссердтің (Baron Ottokar von Schlechta-Wssehrd) жариялаған "Франс-оттоманның қолмен жасалған терминологиясы" атты кітабында: «Осман империясы мен басқа мемлекеттер арасындағы саяси, заң және сауда қатынастары күннен-күнге дамиды болады және бұл байланыстардың шеңбері кеңейгенде жоғарыда аталған саясат, заң және сауда баптары бойынша француз тілінде жазылған әртүрлі құжаттар мен ақпараттар османлы тіліне аударылуы міндеттеледі. Бұл себепті француз тілінде хат алмасуларда қолданылған ресми, арнайы идиомалар мен терминдер түрік тілінің қазіргі сөздіктерінде кездеспейді».

Левенд бойынша Батыс тілдерінен алғаш қабылданған сөз *statusquo* болып табылады (1789). Бұл сөздің енгенінен елу жыл өткен соң *politique* және *diplomatie* сөздері мен қаржы терминдері *empirant* және *avance* енді. Кейінірек "politique" сөзі парсы сөзімен тіркесе отырып *hulasa-i politikiyye* сияқты идиома түрінде қолданылды. Бұл кезеңде Әли Суави сынды басқа да зиялылар ғылыми терминдерді батыстан түпнұсқа түрінде қабылдау керек десе де, көпшілік ғалымдар медицина және ғылым терминдері араб тілінің лексикасы арқылы жасалуы керек дегенді ұстанды (1960: 72, 109, 110).

### 2.3. Республикалық кезеңдегі түрік терминологиясы

Үшінші кезеңде, яғни Республикалық кезеңде терминология жасауда

толығымен дерлік ана тілді қолдана отырып жасау үрдісі басталды. 1932 жылы Ататүрік Түрік тілін зерттеу қоғамын (ТТЗҚ) құрып («Türk Dili Tetkik Cemiyeti» (TDTC)), Тіл реформасын бастады. Ататүрк нұсқауымен 1937 оқу жылында түрік тілінде жасалған терминдері бар оқулықтар енгізілді.

ТТЗҚ-ның жұмыс бағыттарының бірі «Лұғат-Истылах» (“Lugat-Istilah”) яғни «Термин сөздігі» болды. Осы бағыттың бес жылдық жұмысының нәтижесінде 1937 жылы «түрік тілінің» жаңа дәуірі басталды. Ататүріктің өзі француз сөздерінің баламасын жасап, француз тілінен геометрияның негізгі терминдерін түрік тіліне енгізді. Дихотомияның мысалы: түрік тілі реформасының алғашқы кезеңдерінде «ең көне және ең бірегей, әлемдегі түрік мәдениетінің зор маңызы» ұғымы және түрік тілінің барлық тілдердің анасы негізді Күн тілі теориясы (Güneş-Dil Teorisi) арқылы Батыс тілдерінен, тіпті араб тілінен түрік тіліне енген терминдердің түпкі мәнінде түрікше екенін дәлелдеу күн тәртібінде болды<sup>10</sup>.

1932 жылдан 1980 жылдарға дейін ең маңызды болған кірме сөздерді түрікшелеу осы уақыттан кейін маңыздылығын жоғалтқанымен, түрік тілі лексикалық қорында түрік тілі негізді сөздер мен бұл сөздердің көбею жылдамдығы өсті. Қазіргі түрік тіліндегі кірме сөздердің арасында бірінші орында араб, екінші орында француз, одан кейін парсы, итальян, ағылшын және Рум грек тілінен алынған сөздер. Сондай-ақ саны аз латын, неміс, испан, орыс, венгр, словак, армян, моңғол, португал, болгар және жапон тілдерінен енген сөздер де бар. Соңғы елу жылда француз тілін ағылшын тілі басқанымен, француз тілінен енген сөздердің үлесі әлі де өте жоғары, ағылшын тілінің сөздері болса бұл үрдіске қарамастан саны төмен.

Қазіргі түрік жазба тілінің лексикалық қорын жинақтаған Түрік тілі сөздігінде сөздер, терминдер, идиомалар мен мағыналардан тұратын 104 481 сөз бар. Түрік тілі сөздігінің 2010 жылғы басылымындағы жалпы сөз саны 111 027. Бұл сөздердің 14507-сі кірме сөздер, шет тілден енген сөздердің қай тілден алынғаны былайша көрсетілген<sup>11</sup>: француз: 4974, итальян: 632, ағылшын: 538, грек: 399,

---

<sup>10</sup>Австриялық шығыстанушы доктор Х.Ф.Квергич ұсынған бұл теорияның негізі араб және француз сөздерін түрік тілінің түбір сөздері арқылы түсіндіруге болады деген дәлел<sup>12</sup>. Осы тұрғыда ағылшынша *God*, немісше *Gott* (баламасы *Tü. kut*) және т.б., түрік тіліндегі лексикалық сөздердің *silindir*, *geometri*, *Anglosakson*, *rota* т.б. жүздеген сөздердің негізі түрік тілі болғанын дәлелдейтін кітаптар жазылды, бұл теория университеттерде оқытылды, тіпті студенттер арасында жарыстар өткізілді (Eker 2007).

<sup>11</sup>Türk Dil Kurumu, Türkçe Sözlük 10 басылым, Ankara, 2005

латын: 147, неміс: 85, орыс: 40, испан: 36. Бұл өлшемге терминдер саны кірмейді. Түрік тілі қауымдастығы 1949 жылы жарық көрген «Биология терминдерінен» (“Dirilbilim (Biyoloji) Terimleri”) бастап қазірге дейін ғылымның әртүрлі салаларына арналған 74 терминологиялық сөздік шығарды (<https://sozluk.gov.tr>). Түркия ғылым академиясы (TÜBA) және т.б. көптеген ресми және бейресми мекемелер мен ұйымдар, тіпті жеке адамдар батыс немесе басқа шет тілдерінен енген кірме сөздерге балама тауып көптеген терминдік сөздіктер жариялаған.

### **3. Батыс тілдерінен енген терминдердің тілдік құрылымы мен жіктелуі**

Кез келген тілдегі сөздің жасалу жолдары мен терминдердің жасалу жолдары бірдей болып келеді. Төменде Батыс тілдерінен енген кірме термин сөздердің түрік тіліне ену жолдары және олар туралы қысқаша түсініктемелер мен мысалдар көрсетілген.

#### **3.1. Кірме сөздер**

Кірме сөздер, қысқаша бір тілден екінші бір тілге енген сөздер. Бұл сөздер кірме сөздер деп аталады. Кірме сөздерді қабылдау фонологиялық және грамматикалық деңгейде де жасалады (Hartmann & Stork 1972: 133). Йохансон «кірме сөз» терминінің орына (түрік тілінде *ödüncleme*, *alınma* (kelime), *alıntı* (kelime) және т.б.) кодтық көшіру, немесе қысқаша көшіру терминін қолданғанды жөн көреді. Себебі, Йохансон бойынша басқа тілден енген сөздегі бастапқы элемент өз қалпын сақтайды<sup>12</sup>.

Шетел тілінен енген сөздердің емлесі бүгінгі таңда түрік тілінің емле жүйесінің күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Терминдерді бөлек немесе іргелес жазудың емлесі, бас әріппен жазу және т.б. емле ережелері әртүрлі. Негізінен батыс тілдерінен енген терминдердің көпшілігі түрік тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес айтылуына қарай жазылады: француз терминдерінің түрік тіліне ену мерзімі ағылшын терминдерінен әлдеқайда ерте болғандықтан, бұл тілден енген кірме сөздер негізінен түрік тілінің жазу жүйесіне негізделген. ХХ ғасырдың бірінші жартысында ағылшын тілінен енген сөздер/терминдер де түрік тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес жазылады.

Әсіресе, соңғы бір-екі онжылдықта желілік технологияның тара-

<sup>12</sup>Йохансон «енгізу үшін қажетті морфосинтаксистік негізді қамтамасыз ететін ана тіліне шетел кодтарының көшірмелерін енгізу» деп көшіруге қысқаша анықтама беріп, оны жалпы көшіру және таңдамалы көшіру деп екіге бөледі. *Жалпы көшірмелер* – шетелдік код бірлігінің тілге өзгеріссіз көшірмесі. *Ал таңдамалы көшірмелер* толықтай емес мағына, тіркес, жиілік сияқты құрылымдық белгілердің бірінің көшірмесі болып табылады. Йохансон екі түр көшірменің бірлікте көрінісін аралас көшірме деп атайды. Аралас көшірмелер - шетелдік және отандық элементтермен жасалған құрылымдар (1998).

луымен информатика терминдері барлық күш-жігерге қарамастан түпнұсқа түрінде көшіріле бастады: *auto-showw, blue-tooth, casus belli, de-jure, de-facto, e-mail, fast-food, know-how, off-shore, off-road, piercing, save (etmek), speaker, wireless, wi-fi. Apple, Blackberry, Coca Cola, Google, IBM, iPhone, LG, Nike, Reebok, Sony, Spotify, Skype, Starbucks, Yahoo, Zoom* және т.б. шетелдік бренд атауларының емлесі, кейде олардың ағылшын тілінде айтылуы немесе ағылшынша аббревиатуралардың айтылуы да бұл процесті тездетуде. Шет тілін оқытуда француз тілінің бірте-бірте сұранысының азаюы мен ағылшын тілін оқуға деген сұраныстың көбеюі, осылайша халықтың ағылшын тілі сөздерін көптеп білу де бұл үдеріске өз үлесін тигізді<sup>13</sup>. Бұл үдеріс Османлы түрік дәуірін еске түсіреді. Османлы түрік тілі дәуірінде араб, парсы сөздерінің емлесін сақтау орын алып, ана түрік сөздерінің жазылуы бір жүйелілікке келмеген еді.

Кейбір терминдердің жазылуында екі форма да, атап айтқанда ағылшын тіліндегі емлесі мен түрік тіліне бейімделген емле бірге жазылады. Тіпті бұл жағдайдың түрік тілін реттеуші ресми ұйым болып табылатын Түрік тіл қауымдастығының емле нұсқаулығында да кездесетіні көңіл аударарлық жайт.

Ағ. *by-pass* > Түр. *by-pass* ~ *baypas* ~ 1. *köprüleme* 2. *devre dışı* (1. көпір салу 2. істен шыққан)

Ағ. *check-up* > Түр. *check-up* ~ *TT tam bakım* (толық тексеру)

Ағ. *on-line* > Түр. *on-line* ~ *çevrim içi* (онлайн)

Шетелдік терминдер мен олардың түрікше баламалары осындай жағдайда болған кезде жергілікті термин дағдарысы туындайды. Мысалы ағ. *Show* сөзі Орфографиялық нұсқаулықта тек қана *şov* деп жазылса да бейресми жағдайларда *Show* деп жазылады, көрсетілім мағынасын береді.

### 3.2. Калька<sup>14</sup>

Фр. *opinion publique* > Осм. *efkār-ı 'umūtiye* > Түр. *kamıyoıu* (қоғамдық пікір)

Фр. *ide-fix* > Осм. *fıkr-i sabit* > Түр. *sabit fikir* ~ *saplantı* (бекітілген пікір)

Ағ. *summit conference* > Түр. *zirve toplantısı* (саммит отырысы)

<sup>13</sup>Бірдей терминдердің ағылшынша және французша айтылуы және/немесе жазылуы да *indeks-endeks; internasyonal-enternasyonal, Internet-Enternet* және т.б. мысалдардағыдай болып келеді. Кейде ағылшын және француз терминдері арасында 'indeks' кітап басып шығару, 'endeks' қор нарығы терминін білдіреді.

<sup>14</sup>Калька әдісін қолдана отырып термин жасау көне түрік жазуларында да кездеседі. Ұйғыр дәуіріндегі *biligsiz bilig* (баламасы *Skř. akidyā*) 'bilmemeklik', *at oñ* (б. *Sans. nāma-rupa*) 'ad ve biçim', *bilig köñül* (б. *Sans. viyñāna*) 'akıl, mantık', *tegin-* (б. *Sans. vedanā*) 'hissetmek' және т.б. алуан мөлшерде калька қолданылды (Caferoğlu 1984: 158)

Ағ. *behaviour sciences* > Түр. *davranış bilimleri* (мінез-құлық туралы ғылымдар)

Ағ. *online* > Түр. *online* ~ *çevrimiçi vb.* (онлайн)

Қазіргі ғылым, өнер және т.б. салалардағы түрік тілінің терминдерінің көпшілігі француз/ағылшын тілінен немесе Османлы түрікшесі арқылы калька жолымен енгені анық.

### 3.3. Аналогия

Түрік тілінің терминдері арасында белгілі бір кезеңге сәйкес шет тілдердегі сөздерге дыбыстық жағынан ұқсас жасалған терминдер бар<sup>15</sup>.

Фр. *école* = Түр. *okul*; Фр. = Түр. *egemen*; Фр. *image* = Түр. *imge*; Фр. *tangent* = Түр. *teğet*; Фр. *bulletin* = Түр. *belleten*; Фр. *(matri) arcal* = Түр. *(ana) erkil*; Фр. *(patri) arcal* = Түр. *(ata) erkil* және т.б.

Жоғарыда көрсетілген мысалдарға ұқсас әскери терминдерге де қатысты аналогтар бар:

Фр. *général* = Түр. *genel* Фр. *colonne* = Осм., *kol* Фр. *(officier) aspirant* = Түр. *asubay*; Фр. *commande* = Осм., *(kumanda ~)* Түр. *komuta*, Фр. *corps d'armée* = Осм., *kolordu* (< *kol* + *ordu*), Түр. *kolordu*, Фр. *ordonance* = Түр. *ordonat* (< *ordu* + *donatım*) Фр. *commandant* = Осм., *(kumandan ~)*, Түр. *komutan* және т.б.

### 3.4. Жаңа мағына беру

Батыстан келген ұғымдарға араб тілінен енген сөздерді қолдана отырып жаңа мағына беру – термин жасаудың тағы бір жолы. Намык Кемал әдебиеті мен ой-толғаулары арқылы арабтың отан, ұлт (*vatan, millet*) және т.б. сөздерге беретін жаңа мағыналары осы кезеңге тән мысалдар. Тақырыпқа қатысты Гөзлердің анықтамалары маңызды. *Gözler*; Алғаш рет Барон Оттокар вон Шлехта-Вссердтің (*Baron Ottokar von Schlechta-Wssehrd*) жоғарыда аталған еңбегінде арабша *hak* (< *hkk*) сөзінің көптік формасындағы *hukuk* сөзіне француздың *droit* терминінің «байланыстырушы жиынтық» мағынасын берген. Оның айтуынша, егер бұлай жасалмаса, бұл термин бүгінде француз тілінен шыққан *diruva* термині ретінде '*hukuk*' үшін қолданылуы мүмкін еді (2019). Батыс тілдерінен енген сөздердің процесс ішінде мағыналық өзгерістерге ұшырағаны да назар аударарлық<sup>16</sup>.

<sup>15</sup>Осм. *cümle* = *tümce*; Осм. *bu'ud* = *boyut*; Осм. *nefer* = *er*; Осм. *efrat* = *erat* (< *er* + *at*)

<sup>16</sup>Мысалы *parlamento* «Kamus-1 Türki»-де «келіссөз және пікірталас орны» ретінде анықталғанымен, қазіргі түрік тілінде «жиналыс». Француз тіліндегі *télescope* сөзіне балама ретінде «Kamus-1 Türki»-де *dürbün* қолданылса, қазіргі түрік тіліндегі мағынасы мүлдем басқа. Шемсеттин Шаמידің түрік тілінің сөздігінде «Kamus-1 Türki»-де 'теміржол вагондарының пойызы' ('*demir yolu arabaları katarı*') француз тілінен енген *tren* сөзіне қажеттіліктің болмауы, 'Katar сөзі тұрғанда тілімізге мүлдем жат шетел сөзіне не қажеттілік бар?' деп көрсетсе де, 'теміржол вагондарының пойызы' ұзын анықтамасын қысқа *tren* сөзі оңайшылықпен басты.

Түрік тілі модернизациясының кемінде екі ғасырлық тарихында батыс тілдеріндегі номенклатураларға балама табу және тіл ерекшелігіне қарай бейімдеу айтарлықтай дамығанымен жеткілікті және жемісті нәтижеге қол жеткізілмеді. Мұнда Танзимат дәуірінің және Османлы империясының құндылықтарына байланысты он мыңдаған терминдер араб және парсы сөздері мен құрылымдарымен жасалды. Ал Республикалық кезеңде Тіл реформасы арқылы заң сияқты шектеулі бір-екі саланың және осы уақытқа дейін жеткен Танзимат кезеңінен келе жатқан терминдерді қоспағанда батыс тілдерінен алынған терминдерге таза түрік тілінде баламаларын табу процесі нөлден басталған еді .

Бүгінгі күні мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, жеке және заңды мекемелер мен ұйымдар тарапынан француз және ағылшын терминдерінің түрік тіліндегі баламаларын табу және жасау процесі жүйесіз түрде жалғасып жатқанымен, қанша жетістікке жеткені белгісіз. Батыс тілдерінен түрік тіліне енген терминдердің түрікше баламаларын жасауда араб және парсы терминдеріне балама табудағы табандылық жоқ.

Екінші жағынан, термин жасауда және терминологиялық бірізділіктің Еуропалық Одақ және т.б. ұйымдардағыдай Түркі әлемінің де бір стандартты ұстануы бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі. Дегенмен, әр елдің өз тілдік қорынан өз терминологиясын жасауға талпынысы Түркі әлемін тілдік жағынан бір-бірінен алшақтатады. Терминологиялық бірізділік және терминологиялық стандарттардың Түркі әлемінің сарапшылары арқылы қолға алынатыны және әлеммен интеграцияланатын халықаралық ресми мекемелердің құрылуы керек екені даусыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Arrigoni, Emillio (1974). Türkçe Üzerinde Grekçe Tesirinin Tarzları ve Sınırları ile Bazı Az Malum ve Müphem Etimolojik Hususlar Hakkında Görüşler. Güneydoğu Avrupa Araştırmaları Dergisi. s. 467-492.
2. Caferoğlu, Ahmet (1984). Türk Dili Tarihi-1-2. İstanbul: Enderun Kitabevi.
3. Eker, Süer (2021). Çağdaş Türk Dili. Ankara: Grafiker Yayınları.
4. Eker, Süer (2021). Modernleşme Sürecinde Türkiye’de Terimbilim Çalışmalarına Genel Bir Bakış. Altayistik and Turkology: Astana: Turkic Academy. 68-96.
5. Eker, Süer (2007), Türk Dil Bilimi Bakımından Tarihi Askeri Terminoloji Modern Dönemde Rütbe ve Birlik Adları. Ankara: Grafiker Yayınları.



6. Eker, Süer (2006), "Kutadgu Bilig'de (teñri 'azze ve celle ögdisin ayur) Türkçe İslami Terimlerin Kaynakları Üzerine. Bilig. S. 38, s.103-122.
7. Feza Günergun (2003). Ondokuzuncu Yüzyıl Türkiye'sinde Kimyada Adlandırma. Osmanlı Bilimi Araştırmaları. V/1, 1-43.
8. Hartmann, R. R. K. & Stork, F. C. (1972). Dictionary of language and linguistics. New York: John Wiley & Sons.
9. Johanson, L. (1998). Code-copying in Irano-Turkic. Language Sciences. 20. 325-337.
10. Levend, Agah Sırrı (1960). Türk Dilinde Gelişme ve Sadeleşme Evreleri. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları.
11. Marcel, Erdal (1991). Word Formation in Old Turkic I, II. Wiesbaden: Otto Harrasowitz
12. Salim, Meryem (2019). XV. Yüzyıla Ait İki Eserde Geçen Balkan ve Batı Kökenli Sözcükler.Balkanistik, 2019, s. 1-16.
13. Şemseddin Sami (1317)., Kamus-ı Türki, Dersaadet: İkdam Matbaası, s. 400
14. Velidedeoğlu, H. V. (1972). 1961 Anayasasının Dili. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 24.
15. Gözler, Kemal, "'Hukuk' Kelimesi Kaç yaşında? Etimoloji Bize Ne Söyler?" [www.anayasa.gen.tr/hukuk-kac-yasinda.htm](http://www.anayasa.gen.tr/hukuk-kac-yasinda.htm) (Yayın Tarihi: 31 Temmuz 2019).
16. <https://sozluk.gov.tr>

*Керімсал Жұбатқанов,  
Қазақ-Орыс Халықаралық Университетінің доценті,  
тарих ғылымының кандидаты*

## **АНА ТІЛІНДЕ ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНОЛОГИЯМЕН АЙНАЛЫСҚАН ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ**

Халел Досмұхамедұлы – қазақ қоғам қайраткері және этнограф, жазушы, тарихшы, зерттеуші, ағартушы. Оның қазақстандық медицинаға қосқан үлесі өте зор.

Халел Досмұхамедұлы Орал әскери орта мектептің аяқталғаннан кейін, 1903 жылы Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясына оқуға барады. Алты жыл ішінде ол дүниетанымын дамытты және өз болашақ өмірін таңдады. 1909 жылы Досмұхамедұлы алтын медальмен бұл жоғары оқу орын бітірген соң, ол Пермь. сосын Орал орыс-қазақ әскери батальонында әскери дәрігер ретінде жұмыс істей бастады.

Әскери қызметте жүргенде Х.Досмұхамедұлы қазақ халқына көптеген медициналық көмек қажет екенін түсінеді. Қарапайым халық алдын алу шараларын білмегендіктен көптеген жұқпалы аурулардан қайтыс болады. Оба – ХХ ғасырдың басындағы қазақ халқының ең басты қайғы-қасіреті. Ол табысты және уақтылы жергілікті халыққа медициналық көмек көрсетуге және аурулар мен індеттердің алдын алу үшін қажетті техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізу үшін әскери қызметтен кетуге рұқсат сұрайды.

1913 жылы Халел Досмұхамедұлы әскери қызметтен кетеді. Сол жылы Орал облысының Темір ауданында дәрігер болып жұмыс істей бастайды. 1920 жылға дейін ол эпидемиямен күресте белсенді жұмыс істеді.

1915 жылы Қазақстанның бірнеше облыстарында, әсіресе, батыста оба індеті басталды. Халел Досмұхамедұлы осы қауіпті аурумен күресуге үлкен үлес қосты. Ол оба және басқа да жұқпалы аурулар туралы, денсаулық сақтау және дәрі-дәрмек туралы бірқатар ғылыми мақалалар жазды.

Ол «Қазақ» газеті және басқа басылымдарда қарапайым, қолжетімді тілде әрбір ауруға, терапия және алдын алу іс-шараларын сипатын түсіндірді, жұқпалы ауруларды емдеу туралы мақалалар жазды.

Досмұхамедов өз медицина-ғылыми мақалаларында емдеу әдістері, қазақ және орыс тілдерінде ұсынған: әр аурудың сипаттамаларын, емдеу әдістерін сипаттады, түрлі алдын алу шараларын ұсынды.

1920 жылы Халел Досмұхамедұлы Орталық Азия Университетінің Медицина факультетінде жұмыс жасайды, сонымен қатар Ташкенттегі Қазақ мұғалімдер институтында оқытушы және мектептің денсаулық сақтау қызметкері ретінде жұмыс істейді. Қазақстан басқару жөніндегі әскери революциялық комиссияның мүшесі болған. 1921 жылы Қазақ республикалық комиссиясында жұмыс атқарған. Ол қазақ халқының педагогикалық жұмысына қатысты. Халел Досмұхамедұлының басшылығымен және тікелей қатысуымен қазақ мектептері үшін бір-қатар оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жасалды. Мектеп бағдарламалары жасалды, ғылыми әдіснама құрылды. Өзі жаратылыстану және педагогика саласында жұмыс жасады.

1922 жылдан бастап Досмұхамедұлы Түркістан территориясының Халық денсаулығы Комиссариатында белсенді жұмыс істейді, оба індетіне қарсы күрес жөніндегі орталық комиссияны басқарады, Қазақ КСР Халық комиссариатында медициналық-санитарлық-эпидемиологиялық жұмыстарды жүргізеді.

Денсаулық сақтау Халық Комиссариатында жұмыс істеген кезде ол қазақстандық медицина кадрларын даярлауға ерекше назар аударады. 1925 жылы Халел Досмұхамедұлы Қазақ мемлекеттік баспаханасының Шығыс бөлімшесінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1926 жылы Орталық Азиядағы (Түркістан) Қазақстан Республикасының өкілі болып қызмет атқарады.

1926 жылы Орталық аймақтық институтқа енгізілген бірінші санатты ғалым ретінде аттестациядан өтеді. Сонымен қатар мемлекеттік баспа үйінің ғылыми-редакциялық бөлімін басқарады. Сондай-ақ, 1926 жылы Халық комиссариаты Жоғары педагогикалық институтының орынбасары, ректоры болып тағайындалды және педагогика курсы оқыды.

Арнайы комиссияның шешіміне сәйкес педагогика кафедрасының доценті атағы беріледі. Халел Досмұхамедұлы өзінің ана тілінде медицина және жаратылыстану бойынша оқулықтар мен танымал ғылыми кітаптар жазады: *«Омыртқалы жануарлар туралы» (1927 ж.)*, *«Ғылыми терминология туралы есеп» (1922)*, *«Оба аурумен қалай күресуге болады» (1924)* және т.б.

Қазіргі уақытта Досмұхамедұлының қазақ тіліндегі ғылыми терминология туралы ойлары өте маңызды. «Жануарлар» кітабында ол былай деп жазды: *«Осы уақытқа дейін тіл құрылымы туралы кітабынан басқа, Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі ғылым туралы кітаптары жоқ, өйткені бізде ғылыми кітаптар жазу мүмкіндігі болмады. Қазір қазақ тілін ғылыми ұғымдармен таныстыру өте қажет. Ғылыми әдебиеттерді өз ана тіліне аударғанда ең бастысы ғылымда қолданылатын терминдерді дұрыс және нақты аудару. Ғылым тілінде қазақ тілінде қолданылатын терминдердің адал, қол жетімді аудармасы өте қиын жұмыс. Дегенмен, мұндай эквиваленттердің іріктеуі өте қиын, қазіргі уақытта бұл өте қажет, өйткені ол барлық даму жолын көрсетеді»* [1, 309].

Сондықтан, қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми кітаптарды басып шығарғанда, менің ойымша, әдемі, мәнерлі сипаттама жасаудан гөрі терминдердің жақсы эквиваленттерін беру маңызды.

1927 жылдың наурызында Қазақ мемлекеттік университетінің проректоры болып тағайындалды. Ол Қазақ мемлекеттік университетінің үш факультеті мен оқу бағдарламаларын құруға арналған ұйымдастыру жоспарын дайындайды. 1928 жылдың шілде-қазан айларында Қазақ мемлекеттік университетінің проректоры болды. 1930 жылы Халел Досмұхамедұлы ҚазМУ-дың профессоры, Ғылым академиясының жергілікті тарих Орталық бюросының корреспондент-мүшесі, Қазақ ғылыми қоғамының мүшесі болып сайланды.

Сталиннің қуғын-сүргін саясаты Халел Досмұхамедұлына да жетеді. Ол Воронежге жеті жылға жер аударылады, сонда Воронеж гигиена және әлеуметтік денсаулық институтының бөлім меңгерушісі қызметін атқарады.

1938 жылдың маусым айында ол қайтадан қамауға алынады. 1939 жылдың сәуірінде Халел Досмұхамедұлы қайтыс болады. 1958 жылдың 28 қаңтарында Қазақ ССР Жоғарғы Соты Халел Досмұхамедұлын сталиндік Фемидасының құрбаны болғанын мойындап, оны ақтайды.

Халел Досмұхамедұлы алғаш рет қазақ тіліндегі ғылыми терминологиямен айналысқан отандық ғалым. Бұл салада ол қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар: *«Табиғат ғылымы»*, *«Жануарлар»* (1925), *«Адам денесі»*, *«Оқушылар денсаулығы»* (1925), *«Зоология»* (1926) жазды. Досмұхамедұлы қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосты. Фонетикалық заңдар *«Сингармонизм заңы қазақ тілінде»* ғылыми-

зерттеу жұмысын жазған (1924). «Қазақ халқының арасындағы оба туралы қалай күресуге болады» (1918-24) кітабын жариялады, сонымен қатар «Шернияз шешен» (1925), «Көкілташ медресесінің Бұхарада қалай құрастырылғаны туралы аңыз» (1927) және т.б.

Қазақ фольклорының теориялық мәселелеріне арналған «Қазақ халқының ауызша әдебиеті» атты эссе шығарған. Ол «Мұрат-ақындар сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1928) қазақ ауызша халық шығармаларының жинақтарын шығарды.

1993 жылғы 30 шілдеде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Халел Досмұхамедұлын еске алу туралы» №661 қаулысы қабылданды. Мемориалдық тақталар орнатылды. Досмұхамедовтың ғылыми еңбектерінің екі томы жарыққа шықты. Атырау және Алматы қалаларының көшелері мен мектептеріне, Атырау мемлекеттік университетіне Халел Досмұхамедовтің аты берілді.

**Пайдаланылған әдебиет:**

1. Досмұхамедұлы Х. Еңбектері: Үшінші том. Жануарлар/Құраст. проф. Ғ.Әнес. - Алматы: Арыс, 2017

Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлының «Қазақ терминологиясы» зерттеулер, оқулық, сөздік кітабынан өткен санымызда берілген терминжасам тәжірибесін жалғастырамыз. («Қазақ терминологиясы» кітабының 454-465 беттерінен)

## **ӨТКЕННЕН ЖЕТКЕН ТЕРМИНЖАСАМ ТӘЖІРИБЕСІ**

1930 жылдарға дейінгі терминқор қалыптастыру үрдісінің өзіндік ерекшелігін айқындап, қазақ тіліндегі термин шығармашылығының бағытын бағамдап, терминжасам тәжірибесіне үңілу үшін сол кезеңде жасалған терминдермен танысуға тура келеді. Төменде аталған кезеңде түрлі газеттер арқылы жұртшылық талқысына ұсынылған және Қазақстан Оқу комиссариатының білім секциясы бекіткен пән сөздері беріліп отыр. Бұл атаулардың арасынан сұрыптап алып, пайдалануға болатын сәтті терминдерді бүгін де табуға болады деп білеміз.

### **ҚАЗАҒЫСТАН ОҚУ ЕМЕСЕРЕТІНІҢ БІЛІМ СЕКСИЯСЫ АЛҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ**

Жер көркі	Ландшафт
Күн әулеті	Солнечная система
Сортаң	Солонцовая почва
Кесте	Таблица
Рейнділік	Сообразительность
Әдебиет	Словеность
Тал ұлпа	Волокнистая ткань
Желім тал	Клейдающее волокно
Серпімді тал	Эластическое или упругое волокно
Тарамыс	Сухожилие
Сіңір	Связки
Тал	Волокно
Шандыр	Фасция
Босаң ұлпа	Рыхлая ткань
Тығыз ұлпа	Плотная ткань

Май ұлпа	Жировая ткань
Лемпі ұлпа	Сетчатая или лимфоидная или аденоидная
Жылтыр шеміршек	Стекловидный хрящ
Тор шеміршек	Сетчатый хрящ
Сүйек тақташысы	Костная пластинка
Қатты сүйек	Плотное или компактное вещество
Кемік сүйек	Губчатое вещество
Белдік	Перекладина
Каберіс оңғылы	Каверсов канал
Қан-шел	Кровяная плазма
Шел	Плазма
Бітік	Зародыш
Епідерміс	Эпидермис
Бұр	Сосочки
Сезім бұдыры	Осязательное тельцо
Тербез	Потовая железа
Түк бүрі	Волосной сосочек
Түк баданасы	Волосная луковица
Тырнақ түбі	Ногтевая луночка
Май	Подкожная жировая клетчатка
Бояушы	Пигмент
Бітік	Зародыш
Сүйек	Скелет
Асейін	Оссеин
Жілік, жіліншік	Длинные трубчатые кости
Жалпақ сүйек, қалай сүйек	Плоские кости
Келте сүйек	Короткие кости
Сүйек өңі	Надкостница
Сүйектендіргіш	Костеобразователь
Жілік майы	Костный мозг
Сүйек байланысы	Соединение костей
Қиын	Шов

Тұтасу	Срощение
БуынБуын қабы	Сустав
Топшы	Суставная сумка
Буын суы	Плечевой сустав
Бүгу	Синовиальная жидкость
Жазу	Сгибание
Омыртқа	Разгибание
Мойын омыртқа	Позвонок
Ұзын омыртқа	Позвонок шейный
Бел омыртқа	грудной
Құйымшақ	поясничный
Сегіз көз (жая)	Крестец и копчик вместе
Құйыршық	Крестец
Жота	Копчик
Ауыз омыртқа	Позвоночный столб
Тісті омыртқа	Аталнт
Омыртқаның басы	Опистрофей
Сағасы	Тело пазвонка
Ұңғысы	Дуга
Сабағы, қанаты	Отверстие
Омыртқа қанаты	Отросток
Омыртқа сабағы	Поперечный отросток позвонка
Жота қуысы	Остистый отросток
Ойық	Опинно-мозговой канал
Солақ	Вырезка глубокая
Блезік сүйек	Тупая
Бақалшақ	Запястие
Саусақ, бармақ	Пястие
Саусақ сүйек	Палец
Бөксе	Фаленга
Жамбас	Тазовой пояс или таз
Жамбас шұқыры	Безымянная кость (тазовая кость)
Жамбас тесігі	Вертлужная впадина



Шат сүйек	Запирательное отверстие
Мықын сүйек	Лобковая кость
Бөксе аңғалы	Подвздошная кость
Шат қуысы	Большой таз
Мүйіс	Малый таз
Ортақ жілік	Мыс
Астық жілік	Бедряная кость
Шыбық	Большая берцовая кость
Тобық	Малая берцовая кость
Без	Коленная чашка
Ұялы без	Железа
Езу	Аловеолярная железа
Ерін	Угол рта
Қабырға	Губа
Төс сүйек	Ребро
Сүріншек	Грудина
Қызыл асық	Рукоятка
Табан	Лодыжка
Тілерсек	Стопа
Асық	Кости предплюсны
Өкше сүйек (толарсақ)	Таранная кость
Қобы сүйек	Пяточная кость
Тікше сүйек	Ладиеобразная кость
Бақалшақ	Клиновидная кость
Башай	Плюсневая кость
Ішкі сарай	Пальцы
Көкірек	Внутренность
Құрсақ	Полость груди или грудная клетка
Ет қабық	Полость живота
Қалта қабық	Мышечная оболочка
Түтікше без	Серозная оболочка
Өріп	Трубчатая железа

Ауыз	Выводной проток
Ауыздың іші	Ротовое отверстие
Қара қабырға	Ротовая полость
Сүбе қабырға	Истинное ребро
Төс сүйек	Подвижное ребро
Төс күрекшесі	Грудина Мечевидный отросток
Бас сүйек	Череп
Шүйде	Затылочная кость
Бастың табан сүйегі	Основная или клиновидная кость
Кеуілжір	Решетчатая кость
Мандай сүйек	Лобная кость
Самай сүйек	Височная кость
Бет сүйек	Скуловая кость
Шеке сүйек	Теменная кость
Үскі жақ	Верхняя челюсть
Таңдай сүйек	Небная кость
Қаңырық	Слезная кость
Кеңсірік	Носовая кость
Өре сүйек	Нижняя носовая раковина
Алдыңғы аша	Передний рог
Артқы аша	Задний рог
Желбезек	Сошник
Жақ	Нажная челюсть
Иек	Подбородок
Тиек сүйек	Подязычная кость
Көз шарасы, көз ұясы	Глазница
Төбе	Макушка
Еңбек	Родничек
Жаурын	Лопатка
Бұғана	Ключица
Тоқбақ жілік	Плечувая кость
Садақ	Локтевая кость
Кәрі жілік	Лучевфя кость

Шынтақ	Локтевой отросток
Қол басы	Кисть
Жүйке тұтқасы	Нервный центр
Жұлын	Спинной мазг
Жүйке түбірі	Корешок нерва
Жүйке ұшы	Концовая нить
Ат құйрық	Конский хвост
Ми	Головной мозг
Сопақ (ұзынша) ми	Продолговатый мозг
Ми қалта	Мозговой желудочек
Ми сыңары	Полушарие мозга
Мишық	Мозжечек
Барел көпірі	Мозговой мост (Варолиев
Төрт төбе	Четыреххолмие
Жарық бүршігі	Зрительный бугор
Селбе су ағары	Сильвиев водопровод
Жан қалта	Боковой желудочек
Сай	Борозда
Ирім	Извилина
Иіс жүйкесі	Обонятельный нерв
Жарық жүйкесі	Зрительный нерв
Көз қозғар жүйке	Глазодвигательный нерв

### ҚАЗАҒЫСТАН ОҚУ КЕМЕСЕРИЕТІНІҢ БІЛІМ СЕКЦИЕСІ АЛҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ

Әкімшілікті атқармау	Бездействие власти
Без шошу	Бубон
Талау рату	Воспаление
Тыныс, дем жолдарының талауартуы	Воспаление дыхательных путей
Бүйен талау ратуы	Воспаление слопой кишки
Сарсу	Водянка
Жіңішке ауру	Венерическая облезнь

Мылқаулық	Глухонемота
Жарық	Грыжа
Талау	Грабеж
Ескілік	Давность
Ыспат қағаз	Документ
Ішек-қарын талауратуы	Желудочно кишечный катарр
Қорғаушы	Защитник
Білетұра	Заведомо
Істеуші	Исполнитель (покушения)
Гүштеу	Изнасилование
Оңашалау	Изоляция
Көз ауруы	Конъюнктивит
Жіңішке аурудың Қазағыстандық Дыспансыры	Краевой показательный венериче- ский диспансер
Пайда ортақтық	Комиссионный
Жала	Клевета
Дүние қорлық	Корысть
Әлеумет қорғау шарасы	Мера социальной защиты
Жас бала	Малолетний
Алдау	Мошенничество
Жаза	Наказание
Жас толмаған	Несовершеннолетний
Шарасыздан қорғану	Необходимая оборона
Салық	Налог
Кесіп салдарынан улану	Профессиональное отправление
Туысынан бар кесел	Пороки врожденные
Жүре болған кесел	Приобретенные
Шап	Пах
Пареліш	Паралич
Үдеме пареліш	Прогрессивный паралич
Ер жету, бой жету	Половая зрелость
Қылмыс	Преступление
Заң сана	Правосозанание

Оқтану	Покушение
Азғырушы	Подстрекатель
Көмекші	Пособник
Үкім	Приговор
Жол, пұрсат	Право
Жолын тарылту	Поражение прав
Кепіл	Поручитель
Меншіктеу	Присвоение
Қолдан жасау, жасама	Подделка
Параға ұрындыру	Провокация взятки
Өкпе қабының талаурануы	Плеврит
Әлеуметке қауыпты	Общественно-опасное деяние
Әйгілі сөгіс	Общественное порицание
Міндеткерлік (қағаз)	Обязательство
Қамқор	Опекун
Бағу	Опекать
Қорлау	Оскорбление
Тіл тигізіп қорлау (тіл тигізу)	Оскорбление на словах
Қол тигізіп қорлау (қол тигізу) Заңның кері күші	Оскорбление действием
Заңның кері күші	Обратная сила закона
Билік	Решение
Шабу	Разбой
Өсімқорлық	Ростоващичество
Төңкерістік заң-тәртіп	Революционный право-порядок
Сарсық	Ревматизм
Жұмсап жіберу	Растрата
Соқырлық	Слепота
Мезгіл, кесімді уақыт	Срок
Жеңгелік	Сводничество
Ноғала (доғала)	Трахома
Құрт ауруы	Туберкулез
Әдейі (қастап)	Умышленно

Боямалау	Фальсификация
Улана беру	Хроническое отравление
Ескілікті, үйреншікті ауру	Хроническая болезнь
Бибастақтық	Хулиганство
Қояншық	Эпилепсия
Сарап	Экспертиза
Жара	Язва

**ҒЫЛЫМ ОРДАСЫНЫҢ ҚАЗАҚША ҒЫЛЫМ-ӘДЕБИЕТ КЕҢЕСІНДЕ  
ҚАБЫЛДАНЫП АЛЫНҒАН ПӘН СӨЗДЕР**

А	
Арнау	Обращение
Айшық	Строй
Әуезе	Эпос
Аңдату, таныстыру	Приступ
Әуезелеу	Повествование
Алптеме, суреттеме	Описание
Аймақ	Район
Ауу	Переселение
Ауғын	Переселенец
Айтыс	Прение
Арыз	Заявление
Айқас шағылысу	Перекрестное опыление
Ақы заңы (өзгертілген)	Гражданский кодекс
Ақын (Жіңішкерту белгісі)	Поэт
Үдету, өршіту	Усиление
Өлең шығару	Слихосложение
Өлең	Речь стихотворная
Рғақ	Ритм
Ес даналығы	Теоретическая философия
Іс даналығы	Практическая философия
Үйрету үңіті (өзгертілген)	Дидактика

Өмір баяны	Биография
Үстеу	Дотация
Өңдеу	Мелиорация
Отырықшылық	Оседлость
Үнем	Экономия
Есеп жүргізу	Бухгалтерия
Ескерту	Примечание
Орындау	Исполнение
Өңдеу	Редакция
Екпінді	Ударно
Үндеу	Боззвание
Үйлестіру	Свласование
Өзен саласы	Речная сичтема
От-тау	Рулкан
Астық бұлақ	Гейзер
Ойпат	Низменность
Ұшан-теңіз	Океан
Өзгергіштік	Изменчивость
Естиар	Дееспособный
Ескіру	Давность
Үй әктісінің өзгерісін тіркеу	Акт гражданского состояния
Есеп жоспары	Смета
Еріксіз төлеп алу	Реквизиция
Еріксіз тегін алу	Ковфискация
Абдыртпа кепілдік	Перезалог
Есеп	Счетоводство
<b>Б</b>	
Буын	Слог
Бунақ	Стопа
Бейне	Символ
Белгі	Эмблема
Берне, сипат, тұрпат	Образ

Бернелі сөз	Образная поэзия
Байымдама	Рассуждение
Бұйрық	Распоряжение
Бекіту	Утверждение
Бөлім	Отдел
Баяндау	Объявление
Байналау	Разъяснение
Білдіру	Сообщение
Батыс	Запад
Белдеу	Экватор
Будандау	Скрещивание
Бересілі	Должник
Бәбін	Одуванчик
Басқарма	Управление, правление
Басшылық	Руководство
Басқарушы	Управляющий
<b>П</b>	
Пәнді әліптеме	Научное описание
<b>Т</b>	
Тіл	Слог (Стиль)
Тіл әуезділігі	Благозвучие
Тіл қисыны	Стилистика
Толғау	Лирика
Тармақ	Стих
Толғаулы сөз	Лирическая поэзия
Тәрбиә үгіті (өзгертілген)	Педагогика
Тұрлау	Тезисы, положение
Тәртіп	Дорядок
Түзету, ашып айту	Оговорка
Толықтыру	Дополнение
Тасу құралы, көлік	Транспорт
Тығыз	Спешно
Тіл	Стрелка



Төбелік шеңбер	Полярный круг
Төбелік түн	Полярная ночь
Тарау, қос ерін	Рукав
Тана-қабық	Раковина
Тұңғиық	Лилия
Тұқымдану	Самоеплодоворение
Түр-түрі	Разновидность
Талап (өзгертілген)	Иск
Тексеру	Разбор
<b>Ж</b>	
Жалаң сөз, қара сөз	Проза прозаич, произв
Жәдету	Воспоминание
Жол әліптемесі	Путешествие
Жарлық	Приказ
Жарнама	Объявление
Жықбыл	Ущелье
Желдік	Флюгер
Жер шарасы	Полушарие
Жота	Хребет
Жүгері	Кукуруза
Жатыр	Дестик
Жол	Право
Жол айесі	Субект прав
Жолдық	Обект прав
Жариялап сату (өзгертілген)	Публичный торг
Жолдылық, жолы барлық	Правоспособность
Жарнақы сергектік	Акционерное общество
Жырық саға	Дельта
Жалқын	Лева
<b>Ш</b>	
Шумақ	Стропа
Шендестіру	Антитеза
Шұбыртпа	Период

Шежіре	Летопись
Шешен сөз	Ораторское слово
Шұқыр	Впадина
Шығыш	Восток
Шығанақ	Залив
Шағылысу	Опылени
Шаңдақтық	тыгинна
<b>Д</b>	
Дарынды сөз	Поэзия
Даналық (өзгертіліп)	Философия
Дерексіз даналық	Метафизика
Деректі даналық	Позитивная Ф
Дін жүйесі	Теология
Дәлел	Доказательство, аргумент
Декрет	Декрет
<b>З</b>	
Заман қат	Записки, мемуары
<b>С</b>	
Сауалдау	Вопрошение
Сөйлеу	Речь
Сәнді әліптеме	Художественное описание
Саясаттық шешен сөз	Политическая ораторская речь
Серттес	Контр-агент
Салық	Строение
Салық орнату жолы	Правозастройки
Салық қалдығы	Недоимка
Санақ	Статистика
<b>Қ</b>	
Қайырма	Повторение
Қара сөз	Речь вестихотворная
Қортынды	Вывод
Қошеметті сөз	Псхвальная речь
Қорда	Ресурсы

Қарыз	Заем
Қор	Фонд
Қызметкер саны	Штат
Қосымша	Приложение
Қатынас	Связь
Қайнар	Родник
Құлама	Водопад
Қолтық	Коса
Құм-төбе	Дюна
<b>К</b>	
Келте лебіз	Отрывистые речи
Көркем сөз	Художественное слово, Художеств. произв
Көперетіп (өзгертілген)	Кооператив
Кіріс-шығыс	Приходо-расход
Кенеге	Журнал
Күнбе күнгі істер	Текущие дела
Кеңесу	Совещание
Кезең	Горный проход
Күмбез	Небесный свод
Келіс	Сделка
Кепілдік	Залог
Кепілдік қағаз	Залоговый акт
<b>Л</b>	
Леп	Восклицание
Лебіз	Выражение
<b>М</b>	
Мінездеме	Характеристика
Мал дәрігерлігі	Ветеринария
Мөлшер	Размер
Мағана	Смысл
Меңгеру	Звездывание
Мерзімді, тығыз	Срочно

## МАЗМҰНЫ

### РЕСМИЕТ

Республикалық терминология комиссиясының шешімі.....3

### ТҰҢҒЫШ

**Ш. Құрманбайұлы.** Ахмет Байтұрсынұлы Қазақ терминологиясының негізін қалаушы.....76

**Ш. Жалмаханов.** Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы пән атауларының (терминдерінің) негізін салушы.....84

### КӨКЕЙКЕСТІ

**С. Құлманов.** Терминологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған стандарт мазмұнындағы лингвистикалық мәселелердің көрінісі.....96

**Б. Әбдуәлиұлы.** Қазақ тіліндегі халықтық географиялық терминдер және олардың даму бағыттары.....104

**С. Әлісжан.** Термин жасаудағы бір тәсіл жайында.....112

**Н. Шүленбаев.** Қазақ тілінің терминологиялық қорын жинақтау қандай деңгейде?.....117

**А. Баекеева.** Digital library басқару жүйесі негізінде терминологиялық база құрастыру тәжірибесі.....130

**О. Жұбаева, Қ. Айдарбек, Б. Жөнкешов.** Терминдерді тіл жүйесіне бағындыру керек.....136

### ТАЛҚЫ

**С. Исақова.** Терминологиялық база жасаудың халықаралық тәжірибелері.....146

### КӨЗҚАРАС

**С. Итеғұлова.** Тілдегі кірме терминдер: игерілу тәсілдері мен негізгі ұстанымдары.....154

**С.Екер.** Түрік тіліне батыс тілдерінен енген терминдердің тарихына шолу.....159

**К. Жұбатқанов.** Ана тілінде ғылыми терминологиямен айналысқан қазақ ғалымы.....170

### ТӘЖІРИБЕ

Өткеннен жеткен терминжасам тәжірибесі.....174

## **РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ**

Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығында  
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ш. Құрманбайұлы**  
Жауапты шығарушы **Қ. Есентаев**  
Корректор **М. Шіменбай**  
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған  
**С. Баубек**

### ***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Сығанақ көшесі, 43,  
Тел.: 8 (7172) 27-30-43  
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 05.11.2021 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 22.11.2021 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 15,3.